БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

1 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

ББББ атауы:7R01117«Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың»

Пән коды: R-НТВРКТ

Пәннің атауы: Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 34 кредит, 1020 сағат

Курс және оқу семестрі: 1 курс

Әзірлеуші кафедра ассистенті: Аблатаева Р.Б.

Кафедра меңгерушісі к.м.н доцент Сейдахметова А.А

Хаттама № 11 26 06 2025ж.

Хирургиялық және терапиялық бейіндегі емделушілерде қарқынды терапия

АБ-1

1 – нұсқа

№1.

Паспорттық бөлім: Науқас ер адам, 63 жаста, салмағы 85 кг, бойы 178 см, жедел түрде хирургиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, түскен кездегі клиникалық диагнозы: асқазанның ойық жарасының перфорациясы, жайылған іріңді перитонит, операциядан кейінгі ерте кезең. Анамнез morbi: науқас ауруханаға түскенге дейін шамамен 20 сағат бойы іштің қатты ауруына, бірнеше рет құсуға, әлсіздікке шағымданған, кеш жүгінген, қабылдау бөлімінде АҚҚ 90/55 мм сын.бағ., ЖСЖ 110/мин, терісі бозғылт, суық болған, зертханалық тексеруде лейкоцитоз және метаболикалық ацидоз анықталған, шұғыл түрде лапаротомия жасалған, операция барысында іш қуысынан көп мөлшерде іріңді экссудат алынған, асқазан қабырғасында 1 см перфорация анықталған, операция ұзақтығы 2 сағат 30 минут, шамамен 700 мл қан жоғалту тіркелген, операция кезінде 3000 мл кристаллоид ерітінділері құйылған, вазопрессорлар уақытша қолданылған. Операциядан кейін науқас интубацияланған күйде ЖИА-ға жеткізілген. Клиникалық көрініс: жалпы жағдайы өте ауыр, сана деңгейі медикаментозды седация фонында, терісі бозғылт, суық, аяқ-қолдары салқын, капиллярлық толу уақыты 5–6 секунд, дене температурасы 35,8°C. Тыныс алу жүйесі: өкпені жасанды желдету режимінде, FiO_2 0,5, PEEP 6 см су бағ., SpO_2 95%, өкпеде екі жақты әлсіз везикулярлы тыныс. Гемодинамика: АҚҚ 78/45 мм сын.бағ. (MAP 56), ЖСЖ 118/мин, орталық веналық қысым 10 см су бағ., диурез соңғы 2 сағатта 40 мл. Лабораториялық мәліметтер: Hb 92 г/л, лейкоциттер 18×10^9/л, тромбоциттер 130×10^9/л, лактат 5,4 ммоль/л, креатинин 168 мкмоль/л, билирубин 38 мкмоль/л, артериялық қан газы pH 7,24, BE –8, PaO_2/FiO_2 210.

Сұрақтар: 1) Бұл клиникалық жағдайда шоктың қандай патогенетикалық компоненттері бар? 2) Интенсивті терапияның алғашқы 6 сағатындағы негізгі мақсаттар қандай? 3) Инфузиялық терапия көлемі мен сапасын қандай деректерге сүйене отырып жоспарлайсыз? 4) Вазопрессорлық қолдауды бастау көрсеткіштері қандай? 5) Ерте кезеңде дамуы мүмкін органдық асқынуларды атаңыз.

№2.

Науқас әйел адам, 71 жаста, салмағы 62 кг, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға жеткізілген, негізгі диагнозы: өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, ауыр өршу, тыныс жеткіліксіздігі II–III дәрежелі. Анамнез morbi: соңғы 10–12 күн ішінде жөтел күшейген, қақырық көлемі артқан және іріңді сипат алған, ентігу біртіндеп үдеген, соңғы тәулікте үй жағдайында тыныштықта да ауа жетпеу сезімі пайда болған, бірнеше рет ингалятор қолданғанымен әсер болмаған, жедел жәрдеммен жеткізілген. Анамнез vitae: ӨСОА 15 жыл, темекі шегу стажы 40 жыл, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі II ФК, бірнеше рет госпитализацияланған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі – оглушение, сұрақтарға баяу жауап береді, тыныс алу жиілігі 34–36/мин, қосымша тыныс бұлшықеттері белсенді қатысады, SpO_2 бөлме ауасында 82%, оттегі 5 л/мин берілгенде 88%, өкпеде қатаң тыныс, экспираторлық сырылдар, кеуде қуысы эмфизематозды. Гемодинамика: АҚҚ 145/85 мм сын.бағ., ЖСЖ 104/мин. Артериялық қан газы: pH 7,28, $PaCO_2$ 68 мм сын.бағ., PaO_2 55 мм сын.бағ., HCO_3^- 32 ммоль/л, BE +5.

Сұрақтар: 1) Қышқыл-негіздік жағдайды толық сипаттаңыз. 2) Тыныс жеткіліксіздігінің патогенезі қандай? 3) Оттегі терапиясын жүргізудегі негізгі қауіп неде? 4) Инвазивті емес вентиляцияға көрсеткіштер қандай? 5) Интенсивті терапия барысында қандай параметрлерді міндетті түрде динамикалық бақылау қажет?

№3.

Науқас ер адам, 58 жаста, салмағы 90 кг, хирургиялық бөлімшеден ЖИА-ға ауыстырылған, түскен кездегі диагнозы: сол жақ балтырдың флегмонасы, операциядан кейінгі жағдай, сепсис. Анамнез morbi: 5 күн бұрын балтыр аймағындағы ұсақ жарақаттан кейін ісіну, ауырсыну, қызару пайда болған, үй жағдайында және амбулаториялық деңгейде ем алған, бірақ жағдайы нашарлап, қызба 39°C дейін көтерілген, қалтырау, әлсіздік, тәбеттің болмауы қосылған, хирургиялық өңдеу жүргізілгеннен кейін де гемодинамика тұрақсызданған. Анамнез vitae: 2 типті қант диабеті 12 жыл, гликемиялық бақылау жеткіліксіз, семіздік I дәрежелі, артериялық гипертензия. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі анық, бірақ әлсіз, терісі бозғылт, ылғалды, температурасы 39,1°C, тыныс алу жиілігі 28/мин, SpO_2 94%, АҚҚ 92/58 мм сын.бағ., ЖСЖ 116/мин, диурез 0,4 мл/кг/сағ, операция аймағында ісіну және серозды-іріңді бөлініс. Лабораториялық мәліметтер: глюкоза 18–20 ммоль/л, лейкоциттер 22×10^9/л, С-реактивті ақуыз жоғары, лактат 4,8 ммоль/л, креатинин 156 мкмоль/л, pH 7,30.
Сұрақтар: 1) Бұл жағдайда сепсис диагнозын қандай критерийлермен негіздейсіз? 2) Интенсивті терапияның алғашқы алгоритмі қандай? 3) Инфузиялық терапия мен инсулинотерапияны қалай үйлестіресіз? 4) Антибактериалды терапияны тағайындау принциптері қандай? 5) Көпмүшелік дисфункция дамуының ерте белгілерін атаңыз.

№4.
Науқас әйел адам, 66 жаста, салмағы 70 кг, бойы 165 см, жоспарлы түрде іш қуысына операция жасалғаннан кейін реанимация және интенсивті терапия бөлімінде ем алуда, негізгі диагнозы: тоқ ішектің ісігі, радикалды операциядан кейінгі жағдай. Анамнез morbi: операция көлемді, ұзақтығы 3 сағат 40 минут, операция барысында шамамен 800 мл қан жоғалту тіркелген, инфузиялық терапия ретінде 3500 мл кристаллоид және 500 мл коллоид құйылған, операция кезінде АҚҚ бірнеше рет 85/50 мм сын.бағ. дейін төмендеген, вазопрессорлар қысқа уақыт қолданылған. Операциядан кейін алғашқы 6 сағатта диурез қанағаттанарлық болған, кейін біртіндеп азайған. Анамнез vitae: артериялық гипертензия 20 жыл, созылмалы пиелонефрит анамнезде, бірнеше жыл бойы ауырсынуға байланысты НПВС қабылдаған, жасына байланысты бүйрек резерві төмен. Клиникалық көрініс: операциядан кейінгі екінші тәулікте жағдайы орташа ауырлықтадан ауырлыққа жақын, сана анық, бірақ әлсіздік, жүрек айну, ауыздың құрғауына шағымданады, терісі бозғылт, ісінулер жоқ, өкпеде везикулярлы тыныс, тыныс алу жиілігі 22–24/мин, SpO_2 96% бөлме ауасында. Гемодинамика: АҚҚ 110/70 мм сын.бағ., ЖСЖ 96/мин, орталық веналық қысым 7 см су бағ. Диурез соңғы 12 сағатта 200 мл, соңғы сағатта 10 мл ғана. Сұйықтық балансы оң, бірақ клиникалық гиперволемия белгілері жоқ. Лабораториялық мәліметтер: креатинин 310 мкмоль/л (операцияға дейін 110 мкмоль/л), мочевина 18 ммоль/л, калий 5,9 ммоль/л, натрий 132 ммоль/л, фосфор жоғарылаған, лактат 2,6 ммоль/л, артериялық қан газы pH 7,29, BE –6, зәр талдауында протеинурия және цилиндрурия. Ультрадыбыстық зерттеуде бүйректер көлемі аздап кішірейген, гидронефроз белгілері жоқ.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста жедел бүйрек жеткіліксіздігінің ықтимал патогенетикалық механизмдерін талдаңыз. 2) Пререналдық, реналдық және постреналдық себептерді қалай ажыратасыз? 3) Интенсивті терапияда сұйықтық балансын басқарудың нақты тактикасын сипаттаңыз. 4) Электролиттік бұзылыстарды түзетудің принциптері қандай? 5) Бүйрек алмастыру терапиясын бастау көрсеткіштерін толық атаңыз.

№5.
Науқас ер адам, 74 жаста, салмағы 68 кг, бойы 170 см, неврологиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, негізгі диагнозы: сол жақ ортаңғы ми артериясы бассейніндегі ишемиялық инсульт, жедел кезең. Анамнез morbi: 2 күн бұрын кенеттен сөйлеудің бұзылуы, оң жақ аяқ-қолдың әлсіздігі, бет асимметриясы пайда болған, алғашқы тәулікте есі анық, өздігінен тамақтанған, кейін біртіндеп ұйқышылдық, жұтынудың қиындауы, сілекейдің ағуы байқалған, түнде бірнеше рет жөтелген. Анамнез vitae: артериялық гипертензия 25 жыл, жүрекше фибрилляциясы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, антикоагулянттарды жүйелі қабылдамаған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі – сомнолентті, Глазго шкаласы бойынша 11 балл,

сөйлеуі түсініксіз, жұтыну рефлексі төмендеген, қорғаныш жөтел әлсіз. Тыныс алу жүйесі: тыныс алу жиілігі 26–28/мин, тынысы үстірт, SpO_2 90% бөлме ауасында, оттегі канюля арқылы 3 л/мин берілгенде 94%, өкпенің төменгі бөліктерінде әлсіз ылғалды сырылдар естіледі, аспирация қаупі жоғары. Гемодинамика: АҚҚ 170/95 мм сын.бағ., ЖСЖ 88/мин, ырғақсыз, ЭКГ-де тұрақты фибрилляция. Лабораториялық мәліметтер: глюкоза 9,8 ммоль/л, натрий 134 ммоль/л, лейкоциттер 11×10^9/л, артериялық қан газы pH 7,36, PaO_2 68 мм сын.бағ., $PaCO_2$ 40 мм сын.бағ. Компьютерлік томографияда геморрагиялық трансформация белгілері жоқ.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста тыныс жолдарын қорғаудың негізгі қауіптері қандай? 2) Қандай клиникалық белгілер интубация және ИВЛ бастау қажеттігін көрсетеді? 3) Артериялық қысымды басқаруда инсульттің осы кезеңінде қандай мақсатты деңгейлерді ұстанасыз? 4) Аспирациялық пневмонияның алдын алу шараларын толық сипаттаңыз. 5) Интенсивті терапиядағы міндетті мониторинг параметрлері мен бақылау жиілігін атаңыз.

«Хирургиялық және терапиялық бейіндегі емделушілерде қарқынды терапия»
АБ– 1
2 – нұсқа

№1.
Науқас ер адам, 59 жаста, салмағы 82 кг, бойы 175 см, гастроэнтерологиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, клиникалық диагнозы: он екі елі ішектің ойық жарасы, асқазан-ішек жолынан массивті қан кету, постгеморрагиялық шок. Анамнез morbi: науқас соңғы 8 сағат ішінде бірнеше рет меленаға, әлсіздікке, бас айналуға шағымданған, үйінде қысқа мерзімді естен тану эпизоды болған, жедел жәрдем келгенде АҚҚ 80/45 мм сын.бағ., ЖСЖ 128/мин анықталған, қабылдау бөлімінде шұғыл ФГДС жасалып, ойық жара аймағынан белсенді қан кету анықталып, эндоскопиялық гемостаз жүргізілген, процедура барысында қайтадан гипотензия тіркелген. Анамнез vitae: асқазан ойық жарасы 10 жылдан астам, Helicobacter pylori оң, соңғы айларда бел аймағындағы ауырсынуға байланысты НПВС жүйелі қабылдаған, темекі шегу стажы 25 жыл. Клиникалық көрініс: ЖИА-ға түскенде жағдайы өте ауыр, сана деңгейі – оглушение, терісі бозғылт, суық, жабысқақ тер, капиллярлық толу уақыты 5–6 секунд, тыныс алу жиілігі 26/мин, SpO_2 94% оттегі канюля арқылы 4 л/мин фонінде. Гемодинамика: АҚҚ 88/50 мм сын.бағ. (МАР 63), ЖСЖ 114/мин, орталық веналық қысым 4–5 см су бағ., диурез соңғы сағатта 15 мл. Лабораториялық мәліметтер: Hb 68 г/л (алдыңғы тәулікте 112 г/л), эритроциттер $2,3\times10^{12}$/л, тромбоциттер 140×10^9/л, INR 1,6, фибриноген төмен, лактат 4,9 ммоль/л, креатинин 150 мкмоль/л, артериялық қан газы pH 7,31, BE –4. Инфузиялық терапия басталғаннан кейін АҚҚ қысқа уақытқа 95/60 мм сын.бағ. дейін көтерілген, бірақ тұрақсыз.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста шоктың даму механизмдерін кезең-кезеңімен түсіндіріңіз. 2) Инфузиялық және трансфузиялық терапияны қандай көрсеткіштерге сүйене отырып жоспарлайсыз? 3) Жаппай қан құю хаттамасын қолдану қажет пе, негіздеңіз. 4) Коагулопатияның даму қаупін қалай бағалайсыз және алдын алу жолдары қандай? 5) Интенсивті терапия тиімділігінің клиникалық және лабораториялық критерийлерін атаңыз.

№2.
Науқас әйел адам, 64 жаста, салмағы 70 кг, бойы 162 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға ауыстырылған, негізгі диагнозы: ауыр екі жақты қауымдастықтан тыс пневмония, жедел респираторлық дистресс-синдром. Анамнез morbi: 6 күн бұрын қызба 39°С дейін, жөтел, бұлшықет ауыруымен ауырған, амбулаториялық антибиотикотерапия тиімсіз болған, соңғы 24 сағатта тыныс жетіспеушілігі күрт үдеген. Анамнез vitae: артериялық гипертензия, семіздік I дәрежелі, гиподинамия. Клиникалық көрініс: жағдайы өте ауыр, сана деңгейі – сопор, тыныс алу жиілігі 36–40/мин, қосымша тыныс бұлшықеттері белсенді қатысады, SpO_2 бетперде арқылы O_2 10 л/мин берілгенде 84–86%, интубация жүргізіліп, ИВЛ басталған. ИВЛ параметрлері: FiO_2 0,8, PEEP 10 см су бағ., тыныс көлемі 6 мл/кг, driving pressure 17 см су бағ. Гемодинамика: АҚҚ 100/60 мм сын.бағ., ЖСЖ 110/мин, вазопрессорсыз. Артериялық қан газы: pH 7,27, PaO_2 55 мм сын.бағ.,

$PaCO_2$ 48 мм сын.бағ., PaO_2/FiO_2 70–80, лактат 3,2 ммоль/л. Кеуде қуысының КТ-сында екі жақты «ground-glass» инфильтрация.
Сұрақтар: 1) Berlin критерийлері бойынша ARDS ауырлығын анықтаңыз. 2) Өкпені қорғаушы вентиляцияның нақты параметрлерін негіздеңіз. 3) PEEP пен FiO_2 комбинациясын таңдауда қандай қауіптер бар? 4) Қосымша әдістерді (prone-position, релаксация) қолдану көрсеткіштері қандай? 5) Ұзақ гипоксемия қандай органдық асқынуларға әкелуі мүмкін?

№3.
Науқас ер адам, 67 жаста, салмағы 75 кг, бойы 170 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға жеткізілген, клиникалық диагнозы: жедел бүйрек жеткіліксіздігі, уремиялық интоксикация, гиперкалиемия. Анамнез morbi: соңғы 3–4 күнде зәр мөлшерінің айқын азаюы, жүрек айну, құсу, тәбеттің болмауы, жалпы әлсіздік пайда болған, соңғы тәулікте шатасу элементтері байқалған. Анамнез vitae: артериялық гипертензия, созылмалы бүйрек ауруы III саты, АӨФ тежегіштерін және калий сақтайтын диуретиктерді қабылдаған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана анық, бірақ тежелген, терісі құрғақ, тыныс алу жиілігі 22/мин, АҚҚ 150/90 мм сын.бағ., ЖСЖ 88/мин. Лабораториялық мәліметтер: креатинин 620 мкмоль/л, мочевина 28 ммоль/л, калий 6,8–7,1 ммоль/л, натрий 130 ммоль/л, кальций төмен, фосфор жоғары, pH 7,22, BE –10. ЭКГ-де T тісшелерінің үшкірленуі, QRS кеңеюі байқалады. Диурез соңғы 12 сағатта 50 мл.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста өмірге қауіпті электролиттік бұзылыстарды атаңыз. 2) Гиперкалиемияны шұғыл түзету алгоритмін кезең-кезеңімен сипаттаңыз. 3) Бүйрек алмастыру терапиясын бастау көрсеткіштерін негіздеңіз. 4) Диализге дейінгі және диализ кезіндегі мониторинг қандай болуы тиіс? 5) Уремиялық интоксикацияның клиникалық белгілерін атаңыз.

№4.
Науқас ер адам, 52 жаста, салмағы 80 кг, бойы 178 см, жедел жәрдем бригадасымен ЖИА-ға жеткізілген, диагнозы: жедел алкогольдік интоксикация, аспирациялық пневмония. Анамнез morbi: үй жағдайында көп мөлшерде алкоголь қабылдағаннан кейін есінен танып, бірнеше рет құсқан, құсық массалары тыныс жолына түсуі мүмкін, табылған кезде тынысы үстірт болған. Анамнез vitae: алкоголизм 20 жыл, бауырдың алкогольдік зақымдануы. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі – сопор, Глазго шкаласы 9 балл, тыныс алу жиілігі 30–32/мин, SpO_2 88% бөлме ауасында, оттегі бергенде 92%, өкпенің оң төменгі бөлігінде және артқы сегменттерінде ылғалды сырылдар, АҚҚ 100/60 мм сын.бағ., ЖСЖ 112/мин. Артериялық қан газы: pH 7,30, PaO_2 60 мм сын.бағ., $PaCO_2$ 42 мм сын.бағ. Кеуде қуысының рентгенінде оң жақ төменгі бөлікте инфильтрация.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста тыныс жолдарын қорғау бойынша алғашқы тактика қандай? 2) Аспирациялық пневмонияның микробиологиялық ерекшеліктерін атаңыз. 3) Интубация және ИВЛ көрсеткіштерін негіздеңіз. 4) Антибактериалды терапияны таңдауда қандай факторлар ескеріледі? 5) Алдын алу шаралары қандай?

№5.
Науқас әйел адам, 45 жаста, салмағы 60 кг, бойы 165 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға жеткізілген, негізгі диагнозы: қант диабеті 1 тип, диабеттік кетоацидоз. Анамнез morbi: соңғы 2–3 күн бойы инсулин инъекцияларын жіберіп алған, жүрек айну, құсу, іштің ауруы, қатты шөлдеу, жиі зәр шығару болған, соңғы сағаттарда әлсіздік және ұйқышылдық артқан. Анамнез vitae: диабет 15 жыл, бірнеше рет кетоацидозбен ауруханаға түскен. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі – оглушение, Куссмауль типті терең тыныс, тыныс алу жиілігі 28–30/мин, АҚҚ 95/60 мм сын.бағ., ЖСЖ 118/мин, терісі құрғақ, тіл құрғақ. Лабораториялық мәліметтер: глюкоза 28–32 ммоль/л, кетондар +++, pH 7,12, HCO_3^- 10 ммоль/л, BE –18, калий 5,5 ммоль/л (инсулин басталғаннан кейін төмендеу қаупі бар), натрий 130 ммоль/л, лактат 2,8 ммоль/л. Диурез төмендеген.
Сұрақтар: 1) Диабеттік кетоацидоздың патогенезін толық сипаттаңыз. 2) Интенсивті терапияның кезеңдік алгоритмін (сұйықтық, инсулин, электролиттер) негіздеңіз. 3) Калий динамикасын неге

үздіксіз бақылау қажет? 4) Ем барысында дамуы мүмкін ең қауіпті асқынуларды атаңыз. 5) Терапия тиімділігінің критерийлері қандай?

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

2 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

ББП атауы:7R01117«Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың»

Пән коды: R-HTBPKT

Пәннің атауы: Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 34 кредит, 1020 сағат

Курс және оқу семестрі: 1 курс

Әзірлеуші кафедра ассистенті: Аблатаева Р.Б.

Кафедра меңгерушісі к.м.н доцент Сейдахметова А.А

Хаттама № 11 26 06 2025ж.

Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия

АБ-2

1 - нұсқа

№1.

Науқас әйел адам, 48 жаста, салмағы 64 кг, бойы 168 см, жоспарлы түрде хирургиялық бөлімшеге өт қабының тас ауруына байланысты түскен, операция алдындағы кезеңде реанимация және интенсивті терапия бөліміне шұғыл жеткізілген. Анамнез morbi: операция алдындағы дайындық барысында профилактикалық мақсатта антибиотик (цефалоспорин тобы) көктамыр ішіне енгізілгеннен кейін 3–5 минут ішінде науқаста кенеттен жалпы әлсіздік, бас айналу, «ауа жетпеу» сезімі, жүрек соғысының жиілеуі пайда болған, терісі қышынып, бөртпелер шыққан, содан кейін жағдайы күрт нашарлаған. Анамнез vitae: дәрілік аллергия анамнезде нақты көрсетілмеген, бірақ бұрын бірнеше рет антибиотик қабылдаған кезде тері қышынуы болғанын айтады. Клиникалық көрініс: жағдайы өте ауыр, сана деңгейі – сопор, терісі бозғылт, суық, жабысқақ тер, беті мен еріндерінде айқын исіну, инспираторлы ентігу, стридор элементтері, тыныс алу жиілігі 34/мин, SpO_2 86% бөлме ауасында, оттегі бергенде 90% аспайды. Гемодинамика: АҚҚ 65/35 мм сын.бағ., МАР 45 мм сын.бағ., ЖСЖ 130/мин, жіп тәрізді пульс, орталық веналық қысым төмен. Лабораториялық мәліметтер жедел кезеңде алынбаған.

Сұрақтар: 1) Анафилаксиялық шоктың клиникалық диагнозын қандай белгілермен қоясыз? 2) Алғашқы минуттардағы өмір сақтайтын іс-шаралардың толық алгоритмін сипаттаңыз. 3) Адреналинді енгізу жолы мен дозасын негіздеңіз. 4) Тыныс жолдарын қорғау тактикасы қандай? 5) Анафилаксиядан кейінгі кезеңде қандай асқынуларды бақылау қажет?

№2.

Науқас ер адам, 54 жаста, салмағы 92 кг, бойы 175 см, хирургиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, диагнозы: жедел деструктивті панкреатит, ауыр ағым. Анамнез morbi: ауруы 24 сағат бұрын майлы тағам мен алкоголь қабылдағаннан кейін кенеттен эпигастрий аймағында өте қатты ауырсынудан басталған, ауырсыну арқасына иррадиацияланған, бірнеше рет тоқтаусыз құсу болған, ауырсынуды басатын дәрілер әсер етпеген. Анамнез vitae: алкогольді жиі қолданады, өт тас ауруы анамнезде. Клиникалық көрініс: жағдайы өте ауыр, мазасыз, терісі бозғылт, ылғалды, іштің жоғарғы бөлігінде қатты ауырсыну, іш кебуі, перистальтика әлсіз. Тыныс алу жиілігі 28/мин, SpO_2 93%, АҚҚ 90/55 мм сын.бағ., ЖСЖ 118/мин, диурез төмендеген. Лабораториялық мәліметтер: амилаза және липаза бірнеше есе жоғары, лейкоциттер 20×10^9/л, CRP жоғары, гематокрит 52%, кальций төмен, лактат 3,6 ммоль/л, артериялық қан газы pH 7,30. КТ-да ұйқыбезде некроз ошақтары.

Сұрақтар: 1) Ауыр панкреатиттің интенсивті терапиядағы негізгі мақсаттары қандай? 2) Инфузиялық терапияның көлемі мен мониторингін қалай жүргізесіз? 3) Ерте кезеңде дамитын жүйелік асқынуларды атаңыз. 4) Ауырсынуды басу және тыныс жеткіліксіздігінің алдын алу тактикасы қандай? 5) Бұл науқаста хирургиялық араласуға көрсеткіштер қандай?

№3.

Науқас әйел адам, 62 жаста, салмағы 58 кг, бойы 160 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға жеткізілген, диагнозы: диффузды токсикалық зоб, тиреотоксикалық криз. Анамнез morbi: соңғы бірнеше аптада жүрек қағуы, салмақ жоғалту, тершеңдік, ашушаңдық күшейген, бірнеше күн бұрын инфекциялық аурумен ауырғаннан кейін жағдайы күрт нашарлаған. Анамнез vitae: тиреотоксикоз диагнозы бұрын қойылған, бірақ дәрілерді жүйелі қабылдамаған. Клиникалық

көрініс: жағдайы өте ауыр, сана деңгейі – делирий элементтерімен, қатты мазасыз, дене температурасы 40°С, терісі ыстық, ылғалды, тремор айқын. Тыныс алу жиілігі 30/мин, SpO_2 95%, АҚҚ 160/80 мм сын.бағ., ЖСЖ 150/мин, жүрек ырғағы бұзылған (жүрекше фибрилляциясы). Лабораториялық мәліметтер: ТТГ төмен, T_3 және T_4 айқын жоғары, глюкоза 12 ммоль/л, лактат 3,0 ммоль/л.
Сұрақтар: 1) Тиреотоксикалық криз диагнозын қандай клиникалық белгілермен қоясыз? 2) Интенсивті терапияның кезеңдік алгоритмін сипаттаңыз. 3) β-блокаторларды қолданудың мақсаты қандай? 4) Гипертермияны бақылау не үшін маңызды? 5) Бұл жағдайда өлім қаупін арттыратын факторларды атаңыз.

№4.
Науқас ер адам, 65 жаста, салмағы 78 кг, бойы 172 см, терапиялық бөлімшеден шұғыл түрде ЖИА-ға ауыстырылған, диагнозы: өкпе артериясының массивті тромбоэмболиясы. Анамнез morbi: бірнеше сағат бұрын кенеттен қатты ентігу, кеуде тұсында ауырсыну, қорқыныш сезімі пайда болған, қысқа уақытқа есінен танған. Анамнез vitae: төменгі аяқтардың варикозды кеңеюі, 10 күн бұрын жамбас сүйегіне операция жасалған, антикоагулянттарды қабылдамаған. Клиникалық көрініс: жағдайы өте ауыр, сана деңгейі – оглушение, тыныс алу жиілігі 36/мин, SpO_2 82% бөлме ауасында, оттегімен 88%, АҚҚ 85/50 мм сын.бағ., ЖСЖ 130/мин, мойын веналары кернелген. ЭКГ-де оң жүрек жүктемесінің белгілері. Қан талдауында D-димер жоғары. ЭхоКГ-де оң қарыншаның дилатациясы. Сұрақтар: 1) Бұл клиникалық жағдайда өмірге тікелей қауіп төндіретін механизм қандай? 2) Интенсивті терапиядағы алғашқы тактика қандай? 3) Тромболитикалық терапияға көрсеткіштерді негіздеңіз. 4) Гемодинамикалық қолдаудың ерекшелігі неде? 5) Қайталама тромбоэмболияның алдын алу жолдары қандай?

№5.
Науқас әйел адам, 50 жаста, салмағы 55 кг, бойы 158 см, неврологиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, диагнозы: миастения гравис, миастениялық криз. Анамнез morbi: соңғы бірнеше күнде бұлшықет әлсіздігі күшейген, сөйлеуі мұрынданған, жұтыну қиындаған, бүгін тыныс алу қиындап, әлсіздік күрт артқан. Анамнез vitae: миастения диагнозы 8 жыл, антихолинэстеразды препараттарды тұрақты қабылдайды, жақында инфекциямен ауырған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана анық, бірақ қатты әлсіз, тыныс алу жиілігі 30/мин, тынысы үстірт, SpO_2 90%, АҚҚ 120/70 мм сын.бағ., ЖСЖ 102/мин, жұтыну рефлексі әлсіреген, сілекей ағуы байқалады. ӨТС (ӨТС) төмендеген.
Сұрақтар: 1) Миастениялық кризідің клиникалық белгілерін атаңыз. 2) Тыныс жеткіліксіздігін бағалауда қандай көрсеткіштер маңызды? 3) Қандай жағдайда интубация және ИВЛ қажет? 4) Спецификалық ем (плазмаферез, иммуноглобулин) көрсеткіштері қандай? 5) Холинергиялық кризбен дифференциалды диагнозды қалай жүргізесіз?

«Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия»
АБ-2
2 - нұсқа

№1.
Науқас ер адам, 70 жаста, салмағы 68 кг, бойы 172 см, хирургиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне ауыстырылған, клиникалық диагнозы: жіңішке ішектің механикалық өтімсіздігі, жабысқақ процесс, операция алдындағы кезең. Анамнез morbi: соңғы 4 тәулік бойы нәжіс пен газдың толық жүрмеуі, іштің үдемелі кебуі, тәулігіне 6–8 рет көп мөлшерде асқазан құрамымен құсу, ауыз арқылы сұйықтық қабылдаудың күрт шектелуі болған, соңғы тәулікте бас айналу, әлсіздік, тұру кезінде көзінің қарауытуы байқалған. Анамнез vitae: артериялық гипертензия 18 жыл, бұрын іш қуысына екі рет операция жасалған, созылмалы іш қату, егде жасқа

байланысты шөл сезімінің төмендеуі. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана анық, бірақ айқын әлсіз, терісі құрғақ, бозғылт, тургоры төмендеген, тіл құрғақ, тахипноэ 24–26/мин, SpO_2 97% бөлме ауасында, АҚҚ 100/60 мм сын.бағ., ортостазда 85/50 мм сын.бағ. дейін төмендейді, ЖСЖ 112/мин, орталық веналық қысым 3–4 см су бағ., диурез соңғы 6 сағатта 100 мл. Іш айқын кебінген, перистальтика әлсіз, зонд арқылы көп мөлшерде асқазан сөлі бөлінеді. Лабораториялық мәліметтер: Na^+ 127 ммоль/л, K^+ 2,8 ммоль/л, Cl^- 72 ммоль/л, креатинин 195 мкмоль/л, мочевина 22 ммоль/л, гематокрит 54%, артериялық қан газы pH 7,49, HCO_3^- 35 ммоль/л, BE +9. Инфузиялық терапия басталғаннан кейін АҚҚ ішінара түзелгенімен, диурез мардымсыз.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста дегидратация мен гиповолемияның патогенезін кезең-кезеңімен түсіндіріңіз. 2) Метаболикалық алкалоздың дамуына қандай механизмдер әсер еткен? 3) Интенсивті терапияда инфузиялық және электролиттік коррекцияны қандай басымдықпен жүргізесіз? 4) Операция алдындағы гемодинамикалық дайындықтың мақсатты көрсеткіштері қандай? 5) Бұл жағдайда кешіктірілген коррекция қандай өмірге қауіпті асқынуларға әкелуі мүмкін?

№2.
Науқас әйел адам, 72 жаста, салмағы 65 кг, бойы 160 см, терапиялық бөлімшеден реанимация және интенсивті терапия бөліміне жеткізілген, диагнозы: қант диабеті 2 тип, гиперосмолярлы гипергликемиялық жағдай. Анамнез morbi: соңғы 6–7 күн бойы қатты шөлдеу, тәулігіне 5–6 литрге дейін сұйықтық ішу, жиі және көп зәр шығару, тәбеттің болмауы болған, қантты төмендететін дәрілерді қабылдауды өз бетінше тоқтатқан, соңғы тәулікте ұйқышылдық, сөйлеудің баяулауы пайда болған. Анамнез vitae: қант диабеті 15 жыл, артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, жалғыз тұрады. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана деңгейі сопорға жақын, терісі өте құрғақ, шырышты қабаттары құрғаған, көз алмалары жұмсарған, тыныс алу жиілігі 22–24/мин, SpO_2 96%, АҚҚ 95/55 мм сын.бағ., ЖСЖ 118/мин, орталық веналық қысым төмен, бастапқыда полиурия болған, кейін диурез төмендеген. Лабораториялық мәліметтер: глюкоза 42–46 ммоль/л, кетондар теріс, Na^+ 156 ммоль/л (түзетілген натрий одан да жоғары), осмолярлық >340 мОсм/кг, креатинин 240 мкмоль/л, мочевина 24 ммоль/л, pH 7,38, лактат 2,4 ммоль/л. Инфузия басталғаннан кейін сана біртіндеп жақсарғанымен, гипотензия сақталады.
Сұрақтар: 1) Бұл жағдайды диабеттік кетоацидоздан ажыратудың негізгі критерийлерін атаңыз. 2) Интенсивті терапиядағы басты қауіп пен өлім себебі қандай? 3) Сұйықтық терапиясын қандай ерітінділермен және қандай жылдамдықта бастау қажет? 4) Инсулин терапиясын неге кешіктіріп және сақтықпен бастайды? 5) Осмолярлықты тез төмендетудің қандай қауіптері бар?

№3.
Науқас ер адам, 61 жаста, салмағы 74 кг, бойы 168 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға ауыстырылған, клиникалық диагнозы: ауыр қауымдастықтан тыс пневмония, сепсис. Анамнез morbi: 7 күн бұрын қызба 39°C дейін, жөтел, әлсіздік басталған, алғашқы 3 күнде медициналық көмекке жүгінбеген, кейін антибиотик кеш басталған, соңғы 48 сағатта ентігу үдеп, зәр мөлшері азайған. Анамнез vitae: созылмалы жүрек жеткіліксіздігі II–III ФК, темекі шегу стажы 35 жыл. Клиникалық көрініс: жағдайы өте ауыр, сана деңгейі оглушение, тыныс алу жиілігі 34–36/мин, SpO_2 88% оттегі маскасымен FiO_2 0,5, өкпеде екі жақты ұсақ және орташа ылғалды сырылдар, АҚҚ 88/52 мм сын.бағ., МАР 62, ЖСЖ 124/мин, орталық веналық қысым 6 см су бағ., диурез 0,3 мл/кг/сағ. Лабораториялық мәліметтер: лейкоциттер 22×10^9/л, CRP және прокальцитонин жоғары, лактат 4,7 ммоль/л, PaO_2/FiO_2 170, pH 7,30. Инфузиядан кейін АҚҚ уақытша көтерілген.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста сепсис диагнозын қандай клиникалық және лабораториялық деректермен дәлелдейсіз? 2) Алғашқы 1–3 сағаттағы интенсивті терапияның басым бағыттары қандай? 3) Инфузиялық терапияның тиімділігін қалай бағалайсыз? 4) Қандай жағдайда вазопрессорлық қолдау қажет болады? 5) Бұл науқаста тыныс жеткіліксіздігінің үдеу қаупін көрсететін белгілерді атаңыз.

№4.

Науқас әйел адам, 56 жаста, салмағы 60 кг, бойы 160 см, хирургиялық бөлімшеден ЖИА-ға операцияға дайындық үшін жеткізілген, диагнозы: асқазанның тыртықтық стенозы. Анамнез morbi: соңғы бірнеше апта бойы тамақтан кейін тұрақты құсу, соңғы 5 күнде құсу тәулігіне 8–10 ретке дейін жиілеген, сұйықтықты ұстай алмайды, бұлшықет әлсіздігі, қол-аяқтың тартылуы пайда болған. Анамнез vitae: асқазан ойық жарасы 12 жыл, антацидтерді бақылаусыз қолданған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана анық, бірақ адинамия, бұлшықет тонусы төмен, тыныс алу жиілігі 20–22/мин, SpO_2 98%, АҚҚ 105/65 мм сын.бағ., ЖСЖ 102/мин, диурез азайған. Лабораториялық мәліметтер: Cl^- 68 ммоль/л, K^+ 2,6 ммоль/л, Na^+ 129 ммоль/л, pH 7,56, HCO_3^- 40 ммоль/л, креатинин 170 мкмоль/л, ЭКГ-де U толқындары. Инфузиясыз операция жасау қауіпті деп бағаланған.
Сұрақтар: 1) Бұл алкалоздың даму механизмін толық түсіндіріңіз. 2) Гипокалиемияның жүрекке әсері қандай? 3) Интенсивті терапияда қандай ерітінділер басым болуы тиіс? 4) Операцияға дейін қандай лабораториялық көрсеткіштерді міндетті түрде қалыпқа келтіру қажет? 5) Электролиттерді түзетпей жасалған операцияның қаупі қандай?

№5.
Науқас ер адам, 55 жаста, салмағы 72 кг, бойы 170 см, терапиялық бөлімшеден ЖИА-ға ауыстырылған, клиникалық диагнозы: инфекциялық эндокардит, ауыр ағым, септикалық жағдай. Анамнез morbi: соңғы 3–4 апта бойы субфебрилитет, тершеңдік, салмақ жоғалту болған, соңғы 3 күнде қалтырау, айқын әлсіздік, ентігу күшейген. Анамнез vitae: митральды қақпақша ақауы, бірнеше апта бұрын стоматологиялық манипуляция жасалған, профилактикалық антибиотик алмаған. Клиникалық көрініс: жағдайы ауыр, сана анық, бірақ айқын әлсіз, терісі бозғылт, петехиалды бөртпелер, тыныс алу жиілігі 26/мин, SpO_2 94%, АҚҚ 90/55 мм сын.бағ., ЖСЖ 120/мин, жүрек аускультациясында жаңа систолалық шу, шеткері ісінулер жоқ. Лабораториялық мәліметтер: лейкоцитоз, анемия, тромбоцитопенияға бейімділік, CRP жоғары, лактат 4,1 ммоль/л, креатинин өсуде. ЭхоКГ-де митральды қақпақшада қозғалмалы вегетациялар анықталған.
Сұрақтар: 1) Бұл науқаста септикалық гемодинамикалық бұзылыстардың механизмін түсіндіріңіз. 2) Интенсивті терапия мен антибиотикотерапияны бастаудың шұғыл принциптері қандай? 3) Гемодинамикалық қолдауда қандай шектеулер бар? 4) Хирургиялық емге абсолютті көрсеткіштерді атаңыз. 5) Асқынуларды ерте анықтау үшін қандай мониторинг қажет?

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

практикалық дағдылар тізімі

1.Маска арқылы қолмен желдеткіш
2.Тікелей ларингоскопия әдісімен трахея интубациясы
3.Анестезиялық-тыныс алу аппаратурасын жұмысқа дайындау
4.Бақылау-диагностикалық аппаратураны жұмысқа дайындау
5.ЦВД өлшеу
6.Инфузоматтарды, перфузорларды қолдану
7.Асқазанды ауыз арқылы немесе мұрын жолдары арқылы зондтау
8.Плевра қуысының пункциясы және дренажы

9.Трахеостомия
10.Кеуде қуысының діріл массажы

Қорытынды аттестациялауға арналған бағдарлама сұрақтары
«Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия»
2025-2026 оқу жылы.

1.Ингаляциялық наркотикалық заттардың наркотикалық әсерінің басталу жылдамдығы олардың қанда ерігіштік коэффициентіне байланысты екендігі анықталған. Бұл тәуелділік көрінеді:
A) ерігіштік коэффициенті қанша жоғары болған сайын, наркотикалық әсері баяу көрінеді
B) ерігіштік коэффициенті қанша жоғары болған сайын, наркотикалық әсері тез көрінеді
C) ингаляциялық наркотикалық заттардың ерігіштігі наркоздың тереңдігіне әсер етеді, бірақ оның басталу жылдамдығына емес
D) қанда ерігіштік» түсінігі ингаляциялық наркотикалық заттарда қолданылмайды
E) ингаляциялық наркотикалық заттардың қанда ерігіштігі молекулярлы салмағына тәуелді

2.Ингаляциялық наркотикалық заттардың басым көпшілігінде қан мен тіндердегі ерігіштігі шамамен бірдей («тін-қан» ерігіштік коэффициенті 1,0-1,81 аралығында болады). Тек бір наркотикалық зат тіндерге, әсіресе майға көбірек жақын. Бұл заттағы «майлы тін- қан» ерігіштік коэффициенті 60-қа тең. Бұл ... үшін тән.
A) фторотан
B) азот кем тотығы
C) севоран
D) изофлуран
E) метоксифлуран

3.Науқаста галотанды шамадан тыс қолданғанудың әсерінен жедел жүрек- қантамырлық жеткіліксіздік дамыды. Бұл жағдайда көрсетілген:
A) дофамин
B) адреналин
C) норадреналин
D) эфедрин
E) преднизолон

4. Наркоз және ӨЖВ аппараттарында, ереже бойынша, тыныстың жартылай ашық әдісінде тыныс алатын және шығарылатан газ ағынын ажырататын қақпақша болады. Бұл қақпақша аталады:
A) реверсивті емес
B) бағыттаушы
C) сақтаушы
D) шығаратын
E) қайта бөлетін

5. Деполяризациялаушы релаксанттарды енгізгенде кейіннен бұлшықет ауырсынуымен жүретін бұлшықеттің фибрилляциясы дамитыны белгілі. Осындай ауырсынудың алдын алу мақсатында науқасқа алдын ала енгізу қажет:
A) аз дозада тубарин
B) атропин
C) прозерин
D) аз дозада бемегрид
E) морфин

6. Анестезиолог дәрігердің бұйрығымен анестезист мейірбике науқасқа миорелаксант енгізді. Препарат енгізуге жауап ретінде бұлшықеттердің босаңсуы фибриллярлы жиырылусыз болды. Бұндай клиникалық әсер тән:
A) тубаринге

B) миорелаксантқа
C) дитилинге
D) листенонға
E) польсуксанға

7. Анестезия кезінде анестезиолог қысқа мерзімді гипоксияға жол берді, оған жауап ретінде науқастың денесінде оттегі ашығуының ауырлығына сәйкес келмейтін өзгерістер пайда болды. Олар өмірлік маңызды ағзаларда инфаркт пен геморрагияның дамуынан тұрды, капиллярлардың окклюзиясы және веноздық тромбоздар пайда болды. Бұл жағдайда анестезиолог тұқым қуалайтын аурудың болуы мүмкіндігін ойлауы қажет:
A) гемоглобинопатиялар
B) ферменттік энзимопатиялар
C) Томпсон миопатиясы
D) порфириялар
E) гемофилиялар

8. Анестезия асқынуларын болжау жоспарында адам ағзасында анестезиолог үшін айқын қызығушылық тудыратын аурулардың бірі прогнатия болып табылады. Бұл ауру сипатталады:
A) жақтың дамымауымен
B) гормоналды метаболизмнің бұзылуымен
C) сүйектер сынғыштығының жоғарылауымен
D) қан ауруымен
E) саусақтардың дамымауымен

9. Анестезия кезінде қалыпты науқасқа жүргізілген механикалық вентиляция ... алып келуі мүмкін.
A) операциядан кейінгі гиповентиляцияға
B) терілік вазодилатацияға
C) PaCO2 төмендеуіне
D) оксигемоглобин диссоциация қисығының оң жаққа ығысуына
E) аналгезияға қажеттіліктің айқын азаюына

10. Хирургиялық науқаста анестезиологиялық әдіс жүргізу кезіндегі терілік қанайналым ... .
A) фторотанмен анестезияда жоғарлайды
B) симпатикалық гиперреактивтілікте жоғарлайды
C) изофлюранмен анестезияда өзгермейді
D) тиопенталдың индукциялық дозасынан төмендейді
E) севораннен анестезияда төмендейді

11. Сәйкес келмеген қан құюға ең ауыр жауап реакциясы болып табылады:
A) бүйрек түтікшелерінің зақымдануы
B) өкпе артериясының көптеген эмболиясы
C) бүйрек шумақшалары фильтрлік қабілетінің бұзылысы
D) өкпе ісінуі
E) гемолитикалық анемия

12. Тыныстық алкалозды түзету көрсетілген, МЫНАДАН БАСҚА:
A) натрий гидрокарбонат ерітіндісін енгізу
B) вентиляцияны төмендету
C) өлі кеңістіктің жоғарлауы
D) науқас оянғанда транквилизаторлар және наркоталық аналгетиктер енгізу
E) трахеостомия

13. Тыныстық ацидозды түзету үшін қолдану мүмкін, МЫНАДАН БАСҚА:
A) наркотикалық заттарды қолдану
B) тыныс көлемі жоғары ӨЖВ
C) трахеобронхиальді ағашты санациялау
D) оттегі ингаляциясы
E) көмірқышқыл газын ингаляциялау

14. Жалпы анестезияға арналған аркотикалық заттардың ішінен МАК жоғары анестетик:

A) наркотан
B) павулон
C) севоран
D) метоксифлюран
E) азот кем тотығы

15. Капнография ... бұзылыстарын анықтайды.
A) вентиляцияның
B) қанайналымның
C) өкпедегі оксигенацияның
D) пульстің
E) жүрек лақтырысының

16. Калипсолмен анестезиядан кейін болатын галюцинация байланысты:
A) анестезияның диссоциативті сипатына
B) гипнотикалық әсерінің болмауына
C) күшті анестетикалық әсеріне
D) қаңқа ішілік қысым жоғарлауына
E) церебральді қанайналымның жоғарлауына

17. Митральды стенозы бар науқасқа перитонит бойынша шұғыл операция жоспарланған. Анестезия кезінде бірінші кезекте күдіктену қажет:
A) инфузиялық терапияға жауап ретінде өкпе ісінуіне
B) гипертониялық кризге
C) тамыр қарсылығы азаюының әсерінен коллапсқа
D) өкпе эмболиясына
E) миокардтың жыртылуына

18. Бауыр жеткіліксіздігімен ауыратын хирургиялық науқас миорелаксация үшін польсуксан дәріні қолданумен эндотрахеальді аралас анестезия арқылы ота жасалды. Анестезиядан кейін ұзақ уақыт бойы өздігінен тыныс алу қалпына келмеді. Асқынудың ең ықтимал себебі болып табылады:
A) қандағы холинэстеразаның төмен деңгейі
B) қандағы холинэстеразаның жоғары деңгейі
C) анемия
D) қандағы билирубиннің жоғары концентрациясы
E) ақуыз емес қалдық азоттың жоғары деңгейі

19. Коллоид еретінділерге ТӘН ЕМЕС қасиеттер:
A) энергияның донаторы болып табылады, зат алмасуға қатысады
B) шынайы плазма ауыстырғыштар болып табылады
C) гемодинамикалық шокқа қарсы әсерге ие
D) реологиялық әсерге ие
E) тіндердің қанағыштығын күшейтеді

20. Геморррагиялық шокта бірінші кезекте қолдану мақсатты вазопрессор:
A) норадреналин
B) адреналин
C) мезатон
D) дофамин
E) добутамин

21. Кетамин ... әсерге ие.
A) бронх кеңейткіш
B) амнетикалық
C) артериальді гипотензивті
D) тахиаритмиялық
E) коронаролитикалық

22. Массивты компенсацияланбаған қан кету бар науқасқа қолданылатын таңдаулы анестезия:

A) көп компонентті
B) тотальді тамырішілік
C) ингаляциялық
D) нейроаксиальді
E) азот кем тотығы

23. Жартылай ашық тыныс контурында егер ТК=600 мл, ТАЖ=минутына 15 рет, газ ағымы О2=4 л/мин. болса, FiO2 (тыныс алатын қоспадағы О2-нің пайыздық көлемі) құрайды:
A) 56%
B) 35%
C) 44%
D) 30%
E) 65%

24. Жартылай ашық тыныс контурында егер ТК=750 мл, ТАЖ=минутына 12 рет, газ ағымы О2=4 л/мин. болса, FiO2 (тыныс алатын қоспадағы О2-нің пайыздық көлемі) құрайды:
A) 56%
B) 38%
C) 48%
D) 30%
E) 65%

25. Жартылай ашық тыныс контурында егер ТК=750 мл, ТАЖ=минутына 12 рет, газ ағымы О2=3 л/мин., NO2=6 л/мин болса, FiO2 (тыныс алатын қоспадағы О2-нің пайыздық көлемі) құрайды:
A) 33%
B) 25%
C) 21%
D) 35%
E) 40%

26. Жартылай ашық тыныс контурында егер ТК=600 мл, ТАЖ=минутына 15 рет, газ ағымы О2=3 л/мин., NO2=6 л/мин болса, FiO2 (тыныс алатын қоспадағы О2-нің пайыздық көлемі) құрайды:
A) 33%
B) 25%
C) 21%
D) 35%
E) 40%

27. Науқасқа интубациялық наркозбен операция жасалған, релаксант ретінде листенон қолданылған, наркоздан кейінгі кезеңде көп уақыт апноэ болған, прозерин енгізгеннен соң басылған. Бұл мына жағдай дамуымен сипатталады:
A) екі еселік блок
B) рекураризация
C) гипокапния
D) тыныстың наркотикалық депрессиясы
E) гиперкапния

28. Сарысудағы калийдің концентрациясы:
A) ацидозда жоғарлайды және алкалозда азаяды
B) ацидозда азаяды
C) алкалозда жоғарлайды
D) ацидозда азаяды және алкалозда жоғарлайды
E) ацидозда да, алкалозда да өзгермейді

29. Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,20; pCO2 = 56; BE =- 10. ҚСЖ бұзылыс түрі:
A) компенсацияланбаған метаболизмдік және тыныстық ацидоз
B) субкомпенсациялы метаболизмдік ацидоз
C) декомпенсациялы метаболизмдік ацидоз
D) ацидемия және гипобаземия

E) респираторлы ацидоз

30. Протромбин уақытының ұзаруы ... жүреді.
A) протромбин кешенінің бір немесе бірнеше факторларының тапшылығы кезінде (II, V, VII, X)
B) фибриноген синтезі бұзылған кезде
C) пневмония кезде
D) ревматизм кезде
E) қанның фибринолитикалық белсенділігі жоғарылағанда

31. Гипофибриногенемия пайда болады
A) фибриноген синтезі бұзылған кезде (бауыр аурулары)
B) пневмония және басқа қабыну процестер кезінде
C) миокард инфарктісі кезінде
D) қандағы антикоагулянттардың артық болғанда
E) претромботикалық күйлерде

32. Тромбоцитопения пайда болуы мүмкін
A) тұтыну коагулопатиясы сатысындағы ДВС кезінде
B) елеулі гепаринемия кезінде
C) бұлшық еттердің зақымдануы кезінде
D) гемолитикалық дағдарыстар кезінде
E) перитонит кезінде

33. Бүйрек ишемиясында:
A) добутамин гемодинамика арқылы зәр шығаруды жанама түрде жақсартады
B) зәрдегі натрий жоғарлайды
C) зәрдегі креатинин жоғарлайды
D) бүйректің қыртыстық қабатына қарағанда милық қабаты жиі зақымданады
E) зәрдің көлемі артады

34. Гемодинамика көрсеткіштері ішінен қанайналым адекваттылығын толығырақ сипаттайтыны:
A) көлемдік қанайналым
B) қанның қысымы
C) қан ағымына қарсылық
D) қанның венозды қайтуы
E) осы көрсеткіштердің қосарлануы

35. Дроперидолдың әсерінің бірі:
A) экстрапирамидты жүйені ынталандырады
B) жиі құсу шақырады
C) альфа-адрено-рецепторларды ынталандырады
D) бета-адренорецепторларды ынталандырады
E) допаминнің синергисті болып табылады

36. Тиазидті диуретиктермен ұзақ терапиядан соң байқалатын артериальді қысымның төмендеуі ... тәуелді болады.
A) шеткері тамыр резистенттілігінің төмендеуіне
B) ренин белсенділігінің төмендеуіне
C) плазма көлемінің азаюына
D) гистамин бөлінуіне
E) катехоламиндер бөлінуінің төмендеуіне

37. Вегетативті ганглиоблокада клиникасына барлығы тән, МЫНАДАН БАСҚА:
A) брадикардия
B) ішектің атониясы
C) зәрдің тежелуі
D) постуральді гипотензия
E) мидриаз

38. Алкалоз ... диуретикалық әсерін тежейді.
A) маннитолдың

B) ацетазоламидтың
C) тиазидтердің
D) спиронолактонның
E) этакрин қышқылының

39. Ферменттердің туа пайда болған ақаулары ... жауапты өзгертеді.
A) сукцинилхолинге
B) дикумаринге
C) атракуриумге
D) этомидатқа
E) кетаминге

40. Тромботикалық асқынулардың жоғары қаупі бар науқастарда операциядан кейінгі алғашқы тәулікте ... жүргізу оңтайлы болып табылады.
A) қан ұю уақытын бақылаумен гепаринотерапия
B) төмен молекулалы гепариндердің үлкен дозаларымен емдеу
C) инсулинмен терапия
D) ұзартылған ӨЖВ
E) эпидуральды анестезия

41. Консервіленген қанды сақтау кезінде
A) қанның pH төмендейді
B) қанның pH жоғарылайды
C) эритроциттердегі АТФ концентрациясы жоғарылайды
D) эритроциттердегі 2,3-дифосфоглицерат деңгейі жоғарылайды
E) эритроциттердегі калий концентрациясы жоғарылайды

42. Өкпе артериясы тромбоэмболиясының жиі туындайтын орны болып табылады:
A) аяқтың көктамырлары
B) қолдың көктамырлары
C) жүректің оң жақ бөлімі
D) жамбас көктамырлары
E) сол жақ жүрекше

43. Компенсацияланған қан жоғалту кезінде АНЫҚТАЛМАЙДЫ:
A) диурездің көбеюі
B) жайылған тамырлардың спазмы
C) ұзақ емес гипертензия
D) диурездің төмендеуі
E) тамырлардың жалпы перифериялық қарсылығының жоғарлауы

44. Жедел қан жоғалту немесе гиповолемиямен ауыратын науқастарда қан айналымының гиподинамикалық түрінің пайда болуын түсіндіруге болады:
A) қан айналымын орталықтандыру
B) қан ағынын айналып өту
C) микроциркуляцияның бұзылуы
D) метаболикалық алкалоз
E) метаболикалық ацидоз

45. Жоғары қан көлемінің жүктемесімен жүрек жеткіліксіздігі дамиды:
A) жүрек қабырғаларының туа біткен ақаулары
B) үлкен қан айналым шеңберіндегі гипертензия
C) жүрек қақпақшаларының стенозы
D) аорта саңылауының стенозы
E) гипотиреоз

46. Натрий тиопенталын қолдануға қарсы көрсеткіш болатын жағдай:
A) жедел ауыспалы порфирия
B) терінің кеш порфириясы
C) туа пайда болған уропорфирия

D) миотония
E) хорея

47. Натрий тиопенталын енгізгеннен кейін әсерінің тоқтауы негізделеді:
A) тіндерде бөлінуімен
B) бауырдағы биотрансформациясымен
C) ақуыздармен байланысуымен
D) бүйректер арқылы өзгермеген күйде шығарылуы
E) май тінімен ұсталуы

48. Калипсолдың жүрек – қантамыр жүйесінің қызметіне әсері:
A) диастолалық және систолалық АҚ жоғарлауы
B) қалыпты систолалық АҚ- да диастолалық АҚ жоғарлауы
C) диастолалық және систолалық АҚ төмендеуі
D) диастолалық АҚ төмендеуі, систолалықтың жоғарлауы
E) қалыпты диастолалық АҚ- да систолалық АҚ жоғарлауы

49. Тыныс жолдарын Маллампати шкаласы бойынша бағалау барысында:
A) анестезиолог науқасқа қарама- қарсы бір деңгейде болады
B) көмейді толық көру үшін тілді басу қажет
C) тек тілшік көрінетін болса бұл жағдай I деп жіктеледі
D) бұл жағдай тек тікелей ларингоскопия арқылы жіктелуі мүмкін
E) бас және мойынның бүйірлік рентгенограммасы нақтылауы мүмкін

50. Операциядан алдын H2-рецепторларының антагонисттерін енгізу:
A) манжетасы бар интубациялық түтік және Селлик әдісін орындау қажеттілігін ауыстыра алмайды
B) асқазан құрамының эвакуациясын күшейтеді
C) барлық науқастарға жүргізу қажет
D) асқазан құрамының pH жоғарлатады
E) асқазан құрамының аспирациясын болдырмайды

51. Трициклды антидепрессанттар тағайындалған науқаста жалпы анестезия кезінде төмендегі препараттарды қолдануға болады, МЫНАДАН БАСҚА:
A) фторотан
B) диазот оксиді
C) эфир
D) дитилин
E) ромерон

52. Дитилин қолданғаннан кейін қалдық релаксация немесе апноэ жағдайларында емдеудің тиімді әдісі болып табылады:
A) өкпенің басқарылатын немесе қосымша вентиляциясы
B) қан құю
C) прозерин енгізу
D) прозерин және атропин сульфатын енгізу
E) тамырішілік антихолинэстеразды препараттарды енгізу

53. Хирургиялық науқастарда $PaCO_2$ жоғарлауын күтуге болады:
A) массивті өкпелік эмболияда
B) диабеттік кетоацидозда
C) уремиялық құсуда
D) спонтанды пневматоракста
E) барлығы дұрыс

54 Бұрын адреномиметиктермен сәтсіз емделген хирургиялық науқастағы астматикалық жағдай гипоксия дамуына, ұйқышылдыққа, гиперкарбия, ацидозға алып келді. Шұғыл емдеуге қосылуы қажет:
A) интубация және вентиляция
B) натрий бикарбонатын енгізу

C) тамырішілік диазепам енгізу
D) эуфиллин инфузиясы
E) небулайзермен сальбутамол

55. Күшті өкпелік вазодилатациялық әсерге ие:
A) азот кем тотығы
B) нитропруссид
C) фторотан
D) толазолин
E) севоран

56. Қатерлі гипертермияны емдеуде КӨРСЕТІЛМЕГЕН:
A) строфантин, Са хлорид енгізу
B) физикалық суыту және нейровегетативті блокада жасау
C) т/і новокаинамид немесе никотинамид енгізу
D) бикарбонат, лазикс қолдану
E) ӨЖВ, оксигенотерапия, кортикостероидтарды енгізу

57. Фентанил қолданғанда брадикардияның себебі ... болып табылады.
A) вагальді әсердің стимуляциясы
B) кардиодепрессивті әсер
C) Бейнбридж рефлекстерінің күшеюі
D) симпатикалық ганглийлердің блокадасы
E) ваго-вагальді рефлекс

58. Гиперкалиемияның клиникалық белгілері болып табылады:
A) құсу, іш өту
B) аритмия, қарыншалық экстрасистолия
C) қарыншалар жыбыры
D) диастолада жүректің тоқтауы
E) аритмия

59. Релаксанттарды қолданбай жасалған нейролептанальгезиямен орындалған операциядан соң науқаста дене бұлшықеттерінің құрысулық ригидтілігімен, әсіресе кеуде қуысының, тыныстың депрессиясы анықталды. Жағдайды бағалап препарат тағайындаңыз:
A) налорфин
B) бемегрид
C) прозерин
D) атропин
E) промедол

60. Кетамин ... ШАҚЫРМАЙДЫ.
A) ретикулярлы формацияның депрессиясын
B) галлюцинацияны
C) терең соматикалық аналгезияны
D) артериальді гипертензияны
E) тахикардияны

61. Кетамин дозасын қайта енгізгенге ТӘН ЕМЕС клиника:
A) тыныс алу жиілігі және жас ағуының жоғарлауы
B) нистагмның пайда болуы
C) тыныстық көлемнің азаюы
D) АҚ жоғарлауы және тахикардия
E) көз алмаларының ығысуы

62. Хирургиялық науқастардағы тұрақты гипертермияның аясында дамыған фебрильді құрысулар нәтижесі болып табылады:
A) бас миының ісінуінің
B) нерв талшықтарының демиелинизациясының
C) дегидратацияның

D) нейро – бұлшықеттік өткізгіштік жетілмегенінің
E) қан ақуыздары денатурациясының

63. Пропранолол мен ... қосарланғанда асистолия дамуы мүмкін.
A) верапамил
B) фуросемид
C) фенобарбитал
D) фенитеин
E) трамадол

64. Галотан үшін минимальді альвеолярлы концентрация (МАК) құрайды:
A) 2.68%
B) 1.68%
C) 1.15%
D) 0.77%
E) 0.16%

65. Операциядан алдыңғы кезеңде анестезиологиялық көмектің төмендегі міндеттері бар, МЫНАДАН БАСҚА:
A) науқастың жалпы жағдайын бағалау
B) операциялық қауіп дәрежесін анықтау
C) операциялық қан кетуді бақылау
D) премедикация тағайындау
E) жалпы анестезия әдісін таңдау

66. Операциядан алдыңғы дайындық кезінде анестезиолог АЗ мән беретін жағдай:
A) операция алаңын өңдеу
B) науқастың психологиялық дайындығы
C) соңғы тамақ қабылдау уақыты
D) премедикация
E) қуықтың босауы

67. Гиповолемиялық шок патогенезіндегі негізгі буын болып табылады:
A) преднагрузканың төмендеуі
B) преднагрузканың жоғарлауы
C) постнагрузканың төмендеуі
D) айналымдағы қан көлемінің жоғарлауы
E) қанның минуттық көлемінің жоғарлауы

68. Механикалық желдету кезінде тыныштық кезіндегі минуттық көлемнен екі есе көп:
A) артериялық қанның pH жоғарлайды
B) артериялық қандағы CO2 мөлшері артады
C) тері тамырларының вазодиляциясы болады
D) жүректің лақтырысы жоғарлайды
E) плазмадағы иондалған кальций артады

69. Даун ауруы бар науқастарда қиын интубацияның себебі болып табылады:
A) үлкен тіл
B) шеміршек қаңқасының деформациясымен көмейдің алдыңға және артқа ығысуы
C) атлант-окципитальді жіктің анкилозы (басты шалқайтудың мүмкін болмауы)
D) дауыс байламдарын қарауды және интубациялық түтікті өткізуді қиындататын жоғары кесу тістерінің үлкен болуы
E) ауыз қуысы ашылуының мүмкін болмауы

70. Премедикацияда дроперидолды енгізгеннен кейін науқастарда кейде ыңғайсыздық сезімі, ішкі қорқыныш, шаршағыштықпен сипатталатын психоневрологиялық симптоматика дамиды. Науқастар операцияға теріс көзқараста болады, кейде бас тартады. Бұл жағдай аталады:
A) нейродислепсия
B) нейродистония
C) нейропения

D) Кандинский-Клерамбо синдромы
E) нейроплегия

71. Барбитураттар артерия және веналарға арнайы әсер етеді:
A) веналардың кеңеюін шақырады
B) артериялардың спазмын шақырады
C) артериялардың дилатациясын шақырады
D) веналардың спазмын шақырады
E) капиллярлардың спазмын шақырады

72. Сіз күрделі операция кезінде мультимодальды анестезияның компоненті ретінде дексемедетомидинді қолдануды жоспарладыңыз.Бұл препараттың артықшылығы болып табылады:
A) миокард инфарктының қаупі төмен болуы
B) тыныс тежелуінің қаупі төмен болуы
C) айқын гипотензияның қаупі төмен болуы
D) ерте энтеральді жүктеменің мүмкін болуы
E) өлім қаупінің төмен болуы

73. Жүрек соғу жиілігінің өзгергіштігі көрсетеді
A) симпатикалық және парасимпатикалық вегетативті жүйке жүйесінің белсенділігі арасындағы тепе-теңдікті
B) миокардтың жиырылу функциясын
C) синус түйінінің функциясын
D) атриовентрикулярлық түйін функциясын
E) жүректің өткізгіш жүйесінің қызметін

74. Хирургиялық науқаста ҚСЖ бұзылуын оның келесі негізгі көрсеткіштерімен сипаттаңыз: pH=7,33, pCO2=62 мм сын.бағ.ст., BE= +1,5 ммоль / л:
A) өтелген тыныс алу ацидозы
B) компенсаторлық метаболикалық ацидоз
C) өтелген тыныс алу алкалозы
D) декомпенсацияланған метаболикалық ацидоз
E) декомпенсацияланған метаболикалық алкалоз

75. Орташа айқын миокард гипоксиясы бар науқасқа адреналин енгізу шақырады:
A) гипоксияны толығымен жояды
B) гипоксия дәрежесін төмендетеді
C) гипоксияны күшейтеді
D) миокардтағы зат алмасуды күшейтеді
E) миокардтың оттегіне деген қажеттілігін арттырады

76. <question>Плазма электролиттерін зерттеу кезінде хлор анионының концентрациясымен салыстырғанда натрий катионының концентрациясының салыстырмалы жоғарылауы анықталды. Белгіленген арақатынастың бұзылуы мыналарға әкеледі …
A) метаболикалық алкалозға
B) метаболикалық ацидозға
C) компенсаторлық тыныстық алкалозға
D) тыныстық ацидозға
E) аниондық бұзылысқа

77. Анестезия кезінде трансфузионды реакция көрінеді:
A) уртикарлы бөртпемен
B) гипертензиямен
C) ентігумен
D) төс артындағы ауырсынумен
E) температураның төмендеуімен

78. Қатерлі гипертермия патогенезінде басымдық беріледі:
A) миорелаксанттар қолдануға

B) эндоплазматикалық кальций концентрациясына
C) қышқылдану- фосфорлану бұзылысына
D) сарколемма өткізгіштігінің бұзылысына
E) генетикалық ферментопатияға

79. ҚСЖ талдауларында науқаста: pH = 7,57; pCO2 = 45; BE =+ 9,3. ҚСЖ бұзылу түрі .
A) декомпенсацияланған метаболикалық алкалоз
D) эритроциттер санын анықтау үшін
E) тромбоциттер санын анықтау үшін
272. Жедел қан кету немесе гиповолемия дамыған науқастарда қанайналымның гиподинамиялық түрінің пайда болуын түсіндіруге болады:
A) қанайналымның орталықтануымен
B) қанайналымның шунтталуымен
C) макроциркуляция бұзылысымен
D) метаболизмдік алкалозбен
E) метаболизмдік ацидозбен
273. Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,26; pCO2 = 58; BE =+ 3. Бұзылыс түрі:
A) субкомпенсациялы тыныстық ацидоз
B) тыныстық және метаболизмдік ацидоз
C) декомпенсациялы тыныстық ацидоз
D) гипокапния және гипобаземия
E) метаболизмдік ацидоз және тыныстық алкалоз
274. Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,45; pCO2 = 44; BE =-3,2. Бұзылыс түрі:
A) компенсацияланған жағдай
B) субкомпенсациялы тыныстық алкалоз
C) тыныстық алкалоз және метаболизмдік ацидоз
D) декомпенсациялы тыныстық алкалоз
E) компенсациялы метаболизмдік алкалоз
275. Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,38; pCO2 = 52; BE =+ 7,5. Бұзылыс түрі:
A) компенсациялы метаболизмдік алкалоз
B) компенсациялы тыныстық алкалоз

C) декомпенсациялы тыныстық ацидоз және метаболизмдік алкалоз
D) декомпенсациялы метаболизмдік ацидоз
E) гипербаземия және гиперкапния

276. Трансфузияның бірнеше дозаларынан соң науқаста мазасыздық, тыныстың қиындауы, терінің бозғылттығы, пульстің жиілеуі және аритмиясы, тырысулар, АҚ- ның төмендеуі пайда болды, себебі болуы мүмкін:
A) гиперкалиемия
B) ӨАТЭ
C) анафилактикалық шок
D) жедел миокард инфаркты
E) цитраттық шок

277. Хирургиялық науқас ӨЖВ-да, pH - 7,58: PaCO2-24 мм с.б.б., BE -4 мэкв/л, бұл ... дамығанын көрсетеді.
A) субкомпенсациялы тыныстық алкалоз
B) компенсациялы тыныстық алкалоз
C) метаболизмдік ацидоз
D) декомпенсациялы тыныстық алкалоз
E) аралас тыныстық алкалоз

278. Жүрекке дефибрилляция жүргізуге көрсеткіш болып табылады:
A) ЭКГ- да жүрек фибрилляциясының тіркелуі
B) эффективті жүректің жабық массажында 1 минут ішінде
C) ұйқы артерияларында пульстің болмауы
D) ЭКГ- да электро-механикалық диссоциацияның тіркелуі
E) қарашықтардың максимальді кеңеюі

279. Сәйкес келмейтін қан құюға ең ауыр жауап реакциясы ... болып табылады.
A) бүйрек түтікшелерінің зақымдануы
B) өкпе артериясының көптеген эмболиясы
C) бүйрек шумақшалары фильтрлік қабілетінің бұзылысы
D) өкпе ісінуі
E) гемолитикалық анемия

280. Несептің бөліну жылдамдығы ... басқа мүшелердің перфузиясының жеткіліктілігін көрсетеді.
A) 0,5-1,0 мл/кг/мин
B) 0,1-0,5 мл/кг/мин
C) 1,0-1,5 мл/кг/мин
D) 1,5-2,0 мл/кг/мин
E) 2,0-2,5 мл/кг/мин

281. Бүйрек қан ағымы жүйелік қан ағымының ... құрайды
A) 27%
B) 16-25%
C) 10%-15%
D) 30%
E) 45-50%

282. Церебральды қан ағымы жүйелік қан ағымының ... құрайды.
A) 15%
B) 16-25%
C) 27%
D) 35%
E) 90%

283. Бауыр қан ағымы жүйелік қан ағымының ... құрайды.
A) 29%
B) 16-25%
C) 10%-15%

D) 30%
E) 4-5%

284. Жүрек қан ағымы жүйелік қан ағымының ... құрайды.
A) 4-5%
B) 10-25%
C) 27%
D) 30%
E) 63%

285. Есірткі анальгетиктерін көктамыр ішіне енгізгеннен кейін гипотензия ... туындауы мүмкін.
A) вазомоторлы орталықтың депрессиясымен, перифериялық вазодилатациямен
B) миокард депрессиясымен, гиповолемиямен
C) салыстырмалы гиповолемиямен, тахикардиямен
D) теріс хронотропты әсерімен
E) теріс инотропты әсерімен, тахикардиямен

286. Денедегі стресс кезінде алғашқы реакция ... пайда болады.
A) плазмадағы кортикостероидтар деңгейінің жоғарылауы
B) лейкоцитоз
C) калийдің бөлінуі
D) натрий, калийдің сақталуы
E) эритроцитоз

287. Орталық веноздық қысымның жоғарылауы ... байқалады.
A) кеуде ішілік қысымның жоғарылауы кезінде
B) шок кезінде
C) маңызды гипертензия кезінде
D) жоғары жұлын анестезия кезінде
E) маңызды гипотензия кезінде

288. Шоктың алғашқы көрінісі болуы мүмкін:
A) орталық веноздық қысымның төмендеуі
B) жүрек шығысының төмендеуі
C) қан қысымын төмендетуі
D) қан қысымының жоғарылауы
E) веноздық қайтару деңгейінің жоғарылауы

289. Шоктың себебі ЕМЕС:
A) пневмония
B) үлкен қан жоғалту
C) жедел инфекция
D) айқын ауырсыну синдромы
E) анемия

290. Тамырішілік тромбоз кезінде емдеуді ... бастау керек.
A) гепаринмен
B) IX фактор тромбопластин компонентімен
C) жаңа мұздатылған плазмамен
D) мұздатылған тромбоциттермен
E) тұзды инфузиялармен

291. Операция кезінде және одан кейін қан кетудің жоғарылауының себебі:
A) гиперфибриногенемия
B) протамин-натрий сульфатының жеткіліксіз дозасы
C) қанның реологиялық құрамындағы күрт өзгерістер
D) протамин-натрий сульфатының артық дозасы
E) тромбоцитопения

292. Жоғары қан кетуді тоқтату үшін ЕНГІЗІЛМЕУІ тиіс:
A) толық қан

B) жаңа мұздатылған плазма
C) кальций глюконаты
D) тромбомассалар
E) трамин

293. Диуретик-фуросемид …
A) электролиттердің реабсорбциясын тежейді
B) бүйрек қан ағымын арттырады
C) көміртегі ангидразасының белсенділігін тежейді
D) гломерулярлық сүзу жылдамдығын арттырады
E) антидиуретикалық гормонның антагонисті болып табылады

294. Гепарин антикоагулянтқа ТӘН ЕМЕС:
A) тромболитикалық әсері
B) тромбопластиннің антагонист болуы
C) тромбиннің фибриногенмен әрекеттесуіне жол бермеуі
D) тромбоциттер агглютинациясының алдын алуы
E) антипротромбин ретінде әрекеті

295. Гепариннің әсері
A) қан кету уақытын ұзарту
B) ұю уақытын ұлғайту
C) тромбоциттер агглютинациясының алдын алу
D) протромбиннің тромбинге айналуының және тромбиннің фибриногенмен реакциясының алдын алу
E) Y факторының әсерін бұзу

296. Натрий нитропруссидінің негізгі әсері:
A) веноздық вазодилатацияны тудырады
B) миокард депрессиясын тудырады
C) гломерулярлық сүзу жылдамдығын арттырады
D) антидиуретикалық гормонның антагонисті болып табылады
E) коронаролитик болып табылады

297. Аталған құралдардың ішінен аналептиктерге ... жатады.
A) бемегрид, налорфин, лобелин
B) бемегрид, налорфин, эфедрин
C) эуфиллин, налорфин, бемегрид
D) эфедрин, изадрин, налорфин
E) эфедрин, бемегрид, изадрин

298. Арфонадтың негізгі қасиеттері ЕМЕС:
A) гипотермия үшін қолданылады
B) егер гипотония "белгілі бір деңгейге"жеткен болса, қысымның одан әрі төмендеуіне әкеледі
C) науқастың дене қалпы өзгерген кезде оның гипотензивті әсері өзгермейді (ортостатикалық асқынулар жоқ)
D) басқарылатын гипотензия үшін қолданылады
E) тек тамшылатып инфузия түрінде қолданылуы керек

299. Глюкокортикоидтарды қолданудың жанама әсері:
A) иммунитетті белсендіру
B) су-электролит балансының бұзу
C) иммунитетті басу
D) инфекцияның таралу
E) асқазан жарасын тұдыру

300. Препараттың оң инотропты әсері:
A) миокардтың жиырылу функциясының жоғарылауы
B) фермент белсенділігінің тежелуі
C) жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы

D) басқа препараттың әсерін күшейтуі
E) қозу жылдамдығын арттыруы

301. Галотанның қасиеті:
A) гиперкапнияны тудырады
B) теріс хронотропты әсер етеді
C) глюкозаны тұтынуды арттырады
D) оттегін тұтынуды арттырады
E) теріс инотропты әсер етеді

302. Инотропты әсері ЖОҚ препарат
A) мезатон
B) новодрин (изопротеренол)
C) адреналин
D) добутамин
E) дигоксин

303. Жүректің шығуын арттырады:
A) жүрек гликозидтері, кальций
B) норадреналин, ангиотензинамид
C) ангиотензин
D) вазопрессин
E) реместип

304. Жүрек шығаруды ТӨМЕНДЕТПЕЙДІ
A) кетамин
B) фторотан
C) арфонад (триметафан)
D) нитропруссид
E) анаприлин

305. Кезбе нерв... .
A) синустық және атриовентрикулярлық түйіндерді талшықтарымен қамтиды
B) қарыншалар бұлшықетіне талшықтарын таратады
C) стимуляциясы тахикардия шақырады
D) жүрек қызметін қоздырады
E) жүрекшелер бұлшықетіне талшықтарын таратады

306. Коронарлық қанайналымды анықтайтын негізгі фактор болып табылады:
A) аортадағы орташа қысым
B) диастолалық қысым
C) пульстік қысым
D) систолалық қысым
E) пульстің жиілігі

307. Орталық веноздық қысым ... көрсеткіш болып табылады:
A) веноздық тонус және оң қарынша жиырылу қабілетінің
B) оң қарынша жиырылу қабілетінің
C) қан көлемінің
D) жүрек лақтырысының
E) веноздық тонустың

308. Қанайналым жүйесінде ең үлкен алаңға ие:
A) капиллярлар
B) артериолалар
C) үлкен артериялар
D) кіші веналар
E) үлкен веналар

309. Қанның тұтқырлығы ... нәтижесінде төмендейді.
A) қанайналым жылдамдығы жоғарлауының

B) қанайналым жылдамдығы төмендеуінің
C) катехоламин бөлінуінің жоғарлауы
D) ангиотензин бөлінуінің жоғарлауы
E) гиперкапния

310. Лимфатикалық жүйенің негізгі транспорттық функциясына ... тасымалдау жатпайды.
A) электролиттерді
B) ақуыздарды
C) ферменттерді
D) липидтерді
E) глюкозаны

311.Анестезия барысында операциялық столдың бас жағын 60 градусқа жылдам көтергенде АҚ ... әсерінен төмендейді.
A) каротидті синус рефлексі тежелуінің
B) Бейнбридж рефлексі жоғалуының
C) бұлшықеттік тонустың жоғалуының
D) каротидті денешіктердің рефлекторлық тітіркенуінің
E) гиповолемияның

312. Диастолалық қысым ... негізделген.
A) жалпы перифериялық қарсылық және артериялық тамырлардың эластикалығына
B) артериалдық жүйедегі қан көлеміне
C) жүректің жиырылу қабілеттілігіне
D) қан тұтқырлығына
E) пульс жиілігіне

313. Альвеолярлы вентиляцияның көрсеткіші АНЫҚТАЛМАЙДЫ:
A) ӨТС- мен
B) тыныстық көлемімен
C) тыныс алу жолдарындағы өлі кеңістік көлемімен
D) тыныстың минуттық көлемімен
E) тыныс жиілігімен

314. Өкпенің серпімділігі ... ретінде анықталуы мүмкін.
A) қысымдық бірлікке көлемнің өзгеруі
B) көлемдік бірлікке қысымның өзгеруі
C) минутына өкпедегі максимальді газ көлемі
D) өкпенің максимальді сыйымдылығы
E) максимальді қалдық көлемі

315. Өкпеге газдар диффузиясы үрдісіне ӘСЕР ЕТПЕЙДІ:
A) тыныс алатын қоспаның температурасы
B) альвеолярлық- капиллярлық мембрананың өзгерісі
C) диффузия «арақашықтығының» ұлғаюы
D) газдар диффузиясы үшін беткейлік ауданның азаюы
E) өкпенің гиповентиляциясы

316. Аминазиннің нейролептикалық әсері мына рецепторлар блокадасымен негізделген:
A) дофамин
B) адреналин
C) норадреналин
D) ацетилхолин
E) серотонин

317. Ең жоғарғы pCO2 ... анықталады.
A) веналық қанда
B) альвеолалық ауада
C) артериялық қанда
D) тыныс шығарылатын ауада

E) тіндерде

318. Тыныстықүшейтіп, каротидті аймақтағы хеморецепторларға күшті әсер көрсететін қасиетке ие:
A) шамадан тыс CO2
B) шамадан тыс O2
C) O2 жеткіліксіздігі
D) сүт қышқылы
E) pH

319. Аорталық және каротидтік аймақтағы хеморецепторлар ... әсер етеді.
A) тыныс алуға
B) қанайналымға
C) милық қанайналымға
D) коронарлық қанайналымға
E) өкпелік қанайналымға

320. Аорталық және каротидті аймақтағы прессорецепторлар әсер ете алмайды:
A) тынысқа
B) қанайналымға
C) милық қанайналымға
D) коронарлық қанайналымға
E) альвеолярлық перфузияға

321. Гипокапния жағдайына ТӘН ЕМЕС:
A) ми қантамырларының кеңеюі мен мидың ісінуі
B) бет терісінің парастезиясы, қол саусақтардың треморы
C) бастың айналуы және естен тану
D) АҚ төмендеуі
E) тоникалық құрысулар, тетания

322. Семіздік кезіндегі гиповентиляционды синдром мына патологиялық бұзылыстармен сипатталады:
A) өкпе – кеуде қуысы серпімділігі (compliance)
B) плазмадағы бикарбонаттың концентрациясы
C) ауа жолдарының резистенттілігі
D) тыныс алу жұмысы
E) жабылу көлемі

323. Науқаста бірнеше трансфузиядан кейін мазасыздық, тыныс алудың қиындауы, терінің бозғылттығы, пульс аритмиясы, тырыспалар, АҚ төмендеуі байқалды. Осы асқынулардың негізгі себебі ... болып табылады.
A) гиперкалиемия
B) ӨАТЭ
C) анафилактикалық шок
D) жедел миокард инфаркт
E) цитратты шок

324. Дормикумды қолданудың седуксенмен салыстырғанда басты артықшылығы ... болып табылады.
A) кері әсерінің аздығы
B) тынысты азырақ тежеуі
C) гемодинамикаға азырақ әсер етуі
D) көп уыттылығы
E) балаларда қолданылмауы

325. Буландырғышқа қателікпен севофлуран орнына изофлуран толтырылды. Осы қателіктің науқас организміне әсері:
A) булану шкалада көрсетілгеннен жоғары болады
B) концентрацияда ешқандай өзгеріс болмайды

C) булану шкалада көрсетілгеннен төмен болады
D) ол жерде севофлуран болғандағыдай қолдануға болады
E) бұл тек газдың иісіне әсер етеді

326. Анестезияда фентанил және промедолды қосып қолдану келесі әсерге алып келуі мүмкін:
A) фентанилдің анальгетикалық әсерінің күшеюі
B) промедолдың анальгетикалық әсерінің күшеюі
C) фентанилдің анальгетикалық әсерінің төмендеуі
D) промедолдың анальгетикалық әсерінің төмендеуі
E) анальгетиктердің фармакологиялық әсері бірбағыттылығына байланысты жалпы анальгетикалық әсерінің күшеюі

327. Сіз наркоз жүргізу мақсатында бензодиазепин препараттарының қатарындағы мидозоламды бір компонент ретінде қолдануды жоспарладыңыз. Осы препараттың метаболизмін күшейтетін фактор:
A) бүйрек қызметінің қызметі
B) шылым шегу
C) созылмалы алкоголизм
D) егде жас
E) циметидинді қабылдау

328. Төменде аталған наркотикалық заттардың ішінде өте жоғары жану және жарылғыштық қасиеті бар зат:
A) циклопропан
B) наркотан
C) фторотан
D) метоксифлюран
E) азот кем тотығы

329. Азотқа қарағанда азот кем тотығы қанда... есе көп ериді.
A) 35
B) 2
C) 10
D) 20
E) 25

330. Каротидті синустың барорецепторларын ынталандыру... .
A) жүрек жиырылу жиілігін жоғарлатады
B) афферентті импульстің орталық жүйке жүйесіне берілуін азайтады
C) симпатикалық тонусты жоғарлатады
D) артериальді қан қысымын жоғарлатады
E) жүрекшелік натрийуретикалық пептидтердің бөлінуін жоғарлатады

331. Перфторанды қайта енгізу ... қауіпті.
A) анафилаксиямен
B) ТШҚҰ дамуымен
C) тромбоздармен
D) газды эмболиямен
E) қан кетумен

332. Механикалық желдету кезінде тыныштық кезіндегі минуттық көлемнен екі есе көп:
A) артериялық қанның pH жоғарлайды
B) артериялық қандағы CO2 мөлшері артады
C) тері тамырларының вазодиляциясы болады
D) жүректің лақтырысы жоғарлайды
E) плазмадағы иондалған кальций артады

333. Баллондағы NO2 мөлшері ... анықталады .
A) салмағы бойынша
B) баллонды соққылау арқылы дыбыс бойынша

C) қысым бойынша
D) арнайы құралмен
E) манометр бойынша

334. Пайдалану кезінде газ баллондары ... болуы қажет.
A) тік қалыпта
B) көлденең қалыпта
C) қақпақшасымен төмен қарай
D) кез келген қалыпта
E) жартылай бүйірлік күйінде

335. Дроперидол ... шақырмайды.
A) қан тамырлардың спазмын
B) адреналин мен норадреналиннің прессорлық әсерін төмендетуді
C) орташа гипотонияны
D) тіндердің перфузиясын жақсартуды
E) перифериялық тамырлардың кеңеюін

336. Келесі дәріні барбитурат ерітінділерімен араластыруға және оларды бір уақытта енгізуге рұқсат етіледі:
A) дитилинді
B) анатруксонийді
C) диплацинді
D) тубокураринді
E) ардуанды

337. Келесі дәрі жалпы қан ағысының перифериялық қарсыласуын төмендетеді:
A) добутамин
B) норадреналин
C) мезатон
D) эфедрин
E) адреналин

338. Гипоксемия тынысты ... әсер ету арқылы стимулдайды.
A) каротидті денеге
B) сопақша мидың хеморецепторларына
C) орталық респираторлық нейрондарға
D) каротидті синуске
E) гипоталамустың хеморецепторларына

339. Гемоглобин ... болып табылады.
A) гликопротеин
B) липопротеид
C) липид
D) минералды зат
E) хромопротеид

340. Гиперкапния кезінде қанда ... мөлшері үлкейеді.
A) карбоксигемоглобин
B) метгемоглобин
C) оксигемоглобин
D) карбогемоглобин
E) сульфгемоглобин

341. Дофамин ...мг/кг/мин дозада адреналин сияқты әсер етеді.
A) 10 артық
B) 5 артық
C) 15 артық
D) 3 аз
E) 20 артық

342. Вазодилатациялық әсер ... бета- адреноблокаторлық әсеріне байланысты.
A) фентоламиннің
B) нитропруссидтің
C) бензогексонидің
D) арфонадтың
E) гемитонның
343. Рекофолды ... қоса қолдану қажет.
A) кетаминмен
B) новокаинмен
C) седуксенмен
D) гамма окси-май қышқылымен (ГОМК)
E) дормикуммен
344. Наркоз кезінде ӨЖВ-на ауыстырғаннан кейін тыныс жетіспеушілігі жоқ науқастардың жалпы оттегіге қажеттілігі:
A) төмендейді
B) айтарлықтай өзгермейді
C) тіндер оксигенациясының жақсаруы есебінен жоғарлайды
D) анестезия түріне байланысты өзгереді
E) артериялық қысым деңгейіне байланысты өзгереді
345. Наркоз кезінде өкпесі қалыпты науқаста ... режимін қосу дұрыс болып табылады.
A) көлем бойынша басқару
B) қысым бойынша басқару
C) инверсиямен басқару
D) жоғары PEEP
E) тыныс алу кезіндегі плато
346. Жалпы ұйқы артериясы сыртқы және ішкі болып мына деңгейде бөлінеді:
A) қалқанша тәрізді шеміршектің жоғары қырында
B) VI мойын омыртқасында
C) VII мойын омыртқасында
D) II мойын омыртқасында
E) I мойын омыртқасында
347. Ең үлкен қан көлемі… болады.
A) үлкен қан айналым шеңберінің көк тамырларында
B) капиллярларда
C) үлкен қан айналым шеңберінің артерияларында
D) өкпе және жүрек қантамырларында
E) бауыр қантамырларында
348. Тыныстық ацидоз туындағанда анестезиолог тактикасына кіреді:
A) өкпенің гипервентиляциясын жүргізу
B) натрий гидрокарбонатын құю
C) наркотикалық зат беруді азайту
D) тыныстық аналептиктерді тамыр ішіне енгізу
E) ақуыздық препараттарды құю
349. Қан жоғалту ауыр түрінде ӨЖВ-на көрсеткіш болып ТАБЫЛМАЙДЫ:
A) гемодинамика тұрақтылығы
B) комалық жағдай
C) мидің ісінуі
D) өздігінен тыныстың жеткіліктілігіне күмән болуы
E) гиповентиляция
350. Қанның тұтқырлығын … жоғарлатады.
A) гиперкапния
B) гипоксия

C) гипопротеинемия
D) гипокоагуляция
E) анемия

351. Ацетилхолин ... импульстарының медиаторы болып табылады.
A) парасимпатикалық нерв ұштары және қанқа бұлшықеттеріндегі қозғалтқыш нерв ұштары
B) парасимпатикалық және симпатикалық нерв ұштары
C) қаңқа бұлшықеттерінің қозғалтқыш нерві ұштары
D) кейбір симпатикалық постганглионарлық ұштарындағы
E) автономды нерв түйіні

352. Орталық веналық қысым ... көрсеткіші болып табылады.
A) күре тамыры тонус мен оң жүрекшенің жиырылу күші қаблеттілігі
B) оң жүрекшенің жиырылу күші қаблеттілігі
C) қан көлемінің
D) жүрек қан лақтыру көлемінің
E) күре тамыр тонусының

353. Жүрекке тікелей емес массаж жасауда астыңғы қолды ... қоямыз.
A) төстің төменгі үштен бір бөлігіне, өсіндіден 2 саусақ жоғары
B) төстің осіне перпендикулярлы, оның жоғарғы үштен бір бөлігіне
C) төстің осіне параллель, оның ортаңғы үштен бір бөлігіне
D) төстің осіне параллель, оның жоғарғы үштен бір бөлігіне
E) төстің осіне перпендикулярлы, оның төменгі бөлігіне

354.Жүрек – өкпе реанимациясы кезінде бірінші кезекте ... қажет.
A) жүректің жабық массажын жасау
B) дефибриляция
C) тыныс жолдарының өтімділігін қамтамасыз ету, өкпені жасанды желдендіру
D) күретамырға егу жүргізу
E) ми ісінуінің алдын алу, қорғау

355. Бүйректің шумақтық фильтрациясының төмендеуіне ... алып келеді.
A) жүйелі қан қысымының төмендеуі
B) қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
C) несеп шығуының кедергісі
D) шумақтық алып келетін дилатация артериолдардың кеңеюі
E) шумақтық алып кететін артериолдардың тарылуы

356. Дефибрилляция жүргізудің көрсетілімі болып ... табылады.
A) ЭКГ-да жүрек жыбырлауының тіркелуі
B) ұйқы артериясында пульстың болмауы
C) жүрек жұмысының жабық массажды 1 мин.бойы тиімді жүргізуіне қарамастан қалпына келмеуі
D) көз қарашығының максималды кеңеюі
E) естің және тыныс алудың болмауы

357. Фентанилдың ең күшті әсер ету ұзақтығы шамамен ... құрайды.
A) 20-30 минутты
B) 45-60 минутты
C) 1-2 сағатты
D) 2-4 сағатты
E) 4-6 сағатты

358. Кетаминмен наркозға тамыр ішілік енгізгенде әдетте мөлшері ... болады.
A) 2 мг/кг
B) 0.02 мг/кг
C) 0.5 мг/кг
D) 1 мг/кг
E) 0.05 мг/кг

359. Коллоидты плазма алмастырғыштардың гемодинамикалық әсері ... байланысты.
A) молекулярлы массаға
B) бүйректік қызметіне
C) натрий ионына
D) энергетикалық потенциалға
E) оттегінің тасымалдану функциясына
360. Фентанилге ... ТӘН ЕМЕС.
A) ұзақ уақыттық аналгезиялық әсер
B) брадикардия
C) скелет бұлшықетінің қатаюы
D) тыныс депрессисы
E) құсу
361. Егер анестетик … жолмен енгізілсе анестезия тез арада қайтымды болып келеді.
A) ингаляциялық
B) энтералды
C) ректалды
D) венаішілік
E) бұлшықетішілік
362. Тромбоциттердің негізгі қызметі …
A) гемостазды тұрақтандандыру
B) антиденелерді тасымалдау
C) ақуыздарды тасымалдау
D) иммунды жауап реакциясына қатысу
E) тромбопоэтинді өндіру
363. Коагулограмма … бағалауға мүмкіндік береді.
A) гемостаздың коагуляционді механизмін
B) гемостаздың тамырлы -тромбоцитарлы механизмін
C) тамыр қабырғаларының резистентілігін
D) тромбоциттердің функцианальды белсенділігін
E) гемостаздың антикоагуляционді механизмін
364. Тромбоцитарлы-қантамырлық гемостаздың бұзылысын ... анықтауға болады.
A) қан кету уақытынан
B) қан ұю уақытынан
C) тромбиндық уақыттан
D) плазминоген деңгейінен
E) фибринолизден
365. Қалыпты жағдайда қанның (Ли – Уайт әдісі бойынша) ұюы ... минутқа тең.
A) 5-10
B) 2 – 4
C) 3 – 7
D) 1 – 4
E) 12 -15
366. Негізгі зат алмасуды анықтау мақсаты ... өлшенеді.
A) О2 сіңірілуімен және СО2 бөлінуімен
B) дене қызуымен
C) ішкен тамақтың калориясымен
D) ішкен тамақтың сіңірілуімен
E) ақуыз,май, көміртегінің ыдырауынан бөлінген жылумен
367. Миокардтың айтарлықтай гипоксиясы бар науқасқа енгзілген адреналин ерітіндісі ... .
A) гипоксияны күшейтеді
B) гипоксия сатысын азайтады
C) зат алмасу процесіне әсер етпейді

D) гипоксияны толық жояды
E) зат алмасу процесін өршітеді

368. Жалпы перифериялық қан ағымына кедергіні төмендететін препарат:
A) добутамин
B) норадреналин
C) мезатон
D) эфедрин
E) адреналин

369. Гемодинамика көрсеткіштерінің ішінде қанайналымның толыққандылығын (адекваттылығын) ең толық сипаттайтын:
A) минуттік қан көлемі
B) қан қысымы
C) қан ағымы кедергісі
D) веноздық қан қайтымы
E) қан тамырларының кеңеюі

370. Оксигенация жағдайын ... арқылы бағалайды.
A) пульсоксиметрия
B) АҚ көрсеткіші
C) қанайналым
D) пульс
E) жүрек шығарымы

371. Қан айналымның гиповолемиялық түрінде жүрек лақтыруын ұлғайту мақсатымен ... ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ.
A) бета-блокаторларды
B) жүрек гликозидтерін
C) симпатомиметиктерді
D) плазма алмастырғыштарды
E) кортикостероидтарды

372. ЭМОЛТ+4+2С температурада ... сақталады.
A) 3 сағ
B) 30 күн
C) 1 сағ
D) 3 күн
E) 5 сағ

373. Фибринолиздің айқын түрін емдеуде ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:
A) никотин қышқылы
B) гормондар
C) криопрецепитат
D) плазма
E) гепаринделген плазма

374. Жедел қан кету және гиповолемиясы бар науқастарда гиподинамикалық типті қан айналудың пайда болуын түсіндіруге болады:
A) қан айналудың орталықтандырылуымен
B) қан ағысын шунтирлеумен
C) макроциркурляцияның бұзылысымен
D) метоболикалық алкалозбен
E) метоболикалық ацидозбен

375. «Электро-механикалық диссоциация» термині ... түсіндіріледі.
A) жүрек жиырылуының болмауы кезінде электрлік белсенділігінің сақталуымен
B) оң және сол қолда қысымның бірдей болмауымен
C) пульс ырғағының бұзылуымен
D) электрлік белсенділігінсіз жүректің жиырылуымен

E) жүрек бұлшықетінің хоатикалық жиырылуымен

376. Хирургиялық ота жасау кезінде 400 мл эр.массасын трансфузия жасады. Бірақ лабораториялық көрсеткіш төменгі нәтиже берді. Болжамды себебі болып ... табылады.
A) қан ағудың жалғасуы
B) айқын спленомегалия
C) иммунды сәйкессіздік
D) топтық сәйкессіздік
E) резус сәйкессіздігі

377. Хирургиялық науқас эритроциттік массаның трансфузиясынан кейін асқазан ішек жолдарынан қан кеткен, тексергеннен кейін ЭКГ- де синусты тахикардия, P-pulmonale, тыныс алудың қиындауы, кеуде артының ауырсынуы байқалды. Асқынудың болжамды себептері ... болуы мүмкін.
A) өкпелік артериялардың тромбоэмболиясы
B) анафилактикалық шок
C) гиперкалиемия
D) жедел инфаркт миокарды
E) гиперкальциемия

378. Операция барысында науқасты өкпені жасанды желдетуге ауыстыру қажеттілігі туралы мәселені шешкен кезде артериялық қанның pO2 және pCO2 көрсеткіштері үлкен маңызға ие. Қарастырылып отырған мәселені оң шешудің критерийі болып табылатын осы газдардың кернеу көрсеткіші белгіленді. Газдардың кернеулігі ... құрайды.
A) 60 мм рт. ст.
B) 30 мм рт. ст.
C) 40 мм рт. ст.
D) 50 мм рт. ст.
E) 70 мм рт. ст.

379. Жүректің лақтырысы ... кезде максимум болып табылады.
A) өздігінен тыныс алу
B) көмекші тыныс алу
C) ӨЖЖ ауыспалы қысымымен
D) ӨЖЖ үзіліссіз қысымымен
E) дем шығарудың соңғы кезенде оң қысымды ӨЖЖ

380. Науқастың қышқылды-сілтілік жағдайы: pH= 7,34, pCO2= 28 мм сын.бағ. ст., BE= - 5,6 ммоль / л. ҚСЖ бұзылыстарының сипаты:
A) компенсациялық метаболикалық ацидоз
B) компенсациялық тыныс алу алкалозы
C) декомпенсациялық тыныс алу ацидозы
D) декомпенсациялық метаболикалық алкалоз
E) компенсациялық метаболикалық алкалоз

381. өлшеу үшін артериялық PCO2 білу керек.
A) физиологиялық өлі кеңістік
B) көмірқышқыл газының шығарылуы
C) желдетудің минуттық көлемі
D) өкпенің қалдық көлемі
E) өкпенің өмірлік сыйымдылығы

382. Тыныс алу ацидозы пайда болған кезде анестезиологтың тактикасы ... қамтиды.
A) өкпенің гипервентиляциясын жүргізу
B) натрий гидрокарбонатын құю
C) наркотикалық дәріні беруді азайту
D) тыныс алу аналептиктерін көктамыр ішіне енгізу
E) ақуыз препараттарын құю

383. Фибрилляция кезеңінде деполяризациялайтын бұлшықет миорелаксанттары ... қабілетті.

A) көзішілік қысымды жоғарылатуға
B) көзішілік қысымды төмендетуге
C) көзішілік қысым өзгермеуге
D) көзішілік қысымды күрт төмендетуге
E) бас ішілік қысымды жоғарылатуға

384. Анестезия кезінде қатерлі гипертермияның патогенезінде ... ең қолайлы.
A) миорелаксантарды қолдану
B) эндоплазмалық кальций концентрациясы
C) тотығу фосфорлануының бұзылуы
D) сарколемма өткізгіштігінің бұзылуы
E) генетикалық анықталған ферментопатия

385. Қанның ең үлкен көлемі...орналасқан.
A) қан айналымының үлкен шеңберінің көктамырларында
B) капиллярларда
C) қан айналымының үлкен шеңберінің артерияларыда
D) өкпе және жүрек тамырларында
E) бауыр тамырларында

386. Жүрек тоқтауының түрлеріне ... жатады.
A) асистолия, фибрилляция, электромеханикалық диссоциация
B) асистолия, фибрилляция, брадикардия
C) асистолия, пароксизмальная тахикардия, электромеханикалық диссоциация
D) асистолия, жыбыр, брадикардия
E) фибрилляция, тахикардия, аритмия

387. Метаболикалық ацидозды коррекциялауды pH ... деңгейінде бастаған жөн.
A) 7,2
B) 7,3
C) 7,35
D) 7,1
E) 7,25

388. Хирургиялық науқаста қышқыл- сілтілі жағдайдың келесі көрсеткіштері анықталған: pH -7,2, BE-0, paCO2-70 мм.сын.бағ, бұл ... тән.
A) респираторлық ацидозға
B) респираторлық алкалозға
C) метаболикалық ацидозға
D) метаболикалық алкалозға
E) аралас ацидозға

389. Асфиксияда дамитын ацидоз ... деп аталады.
A) респираторлық, гиперкарбиялық
B) метаболикалық, гипокапниялық
C) гиперканиялық, алкалемиялық
D) гипокапниялық, респираторлық
E) лактатацидемиялық, гипокапнилық

390. Шалғай қан тамырларының қарсыластығын төмендетуге қолданылатын дәрі ... тобы.
A) нитраттар
B) вазопрессорлар
C) кардиотониктер
D) спазмолитиктер
E) ксантиндер

391. Тікелей антикоагулянттардың ең басты әсер ететін механизмі:
A) протромбиннің тромбинге айналуын тоқтатады
B) активті тромбопластиннің пайда болуын тоқтатады
C) тромбопластиннің инактивациясын шақыртады

D) фибриногеннің тромбинді адсорбциясын күшейтеді
E) тромбинді инактивациялайды

392. Сол қарынша жедел жетіспеушілігінде ... гипоксия орын алады.
A) циркуляторлық
B) гемиялық
C) гипоксиялық
D) гистотоксикалық
E) ұлпалық

393. Терең анемия жағдайында ... гипоксия орын алады.
A) гемиялық
B) циркуляторлық
C) гипоксиялық
D) аралас
E) ұлпалық

394. Анестезия барысында төменгі қуыс көк тамыр синдромының дамуы, ең қауіпті ... кезеңінде орын алады.
A) кіріспе
B) қолдау
C) негізгі
D) шығу
E) барлық

395. Хирургиялық операциядан кейінгі кезеңде инфузия тәртібі ... енгізу болып табылады.
A) физиологиялық қажеттілігі, патологиялық бөлінді сұйықтықтар көлемін
B) патологиялық қажеттілігімен, перспирация сұйықтықтар көлемін
C) құсу, терлеу, диареямен жоғалтқан сұйықтықтар көлемін
D) дренаждан, қан жоғалту көлемін
E) гипопротеинемия, гипокалиемияны коррекциялауға бағытталған сұйықтар көлемін

396. Хирургиялық операциясынан кейінгі кезеңде қан кетуінде байқалатын нақты белгілері ... болып табылады.
A) гипотензия тереңдеуі, тахикардия, тахипноэ
B) тұрақты тахикардия, нормотензия, тахипноэ
C) тұрақты брадикардия, гипотензия, тахипноэ
D) тұрақты гипертензия, тахикардия, брадипноэ
E) тұрақты ентікпе, гипертензия, брадикардия

397. Ұзақ уақыт бойы 100 % оттегі қосындысымен жүргізілген оксигенотерапия … шақырады.
A) ми қан тамырларын тарылуын, гипероксиялық бұзылыстарын
B) қан айналым көлемін жоғарылуын, гипокапнияны
C) метаболикалық ацидозды, полиурияны
D) аралас ацидозға соқтырып тыныс жиілігінің жоғарылауын
E) гипероксияны, гиперкапнияны

398. Қан айналымның тоқтауының фибилляция түрінде алғашқыда тек … жүргізген тиімді болып келеді.
A) дефибрилляцияны
B) жүрекке сырттай компрессияны
C) адреналин енгізіп жасанды тыныстауды
D) жасанды тыныстауды және дефибрилляцияны
E) адреналин енгізіп, ауыз мұрнын тазалауды

399. ӨЖЖ - ауыздан ауызға үрлеудің тиімді жақтары ... болып саналады.
A) тыныс көлемін қамтамасыз ету
B) 100 % оттегіні енгізу
C) көмір қышқыл газын толық шығару
D) жүрек жұмысын жақсарту

E) тыныс орталығын рефлекторлы тітіркендіру

400. Жүрек тоқтауының электромеханикалық диссоциация түрінде тек ... жасайды.
A) жүрекке сырттай компрессия
B) дефибриляция сосын ашық массаж
C) тек қана ашық массаж
D) адреналин енгізіп дефибрилляция
E) атропин енгізіп, кеуде тұсын соққылап, сырттай компрессия

401. Жүрек тоқтағанда енгізетін негізгі препарат ... болып табылады.
A) адреналин 1 мг 3-5 мин сайын
B) атропин 1 мг, норадреналин
C) кальций хлориды 10%-10 мл
D) адреналин 1 мг, атропин
E) адреналин 0,5 мг 3-5 мин сайын, калий хлориды

402. Қанды және оның препараттарын құйғанда қан тобы ... .
A) бірінші гемотрансфузия алдында тексеріледі
B) әр гемотрансфузия алдында тексеріледі
C) тексерілмейді, төлқұжаттығы белгілер жеткілікті
D) тексерілмейді, сырқатнамадағы жазбалар жеткілікті
E) тексерілмейді, анамнез жеткілікті

403. Гемодинамикалық қан алмастырғыштардың емдік әсерлері:
A) тамырда сұйықтықты ұстап тұрады
B) қандағы белокты жоғарлатады
C) АҚҚ төмендетеді
D) бауыр функциясын стимуляциялайды
E) ретикулоэндотелиальды жүйені стимуляциялайды

404. Хирургиялық науқаста РН-7,29; рСО2- 35 мм.сын.бағ; ВЕ—13,5 ммоль/л; АВ-28 ммоль/л; SB-29 ммоль/л; К-3,1 ммоль/л;Na-140 ммоль/л; CL-98 ммоль/л. аталған өзгерістерді бақылауға болады:
A) метаболиялық ацидоз
B) метаболиялық алкалоз
C) респираторлық ацидоз
D) респираторлық алкалоз
E) респираторлық алкалоз+ метаболиялық ацидоз

405. Науқаста К-4,3 ммоль/л; дене салмағы 70 кг калий жетіспеушілігі ... құрайды.
A) 1,4 ммоль/л
B) 1,2 ммоль/л
C) 1,5 ммоль/л
D) 2 ммоль/л
E) 2,1 ммоль/л

406. Тыныстың нәтижелілігінің айқын критерялық көрсеткіші ... болып табылады.
A) РаО2 және РаСО2 анықтау
B) минуттық тыныс саны
C) тыныстық көлем
D) тыныстың минуттық көлемі
E) өлі кеңістікті анықтау

407. Хирургиялық науқаста қышқыл-сілті жағдайның келесі өзгерістер анықталды: рН-7.2, ВЕ-0; рСО2-70 мм.с.б.б.; рО2-55 мм.с.б.б. Бұл ... байланысты.
A) тыныстық ацидозбен
B) тыныстық алкалозбен
C) метаболикалық ацидозбен
D) метаболикалық алкалозбен
E) тыныстық және метаболикалық алкалозбен

408. Жедел қан кетуде организмде бірнеше минут ішінде ... үдерісі жүреді.
A) интерстициалды сұйықтық тамыр қуысына палазманың тұрақты көлемін қамтамасыз ету үшін ауысу
B) гематокрит азаюмен гемодилюция дамуы
C) гематокрит көбеюмен тромбоцитопения дамуы
D) гематокрит көбеюмен гемоконцентрация дамуы
E) қан өндіру

409. Оттегі жеткіліксіздігінің ең сенімді белгісі болып табылады:
A) тахикардия
B) гипертензия
C) терең тыныс
D) гипотония
E) беттің гиперемиясы

410. Бұғана асты венасын катетеризациялаудың ең жиі асқынуына ... жатады.
A) пневмоторакс
B) артерия зақымдануы
C) гидроторакс
D) лимфапротоктың зақымдануы
E) гемоторакс

411. Оталық күйзеліс деп аталады:
A) әр түрлі әсерлер кешені қосындысының биологиялық жауабы: қорқу, қозу,ауырсыну, наркоз, теріде жараның және жарақатың болуын
B) хирургиялық жарақатқа биологиялық жауабын
C) ауырсынудың биологиялық қорғанысы. Жансыздандыру күйзеліс факторы болмауын
D) биологиялық қорғаныс - күйзеліс–ота басталғанда дамып ота аяқталғанда басылуын
E) жарақат және қан жоғалтуға биологиялық қорғаныста

412. Жіті бүйрек жетімсіздігінің ... информативі көрсеткішіне жатады.
A) диурездің сағаттық мөлшері
B) плазмадағы электролиттердің концентрациясы
C) орталанған қан қысымы
D) зәрдің тығыздығы
E) қан плазмасындағы белок құрлымы

413. Ота және наркоз кзінде жүректің тоқтауы (асистолия) болса, ЖӨР ... арқылы орындалады.
A) отаны тоқтату,жараға таңғыш салу , анестетик енгізуді тоқтату, вентиляция 100% О2мен желдету, жүрекке ткелей емес массаж жасау
B) отаны тоқтату, наркоза дозасын көбейту, жүрек ішіне адреналин енгізу, жүрекке ткелей емес массаж жасау
C) наркозды жалғастыру оттегінің фракционды концентрациясын жоғарлату 100%, отаны тоқтату және реанимациялық бригаданы шақыру
D) отаны тоқтату, жүрекке ткелей емес массаж жасау ,жүрек ішіне адреналин ингізу, оттегімен ингаляция жасау наркотикалық анестетиктерсіз, электродефибрилляция жасау
E) отаны тоқтату, наркозды тоқтату, "АМБУ" қабымен желдету, электродефибрилляция жасау және одан кейін жүрекке ткелей емес массаж жасау

414. Интубация кезінде көмей мен жұтқыншақты тітіркендіруде рефлекторлы жүректің тоқтауы болды, біріншілік реанимация кезінде ...бірінші енгізеді.
A) атропин
B) промедол
C) эуфиллин
D) пипольфен
E) листенон

415. Геморрагиялық шокта дамыған олигурияда бірінші кезекте ...жүргізіледі.
A) айналмалы қан көлемін толтыру

B) тамыр ішінеманит енгізу
C) тамыр ішіне лазикс енгізу
D) тамыр ішіне эуфиллина енгізу
E) гемодиализ жасау

416. Реанимациялық іс – әрекет дегеніміз:
A) өмір сүру қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған практикалық іс – әрекет
B) дефибриляция жүргізу
C) терминальді жағдайды зерттейтін клиникалық медицина бөлімі
D) тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру үшін атқарылатын іс – әрекет
E) жүрекке тікелей емес массаж жасау

417. Жай жағдай кезінде клиникалық өлімнің максимальді ұзақтығы ... минут құрайды.
A) 4-5
B) 10-15
C) 2-3
D) 1-2
E) 20-25

418. Реанимациялық шаралардың базалық кешендік шаралары ... жасаудан тұрады.
A) науқасты дұрыс жатқызу, жүрекке тікелей емес массаж, ауыздан ауызға әдісімен ӨЖЖ
B) науқасты дұрыс жатқызу, ауыздан ауызға әдісімен ӨЖЖ, жүрекке тікелей массаж
C) ауыздан ауызға әдісімен ӨЖЖ, жүрекке тікелей емес массаж, дефибрилляция
D) жүрекке тікелей массаж, ауыздан ауызға әдісімен ӨЖЖ
E) науқасты дұрыс жатқызу, ауыздан ауызға әдісімен ӨЖЖ, дефибрилляция

419. Өкпені жасанды желдендіру (ӨЖЖ) аппаратын метрологиялық тексеру барысында жүргізілетін міндетті іс – шара:
A) ӨЖЖ аппаратын іске қосып тыныс алдыру жүйесінен ауаның тысқа шықпауын тексеру
B) оттегі газоанализаторын тыныс жүйесі контурының дем кіретін жолына орналастыру
C) ылғалдандырғышты қосу
D) тыныс шығу арнасына волюмоспирометрді орналастыру
E) тыныс көлемін тыныс шығару кезеңінде өлшеу

420. ӨЖЖ кезінде, тыныс құрамындағы оптимальды оттегінің концентрациясы ... % болуы керек
A) 40-60
B) 20-40
C) 60-80
D) 20-30
E) 90-100

421. Өкпені желдендіруді тиімді деңгейін ... арқылы бағалалайды.
A) капнография
B) пульсоксиметрия
C) плетизмография
D) электрокардиография
E) акцелерография

422. Гипоксия бірінші кезекте ... қызметін бұзады.
A) мидың
B) бауырдың
C) өкпенің
D) бүйрек үсті безінің
E) бүйректің

423. Жүрек қызметінің нақты тоқтаған түрін ... негізінде қояды.
A) ЭКГ
B) ұйқы артериасында тамыр соғуының болмауы
C) ЭЭГ
D) ес – түсіні болмауы

E) көз қарашығының кеңеюі

424. Денедегі жеткілікті қан айналымы ... ТҰРАҚТАНДЫРЫЛМАЙДЫ.
A) қышқылды-негіз тепе-теңдігімен
B) миокардтың жиырылу қабілетімен
C) тамырлы тонуспен
D) ЖҚК
E) жүректің жиырылу жиілігімен

425. Дәстүрлі түсініктерге сәйкес дроперидолды көктамыр ішіне енгізген кезде гипотензивті әсер ... әсер етеді.
A) 2,5 сағатқа дейін
B) 15 минутқа дейін
C) 30 минутқа дейін
D) 45 минутқа дейін
E) 60 минутқа дейін

426.Жергілікті анестетик ... болып табылады.
A) лидокаин
B) промедол
C) сомбревин
D) азот кем тотығы
E) кетамин

427. Адреналиннен басқа ФЖ/ЖТ жағдайында қолдануға рұқсат етілген дәрілер жиынтығы
A) кордарон, лидокаин, магнезия
B) кордарон, лидокаин, магнезия, новокаинамид, атропин
C) лидокаин, магнезия, новокаинамид, дигоксин
D) кордарон, лидокаин, магнезия, верапамил
E) новокаинамид, верапамил, лидокаин, магнезия

428. Анестезия аппаратының контуры ... кезде жартылай жабық деп айтуға болады.
A) анестетикті аппараттан ингаляциялау және оны жартылай аппаратқа және жартылай атмосфераға шығару
B) атмосферадан анестетикпен тыныс алу және оны атмосфераға шығару
C) аппараттан анестетикті ингаляциялау және оны атмосфераға шығару
D) аппараттан анестетикті ингаляциялау және оны аппаратқа шығару
E) атмосферадан анестетикпен тыныс алу және оны аппаратқа шығару

429. ЭКГ мәліметтері бойынша: Р толқынының болмауы; QRS кешендерінің деформациясы; минутына 300-ге дейін жүрек соғу жиілігі. Қан айналымын тоқтату түрі …
A) импульссіз қарыншалық тахикардия
B) қарыншалық фибрилляция
C) асистолия
D) электромеханикалық диссоциация
E) экстрасистолия

430. Егер науқас аппараттан дем алып, атмосфераға дем шығарса, онда ... тыныс алу тізбегі қолданылған.
A) жартылай ашық
B) ашық
C) жартылай жабық
D) жабық
E) аралас

431. Ересектерге арналған натрий тиопенталының максималды бір реттік дозасы
A) г
a. г
B) 0.5 г
C) г

D) 5.0 г

432. Кальций хлоридін көктамыр ішіне сорғалатып еңгізу ... кезде көрсетілген.
A) артериялық гипертензиямен верапамилдің артық дозалануы
B) асистолия
C) электромеханикалық диссоциация
D) қарыншалық фибрилляциялар
E) гипокалиемия

433. Кетаминмен анестезия кезінде транквилизаторлармен премедикация қажеттілігі … байланысты.
A) галлюцинацияның пайда болуымен
B) қан қысымының жоғарылауымен
C) көз қарашықтарының кеңеюімен
D) тыныс алу жиілігінің жоғарылауымен
E) саливацияның жоғарылауымен

434. Жүрек / қан айналымын тоқтату түрлерінің дұрыс тізімін көрсетіңіз
A) ФЖ / ЖТ, электромеханикалық диссоциация, асистолия
B) пароксизмальды қарынша үстілік тахикардия, электромеханикалық диссоциация, асистолия
C) ФЖ/ЖТ, толық атриовентрикулярлық блокада, асистолия
D) ФЖ/ЖТ, электромеханикалық диссоциация, синус түйінінің әлсіздік синдромы
E) ФЖ/ЖТ, толық атриовентрикулярлық блокада, асистолия, электромеханикалық диссоциация

435. Кардиогенді шоктың дамуының ТӘН ЕМЕС себебі:
A) веноздық қанның қайтуының төмендеуі
B) инфаркт, миокардит
C) жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылысы
D) ӨАТЭ
E) гемоперикард

436. Ингаляциялық анестетик ... болып табылады.
A) азот кем тотығы
B) тиопентал натрия
C) новокаин
D) калипсол
E) дипривaн

437. Бір рет енгізген кезде промедолдың әсер ету ұзақтығы (анальгетикалық әсер) …
A) 4 сағат
B) 40 минут
C) 1 сағат
D) 6 сағат
E) 10 сағат

438. ЭМД кезінде электр дефибрилляциясын жүргізу …
A) ӨЖР жүргізу кезінде қате болып табылады
B) дұрыс әрекет болып табылады
C) ЭМД қайта тіркеу кезінде жүргізуге болады
D) реаниматологтың қалауы бойынша қолданылады
E) үмітсіздік қадамы болып табылады

439. III дәрежелі шок ... систолалық қан қысымымен сипатталады.
A) 60 мм сынап бағанасынан төмен
B) 70-80 мм сын. бағ.
C) 90-100 мм сын. бағ.
D) 110-120 мм сын. бағ.
E) 130-140 мм сын. бағ.

440.Тіндерді оттегімен қамтамасыз ету ... ТӘУЕЛДІ ЕМЕС.
A) тыныс алу жиілігіне

B) гемоглобиннің оттегімен қанығуына
C) қанның оттегі сыйымдылығына
D) қандағы оттегінің мөлшеріне
E) қан ағымының жылдамдығына

441.Орталық артерияларда импульс болмаған кезде, бірақ ЭКГ-да пароксизмальды тахикардия, толық АВ-блокада, қарынша үстілік тахикардия, синус түйінінің әлсіздік синдромының белгілері болған кезде ... туралы ойлану керек.
A) электромеханикалық диссоциация
B) қарыншалық фибрилляциялар
C) импульссіз қарыншалық тахикардия
D) асистолия
E) жүрекшелердің жыпылықтауы

442Жалпы анестезияның компоненттері …
A) сананы өшіру, анальгезия, нейровегетативті тежелу, бұлшықет релаксациясы, газ алмасуды басқару, қан айналымын басқару, метаболизмді басқару
B) амнезия, анальгезия, тромбоэмболиялық асқынулардың алдын алу, бұлшықет релаксациясы, трахея интубациясы
C) анальгезия, анестезия, бұлшықет релаксациясы, трахея интубациясы, назогастральды зондты орнату, декураризация
D) жөтел рефлексін сақтау, су-электролит тепе-теңдігін түзету, қауіпсіз анестезия талаптарын орындау
E) бұлшықет релаксациясы, тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету, анальгезия, гипноз

443.Натрий тиопенталының ... әсері ЕТПЕЙДІ
A) зәр шығаруға
B) тыныс алу орталығының қызметіне
C) миокардтың жиырылу күйіне
D) тамыр тонусына
E) бауыр мен бүйрек қызметіне

444Нормостениктерде бұғана асты венаны пункциялау және катетеризациялау кезінде ... нүктені (пункция орны) пайдалану керек.
A) Аубаниак
B) Вильсон
C) Абражанов
D) Иофф
E) Захарьин – Гед

445.Жақын операциядан кейінгі кезеңде гипотензия көп дәрежеде ... байланысты болуы мүмкін.
A) толымсыз қан жоғалтуына, гиповолемия немесе тұрақты қан кетуіне
B) ауырсыну синдромына
C) науқастың операциялық үстелдегі дене қалпын өзгертуіне
D) анестетиктің артық дозалануына
E) эндокриндік жеткіліксіздігіне

446Бүйректегі жалпы қан ағымы көлемі қанша пайызын құрайды:
A) жүректің минуттық көлемінің 20%
B) жүректің минуттық көлемінің 10%
C) жүректің минуттық көлемінің 30%
D) жүректің минуттық көлемінің 40%
E) жүректің минуттық көлемінің 50%

447.Систолалық қан қысымы ... дейін төмендеген кезде бүйрек қан ағымының авторегуляциясы тоқтайды.
A) 60-70 мм сын. бағ. ст.
B) 110 мм сын. бағ. ст.

C) 80-90 мм сын. бағ. ст.
D) 40-50 мм сын. бағ. ст.
E) 95-100 мм сын. бағ. ст.

448.Ересек адамда бүйрек қан ағымының қалыпты мөлшері орташа есеппен ... құрайды.
A) 1100 мл/мин
B) 1600 мл/мин
C) 800 мл/мин
D) 600 мл/мин
E) 400 мл/мин

449.Гистаминнің метаболизмі (инактивациясы) ... жүреді.
A) бауырдағы деметилдену және тотығу нәтижесінде
B) сілтілік гидролиз нәтижесінде
C) жасушалық элементтер ферменттерінің көмегімен
D) тіндердегі қышқыл ортада
E) тіндік ферменттердің көмегімен

450.Кетаминді тез көктамыр ішіне енгізу ... әкелуі мүмкін.
A) тыныс алудың күрт тежелуіне
B) құрысулардың пайда болуына
C) саливацияның пайда болуына
D) қан қысымының күрт төмендеуіне
E) жылдам бұлшықет релаксациясына

451.Дроперидолдың максималды әсер ету уақыты
A) 6 - 12 мин
B) 1 - 3 мин
C) 4 - 5 мин
D) 13 - 18 мин
E) 20 - 24 мин

452.Өкпелік жүректе (cor pulmonale) ... дамуы ТӘН ЕМЕС.
A) қолқа стенозы
B) қайталанатын өкпе эмболиясы
C) силикоз
D) саркоидоз
E) эмфиземалар

453.Жүрек тампонадасы кезінде ... байқалмайды.
A) систолалық шу
B) орталық веноздық қысымның жоғарылауы
C) цианоз
D) парадоксальды пульс
E) өкпе капиллярлық қысымының жоғарылауы (PCWP) кептелу

454.Тиопентал натрийдің артық дозалануының белгісіне ТӘН ЕМЕС
A) терінің қызаруы
B) өздігінен тыныс алу депрессиясы
C) миокард функциясына депрессиялық әсер ету арқылы қан қысымын төмендетуі
D) қан тамырларының тонусын төмендету арқылы қан қысымын төмендетуі
E) ішек моторикасының жоғарылауы

455.ЭКГ белгілері: жиі (минутына 300-400), бірақ әр түрлі формада және амплитудада бір-бірінен ерекшеленетін тұрақты емес толқындар болған кезде ... даму туралы ойлауға болады.
A) қарыншалық фибрилляциялар
B) импульссіз қарыншалық тахикардия
C) асистолия
D) электромеханикалық диссоциация
E) атриовентрикулярлық блокада

456.Абсорбердің көмірқышқыл газын сіңіру жұмысы ... байланысты.
A) сода әкінің сапасы, абсорбердегі газдың көлемі мен таралуына
B) абсорбердің ұзындығына
C) натроникалық әк мөлшеріне
D) дем шығарған ауадағы су буының мөлшеріне
E) абсорбер жасайтын газ ағынына қарсыластық байқалуына
457.Натрий әкіне кремний диоксидін қосудың мақсаты:
A) қаттылықтың жоғарылауы
B) сіңіруді арттыру
C) сілтіліктің жоғарылауы
D) белсенділікті арттыру
E) регенерацияның жоғарылауы
458Мидың қан ағымының авторегуляциясының бұзылуы ... өзгеруіне байланысты ЕМЕС.
A) жүрек соғу жиілігінің
B) PaCO2
C) орташа қан қысымының
D) бас ішілік қысымының
E) дененің орналасуының
459.Көзішілік қысымы ... әсерінен ТӨМЕНДЕМЕЙДІ.
A) кетамин
B) гипокапния
C) фторотан
D) морфин
E) деполяризацияланбайтын нейробұлшықеттік блокаторлар
460.Операция кезінде алғаш рет анықталған қан кетудің ең аз ықтимал себебін анықтаңыз:
A) орақ тәрізді анемия
B) шашыранды тамырішілік қан ұю
C) сәйкес келмейтін қан құю
D) плазминогенді белсендіру
E) Виллебранд ауруы
461.Ротаметр арқылы газ ағынының жылдамдығы:
A) тұтқырлыққа қарағанда газдың тығыздығына байланысты
B) тығыздыққа қарағанда газдың тұтқырлығына байланысты
C) тұтқырлық та, тығыздық та маңызды емес
D) операцияның ұзақтығына байланысты
E) ортаның температурасына байланысты
462.Кетаминге ... ТӘН ЕМЕС.
A) жақсы релаксацияны қамтамасыз ету
B) гипертония мен тахикардияның пайда болуы
C) айқын анальгезияны қамтамасыз ету
D) цереброспинальды қысымның жоғарылауы
E) бас ішілік қан ағымының жоғарылауы
463.Қандағы газдың ерігіштігі ...
A) бөлме температурасында дене температурасына қарағанда жоғары
B) дене температурасында қоршаған ортаға қарағанда жоғары
C) қандағы Hb концентрациясына байланысты
D) плазма ақуыздарының құрамына байланысты
E) плазма ақуыздарының құрамына тәуелді емес
464.Бауыр мен бүйрек үшін ең аз уытты әсер ететін дәрі:
A) азот кем тотығы, ксенон
B) фторотан
C) энфлюран

D) изофлюран
E) галотан

465.Ингаляциялық анестезияның хирургиялық кезеңінің басталуының негізгі және қарапайым белгісі:
A) ырғақты тыныс алудың басталуы
B) кірпіктік рефлекстердің болмауы
C) көз қарашықтарының тарылуы
D) көз алмаларын бекітілуі және орталықтандырылуы
E) корнеальді рефлекстердің болмауы

466.Ингаляциялық анестетиктің артық дозалануына ТӘН ЕМЕС:
A) бұлшықет тонусының жоғарылауы
B) қарашықтың максималды кеңеюі, анизокория
C) қан қысымын төмендету
D) бозару, цианоз
E) тахикардия, аритмия

467.Барбитураттарға абсолютті қарсы көрсеткіш:
A) бауыр ауруы
B) феохромоцитома
C) жедел қан жоғалту
D) жүктілік
E) шок

468.Буландырғыш айналым шеңберінде орналасқан кезде анестетик буының ингаляциялық концентрациясы:
A) номиналды концентрациядан асып кетуі мүмкін
B) номиналды концентрациядан аз болуы мүмкін
C) тез өзгерту мүмкін емес
D) минуттық желдетудің жоғарылауымен байланысты емес
E) ота түріне байланысты

469.Анестезия кезінде қалыпты науқаста механикалық гипервентиляция ... әкеледі.
A) операциядан кейінгі гиповентиляцияға
B) операциядан кейінгі анальгезияға қажеттіліктің айқын төмендеуіне
C) оксигемоглобиннің диссоциация қисығының оңға жылжуына
D) PaO2 төмендеуіне
E) тері тамырларының кеңеюіне

470. Изофлюранның әсері ...
A) барорецепторлық рефлекстерді төмендетеді
B) тыныс алу көлемін арттырады
C) функционалды қалдық сыйымдылығын арттырады
D) гипоксиялық өкпе вазоконстрикциясын арттырады
E) бронхоконстрикцияны күшейтеді

471.Кетаминді бір шприцке ... бірге енгізілгенде химиялық ретінде үйлеспейді.
A) барбитураттармен
B) сомбревинмен
C) опиаттармен
D) ГОМКпен
E) седуксенмен

472.Жабық жүрек массажының тиімділік критерийлері болып ТАБЫЛМАЙДЫ.
A) қабырғаның сынуы
B) бет терісі мен шырышты қабықтың түсі
C) ұйқы артериясында және кәрі жілік артериясында импульстің пайда болуы
D) қарашықтардың тарылуы
E) АД - 80-90 мм сын.бағ.

473.Операция алдында өте тұрақсыз психикасы бар науқас қорқыныш сезімі басым болатын өткір эмоционалды қозу жағдайында. Премедикация құралы ретінде таңдаулы препарат:
A) седуксен
B) дроперидол
C) морфин
D) промедол
E) атропин

474.Анестезия кезінде ЭКГ-да гиперкалиемияға тән белгілер:
A) QRS кешенінің деформациясы және жоғары өткір Т тісшесі
B) Т тісшесінің тегістелуі
C) ST аралығының төмендеуі, теріс Т тісшесі пайда болуы
D) барлық ЭКГ тістерінің амплитудасының төмендеуі
E) Р толқынының тегістелуі

475.Адамның өмірлік маңызды мүшелеріне ең аз уытты қасиеттері бар препарат ...
A) азот кем тотығы
B) циклопропан
C) эфир
D) фторотан
E) пентран

476.Атаралгезия-бұл анестезия кезінде ... дәрі-дәрмектердің жиынтығы.
A) седуксен және фентанил
B) дроперидол және фентанил
C) атропин және промедол
D) виадрил және натрий оксибутираты
E) пропанидид және атропин

477.Mallampati бойынша III дәрежесіне келесі сурет дәлел:
A) жұмсақ таңдай, тілшенің негізі көрінеді
B) тек тілшек көрінеді
C) тек жұмсақ таңдай көрінеді
D) жұмсақ таңдай, көмей алды көрінеді
E) жұмсақ таңдай, жұтқыншақ,жұтқыншақ көрінеді

478.Азот кем тотығы бәріне тән, МЫНАДАН БАСҚА
A) бауырға уытты әсер етуі
B) ұзақ уақыт қолданғанда сүйек кемігі функциясының тежелуі
C) иммунитетті төмендеуі
D) гипоксия болмаған кезде ОЖЖ үшін зиян емес
E) тахикардияның пайда болуы

479.Сугаммадекс ... препараттың антидот болып табылады.
A) рокуроний
B) дитилин
C) миорелаксин
D) тубарин
E) листенон

480.Тұрақты гиперкапниямен ұзақ мерзімді тыныс алу жеткіліксіздігіннен кейін PaCO2 жылдам қалыпқа келуі ... тудыру мүмкін.
A) апноэ
B) қан қысымын көтеру
C) науқастың респираторға бейімделуінің бұзылуы
D) кіші қанайналым шеңбердегі қысымның жоғарылауы
E) гипоксия

481.Жүрек-қан тамырлары өтемақысының маңызды түрлеріне ... жатады.
A) ЖӨҚ жоғарылауы

B) тахикардия
C) СК ұлғаюы
D) жүректің кеңеюі
E) миокард гипертрофиясы

482.Деполяризациялаушы релаксанттарды енгізу кезінде бұлшықет фибрилляциясымен бірге жүреді, бұл кейіннен бұлшықет ауырсынуын тудырады. Мұндай ауырсынудың пайда болуын болдырмау үшін науқасқа алдын ала ... енгізу ұсынылады.
A) аз дозада антидеполяризациялық әсер ететін бұлшықет релаксантын
B) аз мөлшерде атропин
C) прозерин
D) фентанил
E) кетамин

483.Кіші қан айналымы шеңберіндегі гемодинамикаға ЖӨЖ әсері ТӘУЕЛДІ ЕМЕС:
A) қанның реологиялық қасиеттері
B) айналымдағы қан көлемі
C) трахеядағы максималды және орташа қысым
D) қан айналымының минуттық көлемі
E) дем алу/дем шығаруға қатынасы

484.Фторотанның жүрек-қантамыр жүйесіне әсері барлығына байланысты, МЫНАДАН БАСҚА
A) катехоламиндердің босатылуын арттыруда
B) миокардқа тікелей әсер етуден
C) ганглиоблоктаушы әрекетінен
D) жүрек пен қан тамырларына тікелей және жанама әсер етуден
E) протеолитикалық ферменттер деңгейінің төмендеуінен

485.Пуазель заңына сәйкес ламинарлы ағымда оның радиусы 2 есе азайған кезде түтіктің кедергісі... есе артады.
A) 16
B) 2
C) 4
D) 32
E) 64

486.Ересек адамның қан айналымының толық уақыты:
A) 2 мин
B) 0,2 сек
C) 2 сек
D) 20 сек
E) 22 мин

487.ОВҚ қалыпты тербеліс шегін таңдаңыз:
A) 80-ден 120 мм-ге дейін су.ст
B) 0-ден 20 мм-ге дейін су.ст
C) 25-тен 40 мм-ге дейін су.ст
D) 45-тен 60 мм-ге дейін су.ст
E) 65-тен 75 мм-ге дейін су.ст

488. Өмірге сәйкес келетін pH тербелістерінің шекаралары:
A) 6,8–8,0
B) 7,2–7,6
C) 7,0–7,8
D) 6,6–8,2
E) 6,4–8,4

489.Норадреналиннің әсері ... анықтайды.
A) коронарлық және миды тамырларын қоспағанда, барлық артериялар мен көктамырлардың спазмын

B) артериялық спазм және көктамырлардың кеңеюін
C) артериялардың кеңеюі және тамырлардың спазмын
D) барлық артериялар мен көктамырлардың спазмын
E) мезентериялық тамырлардың кеңеюін

490.Диастолалық қысым негізінен ... анықталады.
A) артериялық тамырлардың перифериялық кедергісі мен серпімділігімен
B) жүректің сору функциясымен
C) артериялық жүйедегі қан мөлшерімен
D) қанның тұтқырлығымен
E) жүрек соғу жиілігімен

491.Негіздердің жетіспеушілігін түзету үшін (BE=- 12,3) салмағы 50 кг болатын науқаста ... ммоль натрий гидрокарбонаты қажет болады.
A) 100
B) 50
C) 200
D) 300
E) 30

492.Тыныштықта мидағы қан айналымын қамтамасыз ететін жүректің соққы көлемінің үлесі:
A) 20%
B) 10%
C) 15%
D) 25%
E) 30%

493.Лейкоциттердің интоксикация индексінің қалыпты көрсеткіштері:
A) 0,25–1,06
B) 2–3
C) 0,1–0,23
D) 1,2–1,9
E) 3,25–5

494.Жүрек лақтырысын АРТТЫРМАЙТЫН препарат:
A) атропин
B) норадреналин
C) жүрек гликозиді
D) кальций
E) ангиотензин

495.Жүректің лақтырысы туралы ДҰРЫС ЕМЕС мәлімдемені таңдаңыз:
C) тыныс алатын газ қоспасындағы көмірқышқыл газының концентрациясын азайту үшін
D) артықша су буын жұту үшін
E) жанатын газ бар баллондағы қысымды бақылау үшін

100.Реверсивті емес клапан:
A) тыныс алатын және шығаратын газдарды ажыратуға қажет
B) бір бағыттағы газ ағымын бағыттау үшін
C) тыныс контурындағы қысымды қолдау үшін қажет
D) ашық күйде тыныс контурындағы артықша газды шығарады
E) бұл сақтаушы клапанның түрі

1.Операциядан алдыңғы кезеңде анестезиологиялық көмектің төмендегі міндеттері бар, МЫНАДАН БАСҚА:
A) науқастың жалпы жағдайын бағалау
B) операциялық қауіп дәрежесін анықтау
C) операциялық қан кетуді бақылау
D) премедикация тағайындау
E) жалпы анестезия әдісін таңдау

2.Операциядан алдыңғы дайындық кезінде анестезиолог аз мән беретін жағдай:
A) операция алаңын өңдеу
B) науқастың психологиялық дайындығы
C) соңғы тамақ қабылдау уақыты
D) премедикация
E) қуықтың босауы

3.Тыныс жолдарын Маллампати шкаласы бойынша бағалау барысында:
A) анестезиолог науқасқа қарама- қарсы бір деңгейде болады
B) көмейді толық көру үшін тілді басу қажет
C) тек тілшік көрінетін болса бұл жағдай I деп жіктеледі
D) бұл жағдай тек тікелей ларингоскопия арқылы жіктелуі мүмкін
E) бас және мойынның бүйірлік рентгенограммасы нақтылауы мүмкін

4. Операциядан алдын Н2-рецепторларының антагонисттерін енгізу:
A) манжетасы бар интубациялық түтік және Селлик әдісін орындау қажеттілігін ауыстыра алмайды
B) асқазан құрамының эвакуациясын күшейтеді
C) барлық науқастарға жүргізу қажет
D) асқазан құрамының pH жоғарлатады
E) асқазан құрамының аспирациясын болдырмайды

5.Операция кезінде құрысулардың дамуына септігін тигізетін төмендегі факторлар, МЫНАДАН БАСҚА:
A) гиперкальциемия
B) гипокапния
C) уремия
D) гипомагниемия
E) гипертермия

6.Трициклды антидепрессанттар тағайындалған науқаста жалпы анестезия кезінде төмендегі препараттарды қолдануға болады, МЫНАДАН БАСҚА:
A) фторотан
B) диазота оксиді

C) наркоз үшін эфир
D) дитилин
E) ромерон

7.Дитилин қолданғаннан кейін қалдық релаксация немесе апноэ жағдайларында емдеудің тиімді әдісі болып табылады:
A) өкпенің басқарылатын немесе қосымша вентиляциясы
B) қан құю
C) прозерин енгізу
D) прозерин және атропин сульфатын енгізу
E) тамырішілік антихолинэстеразды препараттарды енгізу

8.Бупивакаин гидрохлориді (маркаин):
A) кардиотоксикалық әсерге ие
B) эфир өніміне жатады, қысқа әсер ету ұзақтығына ие
C) эпидуральді енгізу үшін ерітіндінің 0.75% концентрациясын қолдану қажет
D) тікелей қан арнасына түспеген жағдайда асқынулар шақырмайды
E) кардиотоксикалығы негізінен тахикардиямен көрінеді

9.Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде гиперкалиемияны шұғыл емдеудің тиімді, қауіпсіз әдісі болып табылады:
A) гемодиализ
B) 5% глюкоза енгізу
C) форсирленген диурез
D) салуретиктерді енгізу
E) нитрат галлий енгізу

10. Қабылдау бөліміне 39 жастағы науқас көптеген құрсақ қуысының тесілген- кесілген жарақатымен жеткізілді, санасы шатасқан, тері жамылғысы бозарған, тынысы беткей, тахикардия гипотониямен, ТАЖ- минутына 24 ретке дейінгі тахипноэ, Sa0285%. Клиникалық қан талдауының нәтижелері бойынша анықталды: эр.2.8×1012/л, Hb- 70г/л, Ht25%, тромбоциттер- 140х109/л, лейкоциттер 10х109/л; тромбин индексі- 72%, фибриноген- 5,2 г/л, В фибриноген оң (+++), Сухарев бойынша қан ұюы 5 мин. Науқаста ... шок дамыған.
A) геморрагиялық
B) жарақаттық
C) гиповолемиялық
D) кардиогендік
E) плевропульмональді

11.Жалпы анестезия кезінде науқаста келесі КСЖ көрсеткіштері анықталды: pH-7.2, BE-0; pCO2-70 мм с.б.б.; pO2-55 мм с.б.б. Бұл байланысты болуы мүмкін:
A) тыныстық ацидоз
B) тыныстық алкалоз
C) метаболизмдік ацидоз
D) метаболизмдік алкалоз
E) тыныстық метаболизмдік алкалоз

12. Кіші жамбас ағзаларында лапараскопиялық операция жүргізу кезінде науқаста кенеттен гипотония, гипоксия пайда болды және ETCO2 азайды, сіздің болжам диагнозыңыз:
A) өкпе артериясының газды эмболиясы
B) ауырсынулы шок
C) көкірекаралықтың эмфиземасы
D) өкпе артериясынының тромбоэмболиясы
E) іш қуысындағы газбен диафрагманың қысылуы

13. Гиповолемиялық шок патогенезіндегі негізгі буын болып табылады:
A) преднагрузканың төмендеуі
B) преднагрузканың жоғарлауы
C) постнагрузканың төмендеуі

D) айналымдағы қан көлемінің жоғарлауы
E) қанның минуттық көлемінің жоғарлауы

14.Веноздық қысымды қолдауға ... ықпал етеді.
A) қаңқа бұлшықетінің тонусы
B) плевра ішіндегі қысым
C) жүректің жұмысы
D) капиллярлардағы қысым және қан ағымы
E) өкпе артериясының қысымы

15.Парадоксальді тыныс жиі ... кезінде байқалады.
A) пневмоторакс
B) басқарылатын желдету
C) ателектаз
D) пневмония
E) ларингоспазм

16.Артериялық қанның оттегімен қанығуы ...% - дан төмен болғанда цианоз байқалады.
A) 80
B) 100
C) 85
D) 90
E) 95

17.47 жастағы науқаста дефибрилляцияның үш разрядынан, кеңірдек интубациясынан, к/і 1 мг адреналин енгізгеннен кейін қарыншалардың фибрилляцияны жалғасуда, сіздің ары қарай әрекетіңіз енгізуден тұрады:
A) кордарон 5 мг/кг к/і
B) атропин 0,02 мг/кг к/і
C) новокаинамид 15 мг/кг
D) магнезия 0,5 г ерітіп, к/і
E) верапамил 0,1 мг/кг

18.Жалпы анестезиядан кейін анестезиолог кеңірдектің экстубацияны жасады. Содан кейін науқаста стридорозды тыныс, кеуде қуысының ішіне тартылуы, цианоз, SpO2-нің 86% дейін төмендеуі, PaO2 52 мм с.б.б. дейін төмендеуі пайда болды. Ауыз қуысы және көмей-жұтқыншақты тазалау әрекеті гипоксемияның күшеюіне алып келді. Өкпенің аускультациясында – тыныстың екі жақты әлсіреуі, сырылдар жоқ. Дамыған асқынудың түрі және емдеу шараларының тәртібі:
A) ларингоспазм, жоғары ағынмен үздіксіз қосымша оксигенотерапия, ауыз қуысын ұқыпты және қысқа мерзімді санациялау
B) бронхиолоспазм, ингаляциялық және көктамыр ішіне преднизолон енгізу, өкпенің жабық массажы
C) нейро- бұлшықеттік блок, тез арада миорелаксанттар енгізу және ӨЖВ
D) емдеу шараларына қажеттілік жоқ, бұл көріністер өздігінен регрессияға ұшырайды
E) бронхоспазм, метилксантиндер, вазопрессорларды енгізу

19.Науқаста ішек резекциясынан 2 күннен кейін олигурия анықталды. Жедел тубулярлық некроздың дамуына күдік тудыратын белгі болып табылады:
A) плазмадағы калий 6,4 ммоль/л
B) зәрдің салыстырмалы салмағы 1024
C) жоғары лейкоцитоз
D) зәрдегі натрий 10 ммоль/л
E) несептегі/плазмадағы креатининнің қатынасы 40-тан жоғары

20.Кеңірдекті интубациялауда Карленс түтігінің илгегі орналасуы қажет:
A) кеңірдек бифуркациясы үстінде
B) оң жағында
C) сол жағында

D) сол жақ негізгі бронх кіреберісінің үстінде
E) оң жақ басты бронх кіреберісінің үстінде

21.Науқаста операциядан кейінгі кезеңде ателектаз себебінен гипоксемия дамыды. Операциядан кейінгі кезеңде ателектаз дамуының механизмі:
A) гиповентиляция
B) диффузияның жеткіліксіздігі
C) V/Q-сәйкессіздігі
D) оңнан солға шунт
E) гипоксиялық өкпелік вазоконстрикция

22. Аритмиямен ауыратын ер адам адреналинмен инотропты қолдауды қажет ететін жоспарланған хирургиялық операцияға барады. Адреналиннің аритмогендік әсеріне миокардтың сезімталдығының жоғарылауына байланысты қолданбаған жөн:
A) галотан
B) десфлуран
C) энфлуран
D) изофлуран
E) севофлуран

23.Наркозды аппаратпен ӨЖВ жүргізгенде (реверсиямен) абсорбер жұмыс істемей тұр. Гиперкапнияны алдын алу үшін ... қажет.
A) ТАЖ жоғарлату
B) ТК азайту
C) ТК жоғарлату
D) ТМК-нен 50%-дан аз емес О2 газ ағымын қолдау
E) ТШСОҚ 5 см су б.б.

24.56 жастағы ер адамға асқазанның ойық - жарасы бойынша операция жасалған. Қосымша ауруы – созылмалы алкоголизм. Операциядан кейінгі кезеңде мазасыздық, психомоторлы тітіркену дамыды. Жағдайы абстиненция деп бағаланды, сіздің келесі іс- әрекетіңіз:
A) седация жүргізу
B) формирленген диурезбен детоксикация
C) ӨЖВ- на ауыстыру
D) қантамырға спирт енгізуді бастау
E) кристаллоидтармен инфузия

25.25 жастағы науқасқа жедел деструктивті аппендицита және таралған перитонит бойынша операция жасалған. Қосымша ауруы – опиаттармен наркомания. Операциядан кейінгі кезеңде абстинентті синдром дамыды. Сіздің келесі іс- әрекетіңіз:
A) әр 4- 6 сағат сайын промедол тағайындау
B) налорфин тағайындау
C) стадол тағайындау
D) димедрол тағайындау
E) детоксикация жүргізу

26.59 жастағы ер адамға асқазанның ойық- жарасы бойынша операция жасалған. 30 жыл бойы темекі шегеді. Операциядан кейін қою қақырықты қиындықпен жөтеліп шығарады, сіздің іс-әрекетіңіз:
A) муколитиктер тағайындау
B) бронхолитиктер тағайындау
C) оттегімен ингаляция
D) темекі беру
E) постуральді дренаж жүргізу

27.Дені сау бірінші рет босанатын әйелде босануды ауырсыздандыру үшін эпидуральді анестезия жүргізілді. Жергілікті анестетикті енгізгеннен соң дем алудың қиындауы, аускультативті өткізгіштік сырылдар пайда болды, осы асқынудың мүмкін себебі:
A) жергілікті анестетиктерге аллергия

B) жергілікті анестетиктерге токсикалық реакция
C) жергілікті анестетиктерді тамыр ішіне енгізу
D) жалып жұлын- милық анестезия
E) арқасымен жатқандағы гипотензивті синдром

28.Науқас 64 жастағы ер адам, паренхиматозды мүшелердің және тоқ ішектің жыртылуы бойынша операция кезінде 2 доза эритроцитарлы массамен трансфузия жүргізілді, одан кейін SpO2 99%-дан 60%-ға дейін төмендеген, зәрдің түсі қоңыр- қызыл, бел аймағында белдемелі сипаттағы ауырсыну пайда болды. Себебі болуы мүмкін:
A) трансфузиядан кейінгі гемолиз
B) өкпенің диффузиялық қабілетінің жақсаруы
C) бастапқы 2,3 ДФГ жеткіліксіздігі
D) гиперкалиемия
E) қанның оттегілік сыйымдылығының жоғарлауы

29.Науқас 32 жастағы әйел, жатырдың экстирпациясы операциясы кезінде 400 мл эритроцитарлы массамен трансфузия жүргізілді, бірақ көрсеткіштер төмен, себебі болуы мүмкін:
A) қан кетудің жалғасуы
B) айқын спленомегалия
C) иммундық сәйкессіздік
D) қан тобының сәйкессіздігі
E) резус фактордың сәйкессіздігі

30.64 жастағы науқас жамбас- сан буынын ауыстыру бойынша жоспарлы операцияға дайындалуда, операция кезінде қан кету болуы мүмкін, діни көзқарасына байланысты гемотрансфузиядан бас тартуда, сіздің іс- әрекетіңіз:
A) қарсы көрсеткіштер болмаса аутоқан дайындау
B) гемотрансфузияға қатаң тағайындау
C) операциядан бас тарту
D) науқастың қарсылығына қарамай консилиум шешімімен қан компоненттерін құю
E) бас дәрігердің рұқсатымен қан құю

31.Жатырдан тыс жүктілік бойынша операция кезінде реинфузия үшін қан жиналды, реинфузияға көрсеткішті анықтаңыз:
A) бір топтағы қанның болмауы
B) бір тәуліктен артық емес қан кету
C) Нв 80 г/л төмен
D) қан кету 1000 мл-ден көп
E) ұйындысыз қан

32.Жатырдан тыс жүктілік бойынша операция кезінде реинфузия үшін қан жиналды, лабораторлық 10% гемолиздің белгілері бар, реинфузияның қажеттілігі:
A) жоқ
B) ия, болады
C) егер ұйынды болмаса
D) бір тәуліктен артық емес қан кету
E) егер гинеколог рұқсат берсе

33.Науқас 60 жаста, 2 апта бұрын асқазан ойық- жарасынан қан кету бойынша операция жасалған. Операцияда перфторан қолданылған. Науқас қан кетудің қайталануымен түсті, екінші рет перфторан қолдану:
A) қолданбаған жөн
B) SpO2 94% төмен болғанда
C) анафилактикалық жауаптың болуын есепке алып болады
D) ия , бас дәрігердің рұқсатымен
E) хирургтың келісімімен

34.Магистральді тамырлардың зақымдануынсыз екі сан сүйектерінің сынығымен науқас операция бөліміне шок жағдайында жеткізілді. АҚ – 60/40 мм с.б.б. ТАЖ - 28-30 рет/мин., осы жағдайда шұғыл түрде бастау мақсатты болып табылады:
A) инфузиялық терапия, аналгезия жасау, АҚ-ның тұрақтылығын қамтамасыз ету, кейін анестезия және операция жүргізуді бастау
B) инфузиялық терапияны бір уақытта наркозға енгізумен
C) науқасты интубациялау және инфузиялық терапия жүргізуді бастау
D) қуықтың катетеризациясы
E) скелетті тартып созу

35.Жарақаттық шокта жалпы ауырсыздандыруға заттарды таңдағанда бірінші кезекте олардың ... әсері есепке алынады.
A) гемодинамикаға
B) тынысқа
C) эндокринді жүйеге
D) орталық жүйке жүйесіне
E) қан ұю жүйесіне

36.Релаксанттар қолданбай нейролептанальгезиямен жүргізілген операциядан соң, науқаста дене бұлшықеттерінің құрысулы ригидтілігімен қосарланған, әсіресе кеуде қуысының, тыныстың депрессиясы дамыған. Осы белгілерді жоғалту мақсатында қолданылады:
A) налорфин
B) бемегрид
C) прозерин
D) атропин
E) промедол

37.Деполяризациялаушы релаксанттарды енгізу бұлшықеттік фибрилляциямен, соңынан бұлшықеттің ауруымен көрінеді. Миалгияны алдын алу үшін ... қолдану ұсынылады (деполяризациялаушы релаксанттарды енгізуден алдын).
A) аз дозада тубарин
B) прозерин
C) атропин
D) аз дозада бемегрид
E) промедол

38.Бауыр циррозымен ауыратын 50 жастағы науқасқа эндотрахеальдіқосарланған анестезия жағдайында холецистэктомия жасалған, миорелаксация үшін сукцинилхолин қолданылған. Анестезия барысы қалыпты, бірақ наркоз біткеннен соң науқаста ұзақ уақыт бойы өздігінен тыныс алу қалпына келмеді. Бұл асқынудың себебі болуы мүмкін:
A) қандағы холинэстеразаның төмен деңгейі
B) қандағы холинэстеразаның жоғары деңгейі
C) анемия
D) қандағы холинэстеразаның жоғары концентрациясы
E) ақуыздық емес қалдық азоттың жоғары деңгейі

39.Басынан өткізген гепатиттен кейінгі жоспарлы операцияны ... жүргізуге болады.
A) бауырдың функциональді көрсеткіштері қалыптасқаннан 2 айдан соң
B) жазылғаннан 4 айдан соң
C) жазылғаннан соң
D) жазылғаннан 6 айдан соң
E) жазылғаннан 1 жылдан соң

40.Созылмалы постгеморрагиялық анемияны емдеу үшін қолдану қажет:
A) эритроцитарлы масса
B) жаңа тоңазытылған плазма
C) реоглюман
D) криопреципитат

E) полифер

41.Холецистэктомия кезінде Одди сфинктерінің спазмын шақыратын препаратқа жатады:
A) морфин
B) дроперидол
C) кеторолак
D) гликопирролат
E) баралгин

42.Асқазан- өңештік анастомоздың барьерлік қысымын жоғарлататын препараттарға жатады:
A) фентанил
B) атропин
C) метоклопрамид (церукал)
D) дроперидол
E) диазепам

43.70 жастағы науқаста холецистэктомия жоспарланған. Анамнезінде - ЖИА, миокард инфарктымен ауырған, артериялық гипертензия, аллергоанамнез өзгеріссіз. Т7-Т8 деңгейінде эпидуральді анестезияны орындау және тест- дозаны жүргізу кезінде 75 мг наропин енгізілді. Негізгі дозаны енгізгеннен 2 минуттан кейін 40/0 мм.с.б.б. күрт артериялық гипотензия, брадикардия 36-38 рет/мин, апноэ байқалды. Бұл көріністердің негізгі себебі және қарқынды терапия бағыты:
A) жұлын- милық блок, эпинефринді енгізу, инфузиялық терапия, ӨЖВ
B) анафилактикалық шок, эпинефрин, преднизолон енгізу
C) нейровегетативті дисрефлексия, инфузиялық терапия, наркотикалық анальгетиктер, спазмолитиктер
D) анафилактоидты реакция, эпинефринді енгізу, инфузиялық терапия
E) рефлекторлық реакция, Тренделенбург қалпында орналастыру, атропин, өкпені қосымша желдету

44.Перитониттің екінші кезеңінде жүректің минуттық көлемінің жоғарылауы (ЖМК) байланысты:
A) жүрек соғу көлемінің ұлғаюына
B) ЖЖЖ ұлғаюына
C) сол жақ қарынша жұмысының ұлғаюымен
D) жалпы перифериялық қарсылықтың төмендеуімен (ЖПҚ)
E) айналымдағы қан көлемінің ұлғаюымен (АҚҚ)

45.Барбитураттарды қолдануға абсолюттік қарсы көрсеткіш болып табылады:
A) порфирия
B) жедел қан жоғалту, шок
C) жүктілік
D) феохромоцитома
E) бауыр аурулары

46.Кетамин ... әсер етеді.
A) симпатомиметикалық
B) симпатолитикалық
C) ваголитикалық
D) парасимпатомиметикалық
E) аралас

47.Ингаляциялық анестезия кезінде α1,α2,β1,β2 – симпатомиметиктерді қолдану мына көріністермен жүруі мүмкін:
A) ингаляциялық анестезия кезінде миокардтың симпатомиметиктерге сенсибилизациясына байланысты жүрек қарыншаларының фибрилляциясымен
B) катехоламиндерге α1, α2, β1, β2 рецепторларының сенсибилизациясына байланысты тұрақты артериялық гипертензиямен
C) ингаляциялық анестетиктің әсерінен ми қанайналымының күшеюінен туындаған церебральді тұз жоғалту синдромымен

D) ингаляциялық анестетиктермен қантамырлар α1,α2,β1,β2 рецепторларының блокадасымен
E) ингаляциялық анестетиктің теріс дромотропты әсері аясында симпатомиметиктердің әсерінен толық АВ-блокаданың дамуымен

48.Жұлын- милық анестезиямен жүргізілген простатаның трансуретральды резекциясы кезінде шокпен бірге жүретін диффузды абдоминальді ауырсынулардың себебі болып табылады:
A) ирригациялық сұйықтықтың экстравазациясы
B) тамырішілік гемолиз
C) тамырішілік шашыранды қан ұю
D) миокард инфаркты
E) өкпелік эмболия

49.Простатэктомияда эпидуральды анестезияны қолдану:
A) қан жоғалтуды алдын алудың адекватты әдісі
B) 65 жастан асқан науқастарда қолдану мүмкіндігі
C) гипотензияны сирек туындатады
D) науқас аспирин қабылдағанда қарсы көрсетілген
E) гипертониялық ауруы бар науқастарға қарсы көрсетілген

50.Периоперациялық кезеңде олигурия болуы мүмкін:
A) АДГ босатудың әсерінен
B) альдостеронның бөлінуін ынталандырудың әсерінен
C) гистаминнің әсерінен
D) бүйрек түтіктеріне анестезияның ерекше әсерінен
E) гипергликемияның әсерінен

51.68 жастағы науқаста операциядан кейінгі кезеңде ауыр дәрежелі ауырсыну синдромы сақталады. Сонымен қатар, науқаста 2-ші дәрежелі тыныс алу жеткіліксіздігінің клиникасы дамыды, науқас әлсіз, есі біршама тежелген. Осы науқаста ауырсынуды басу үшін қолдануға болады:
A) дипидолор 7,5мг
B) морфии10 мг
C) промедол 20 мг
D) норфин 0,3 мг
E) фентанил 0,1 мг

52.54 жастағы науқас жоспарлы операцияға қабылданды. Клиникалық диагноз: қан кетумен асқынған жатырдың көптеген миомасы. Қосымша аурулары: II дәрежелі артериялық гипертензия, созылмалы бронхит, созылмалы анемия. МНОАР жіктемесі бойынша операциялық-анестезиологиялық қауіптің дәрежесі:
A) III дәреже
B) I дәреже
C) II дәреже
D) IV дәреже
E) V дәрежесі

53.Бауыр жеткіліксіздігімен ауыратын 58 жастағы науқас миорелаксация үшін польсуксанды қолданумен эндотрахеальді аралас анестезия арқылы лапаротомды холецистэктомия жасалды. Анестезия ағымы қалыпты, бірақ ол аяқталғаннан кейін ұзақ уақыт бойы өздігінен тыныс алу қалпына келмеді. Асқынудың ең ықтимал себебі болып табылады:
A) қандағы холинэстеразаның төмен деңгейі
B) қандағы холинэстеразаның жоғары деңгейі
C) анемия
D) қандағы билирубиннің жоғары концентрациясы
E) ақуыз емес қалдық азоттың жоғары деңгейі

54.Хирургиялық науқастарды операциядан кейінгі ауырсыздандыруда кеңінен қолданылатын трамал анальгетикалық әсерінің күші және ұзақтығына қарай мына топқа жатады:
A) ұзақ әсер етпейтін орташа анальгетик

B) ұзақ әсер ететін күшті анальгетик
C) ұзақ әсер ететін әлсіз анальгетик
D) қысқа әсер ететін күшті анальгетик
E) ұзақ әсер етпейтін күшті анальгетик

55.Хирургиялық науқасты анестезиядан соң ... босатуға болады.
A) наркоздық және дәрі-дәрмектік депрессиядан толық шыққаннан кейін
B) оянғаннан кейін бірден
C) оянғаннан 15 минуттан кейін
D) оянғаннан 1 сағаттан кейін
E) оянғаннан 30 минуттан кейін

56.Жергілікті анестетиктерді шамадан тыс қолданғанда (естен тану, құрысулар, артериальді гипертензия және т. б.) оң әсер етеді:
A) вазопрессорларды енгізу
B) ӨЖВ жүргізу
C) оксигенотерапия
D) барбитураттарды кіші дозада енгізу
E) кортикостероидтарды енгізу

57.60 жастағы науқасқа сол көздің катарактасына байланысты атаралгезия (реланиум+фентанил) жүргізілді. Операция кезінде көмекші желдетумен азайған тыныс алудың қысқа мерзімді депрессиясы болды. Операция соңында анестезиолог дәрігер науқасқа пентазоцинді (лексир) 1 мг/кг дозада енгізді. Препаратты енгізудің мақсаты:
A) фентанилдің теріс әсерлерін жою және лексирдің әсерінен анестезияны ұзарту
B) операциядан кейін фентанилдің анальгетикалық әсерін күшейту
C) реланиумның кері әсерлерін жою
D) реланиумның седативті әсерін күшейту
E) фентанилден туындаған тыныс алу депрессиясын болдырмау

58.Кәрі жіліктің типтік орны сынғанда сынықтардың репозициясын орындау қауіпсіз:
A) сыну орнына (гематома) новокаин блокадасымен
B) тиопентал натриймен
C) кетаминмен
D) рекофолмен
E) диазепаммен

59.Арқадағы липоманы алып тастауды ... жүргізу мақсатты.
A) жергілікті инфильтрациялық анестезиямен
B) кетаминді наркозбен
C) барбитуратты наркозбен
D) ингаляциялық наркозбен
E) нейролептоаналгезиямен

60.Көптеген жарақаттары және бастапқы гиповолемиясы бар 32 жастағы науқаста таңдаулы анестетик болуы мүмкін:
A) кетамин
B) фторотан
C) барбитураттар
D) форан
E) пропофол

61.Қысылған вентральды жарыққа байланысты эпидуральды анестезия (ЭДА) жоспарлануда. Аяқ веналарының варикозды кеңеюіне байланысты науқас күніне 2 рет эноксипаринді 0,2 мл т/а қабылдайды. Бұл жағдайда ЭДА қолдану шарты:
A) эноксипариннің соңғы инъекциясынан кейін 12 сағаттан ерте емес
B) эноксипариннің соңғы инъекциясынан кейін 8 сағаттан ерте емес
C) эноксипариннің соңғы инъекциясынан кейін 6 сағаттан ерте емес
D) эноксипариннің соңғы инъекциясынан кейін 4 сағаттан ерте емес

E) қарсы көрсетілген, анестезияның басқа әдісін таңдау қажет

62.Жергілікті анестетиктерді шамадан тыс қолданғанда (есті жоғалту, құрысулар, артериялық гипертензия және т.б.) оң әсер етпейді:

A) вазопрессорларды енгізу
B) ӨЖВ жүргізу
C) оксигенотерапия
D) барбитураттарды аз дозада енгізу
E) наркотикалық заттарды енгізу

63.Өңештің обструкциясы бар науқасқа бүгін жалпы анестезиямен эзофагоскопия жүргізу жоспарланған. Бірнеше күн алдын бариймен контрастты зерттеу жүргізілген. Анестезия және шараны жүргізу кезінде пайда болуы мүмкін ең ықтимал асқыну:

A) аспирация
B) қан кету
C) гипотензия
D) қиын интубация
E) аритмия

64.Варикоцелеге байланысты лидокаиннің 2% ерітіндісімен жалпы 3,5 мг/кг дозада жергілікті инфильтрациялық анестезиямен жүргізілген операция соңында (басталғаннан 30 минуттан кейін) науқастың құлағында шу, көрудің бұзылуы, аузында металл дәмі, ауыздың айналасында шаншу пайда болды. Бұл көріністердің ықтимал себебі болып табылады:

A) жоғары дозаның салдарынан лидокаиннің токсикалық әсері
B) вагосимпатикалық импульсацияның күшеюі және тамырлы тонустың дезорганизациясы түріндегі шәует бауы жағынан рефлекторлық реакция
C) бет аймағында парестезия мен ми қан айналымының бұзылуын туындатқан лидокаинмен жеткіліксіз анальгезия
D) лидокаин метаболизмі кезінде пайда болатын О-толуидин әсерінен гемоглобиннің тотығуы салдарынан метгемоглобиннің түзілуі
E) лидокаинге анафилактоидты реакция

65.43 жастағы науқасқа асқазанның перфорациялық ойық жарасын тігу бойынша тотальді көктамырішілік анестезиямен жүргізілген операциядан кейінгі ерте кезеңде қалпына келген спонтанды тыныс алу және естің аясында кеңірдекті экстубациялау жүргізілді. 20 минуттан кейін аралас ентігу түрінде тыныс алу жеткіліксіздігінің белгілерінің тез дамуы байқалды, ТАЖ 30 рет/мин, тыныс алу беткей, аускультативті: екі жағынан да өткізіледі, әлсіреген, сырылдар жоқ. Бұл көріністердің ең ықтимал себебі және олардың интенсивті терапиясы:

A) рекураризация, антихолинэстеразды препараттарды енгізу қажет
B) тіл түбірінің түсуімен механикалық асфиксия, Сафар әдісін жүргізу, өкпені желдету қажет
C) экстубациядан кейінгі құсықпен аспирация, трахеобронхиальды ағашты санациялау және лаваж
D) ларингоспазм, оксигенотерапия, ауыз қуысын санациялау қажет
E) наркотикалық анальгетиктерінің қалдық әсері, налоксон енгізу қажет

66.40 жастағы науқасқа шұғыл түрде холецистэктомия жоспарланған. Листенонды енгізгеннен 3 минуттан соң қаңқа бұлшықеттерінің қатаюы, шайнау бұлшықеттерінің тризмі, дене температурасының 40,0 С- қа дейін жоғарлауы және бет маскасы арқылы желдету кезіндегі Pet CO2 50-55 мм с.б.б. дейін күрт жоғарылауы байқалады. Оксигенация және гемодинамика көрсеткіштері қалыпты. Бұл көріністердің дамуының ықтимал себептері және қарқынды терапия бағыты:

A) қатерлі гипертермия, дантролен
B) анафилактикалық шок, эпинефрин
C) ӨАТЭ, тромболизис
D) эпилептикалық статус, тиопентал натрий
E) листенонның токсикалық әсері, инфузиялық терапия, детоксикация

67.75 жастағы науқас травматология бөлімшесіне келді. Иық буынының дислокациясы диагнозы қойылды. Көктамыр ішілік анестезиямен (пропофол+промедол) сүйектің репозициясын кезінде науқастың тыныс алуы тоқтады. Сіздің іс- әрекетіңіз:
A) маскамен вентиляцияны бастау
B) кордиаминді көктамыр ішіне енгізу
C) көктамыр ішіне кофеин енгізу
D) ауызбен - ауызға" әдісімен вентиляцияны бастау
E) спонтанды тыныс алу қалпына келуіне дейін күту
68.Интубацияға қажетті жағдай:
A) бұлшықеттің толық релаксациясы
B) гипервентиляция
C) естің болмауы
D) асқазан зондының болуы
E) асқазан аспирациясын болдырмау
69.Анальгезия сатысында тыныс алу тоқтауының жиі себебі:
A) бронхиолоспазм
B) тілдің түсуі
C) тыныс алу жолына бөгде дененің түсуі
D) кеңірдекке сілекей, іріңнің түсуі
E) наркотикалық заттарды шамадан тыс қолдану
70.Релаксанттарды қолдануымен жүргізілген кіріспе анестезиясында болатын жиі асқыну:
A) ларингоспазм
B) құсу
C) қаңқа бұлшықеттерінің релаксациясы
D) регургитация
E) тыныс алудың жиілеуі
71.Анестезияның белгілі бір түрін орындау үшін дәрігер тримекаин ерітіндісінің сынама дозасын бел сегменттерінің біріне енгізді. 3 минуттан кейін аяқтар мен төменгі дененің кең аймағын терең ауырсызданууы болды. Аяқ саусақтарының белсенді қозғалысы мүмкін болмады. Науқасқа ... анестезия жасалды.
A) жұлындық
B) эпидуральды
C) паравертебральды
D) каудальды
E) сакральды
72.Іштің кеңейтілген операцияларында операциядан кейінгі кезеңде өкпелік жеткіліксіздіктің жиі кездесетін себебі:
A) ателектаз
B) асқазан құрамының аспирациясы
C) бронхоспазм
D) пневмоторакс
E) өкпе ісінуі
73.Гипоксиясы бар науқасқа натрий тиопенталының ерітіндісі көктамыр ішіне енгізілді, бұл тыныс алудың күрт тежелуіне алып келді. Сіз шұғыл түрде орындауыңыз қажет:
A) басқарылатын немесе қосымша тыныс алуға кірісу
B) бемегридті енгізу
C) прозерин енгізу
D) цититон енгізу
E) маска арқылы оттегінің берілуін реттеу
74.22 жастағы науқас профузды асқазаннан қан кету және гиповолемиялық шокпен реанимация бөлімінде жатыр. Науқасқа операция жасау туралы шешім қабылданды. Науқастың тыныс алуын бақылаумен анестезия жоспарланған, сіз келесі релаксантты таңдайсыз:

A) панкуроний
B) дубарин
C) диплацин
D) анатруксоний
E) миорелаксин

75.Науқасқа толық көктамырішілік анестезия жүргізу туралы шешім қабылданды. ӨЖВ- на ауыстыру кезінде ересек адамға кеңірдекті интубациялау үшін қажетті дитилин дозасы:
A) 2,0 мг/кг
B) 1,0 мг/кг
C) 3,0 мг/кг
D) 4,0 мг/кг
E) 5,0 мг/кг

76.Ішкі ағзалардың зақымдалуына күдік бар аяқтар және жамбастың көптеген жарақаттарында қолданылатын таңдамалы анестезия түрі:
A) тотальді көктамыр ішілік анестезия + ӨЖВ
B) маскалық анестезия
C) эпидуральды анестезия
D) жұлын- милық анестезиясы
E) жергілікті анестезия

77.ӨЖВ қолдану арқылы анестезияны қолмен жүргізу кезінде анестезиолог науқаста тыныс алуда да тыныс шығаруда да (одан да көп дәрежеде) газ-наркотикалық қоспаның өтуін үдемелі қиындауын анықтады. Бұл жағдайда қашықтықтан бронхиалды шу естілді. Көп ұзамай гипоксия мен гиперкапния дамыды, жою үшін енгізу қажет:
A) эуфиллин
B) седуксен
C) прозерин
D) морфин
E) тубарин

78.Кетаминмен наркоздан кейін экстубация жүргізіледі:
A) спонтанды тыныс толық қалпына келгеннен кейін
B) түтікке реакция пайда болғанда
C) адекватты тыныс пайда болғаннан 10-15 минуттан соң
D) бала басын өзі көтере алатын жағдайда
E) санасы толық қалпына келгенде

79.Калипсол орташа дозада қолданылғанда:
A) бронходилататор болып табылады
B) микроциркуляцияны жақсартады
C) артериальді қан қысымын жоғарлатады
D) бронхтардың спазмын тудырады
E) артериальді қан қысымын төмендетеді

80.Наркоздан шыққан кезде науқастар «тыныс алуды ұмытып кетеді», бұл жағдай түсіндіріледі:
A) бұлшықет релаксанттарының қалдық әсерімен
B) дроперидолдың әсерімен
C) жадының нашарлығымен
D) наркотикалық заттардың әсерімен
E) гемотрансфузиямен

81.Асқазаны толып тұрған» науқасқа шұғыл анестезия жүргізу кезінде асқазан құрамымен регургитацияның алдын алу үшін дәрігер Селлик әдісін қолданды. Бұл кезде ол:
A) сақина тәрізді шеміршекті басты
B) науқасқа Тренделенбург қалпын берді
C) науқас сол жақ бүйіріне жатқан қалпында кіріспе наркозды бастады
D) науқас оң жақбүйіріне жатқан қалпында кіріспе наркозды бастады

E) асқазан зондын алдын ала енгізу арқылы кіріспе наркозды бастады

82.Ішкі ағзалардың зақымдануына күдік бар аяқтар және жамбастың көптеген жарақаттарында шұғыл анестезияның таңдаулы әдісі:
A) ӨЖВ- мен көп компонентті эндотрахеальді наркоз
B) маскамен анестезия
C) эпидуральді анестезия
D) жұлын- милық анестезиясы
E) жергілікті анестезия

83.Массивті компенсацияланбаған қан кету бар науқастарға анестезия кезінде миорелаксанттардан ... қолдану ұсынылады.
A) листенонды
B) тубокураринді
C) диплацинді
D) мивокуроринді
E) ардуанды

84.Анестетик ... енгізілгенде анестезия жеңіл қайтымды болады.
A) ингаляциялық жолмен
B) энтеральді жолмен
C) ректальді жолмен
D) көктамыр ішіне
E) бұлшықет ішіне

85.Фторотанды наркозда АҚ төмендеуінің негізгі себебі болып табылады:
A) кардиотоксикалық әсері
B) перифериялық қарсылықты төмендету
C) веноздық ағымды азайту
D) өкпенің жасанды вентиляциясы
E) антифизиологиялық орналасу

86.Көздің жарақаты бар науқасқа шұғыл түрде эндотрахеальді наркоз беріледі, премедикацияға қосуға болмайды:
A) морфин
B) промедол
C) седуксен
D) атропин
E) атропин, промедол

87.Перитонитпен ауыратын науқаста кіріспе анестезияны жүргізу үшін қолданылады :
A) кетамин
B) барбитураттар
C) фторотан
D) дипривaн
E) севоран

88.Асқазан резекциясында қолданылатын эффективті анестезия әдісі болып табылады:
A) тотальді көктамыр ішілік анестезия+ӨЖВ
B) инфильтрациялық анестезия
C) маскалық наркоз
D) көктамыр ішілік наркоз
E) жұлын - милық анестезия

89.Новокаинмен анестезия жүргізгенде дамитын ең жиі кездесетін асқыну:
A) аллергиялық реакция
B) препаратты сүйек ішіне енгізу
C) препаратты кенеттен артерияға енгізу
D) препаратты кенеттен көктамырға енгізу
E) АҚ жоғарлауы

90.Операция алдында атропин сульфат ерітіндісін қолдану мақсаты:
A) гиперсекрецияны азайту, ларинго - бронхоспазмның алдын алу
B) тер бөлінуінің тежелуі
C) көз ішілік қысым жоғарлауының алдын алу
D) асқазан ішек жолының тонусын төмендету
E) пульстің жоғарлауы

91.Науқаста кеңірдек интубациясынан кейін дәрігер кеуде қуысы экскурсиясының жоқтығын анықтады, капнография нәтижелері бойынша CO2 экстракциясы төмен,ерін және тырнақтардың цианозы. Өкпе аускультациясында – екі жақтан дыбыссыз тыныс шулары естіледі, эпигастрий аймағының кебуі анықталды. Бұл жағдайдың себебі болып табылады:
A) өңештің интубациясы
B) оң жақ негізгі бронхтың интубациясы
C) кеңірдектің перфорациясы
D) сол жақ негізгі бронхтың интубациясы
E) гиповентиляция

92.Лапароскопиялық операцияларды жасауда ең жиі кездесетін асқыну болып табылады:
A) ауалы эмболия
B) гипотония
C) регургитация
D) гипоксия
E) тромбоэмболия

93.Анестезияның белгілі бір түрін орындауда дәрігер бупивакаин ерітіндісінің сынама дозасын бел сегменттерінің біріне енгізді. 3 минуттан кейін аяқтардың және дененің төменгі бөлігіндегі кең аймақтың ауырсыздануы пайда болды. Аяқ бармақтарымен белсенді қозғалыстар мүмкін емес. Науқасқа ... анестезия жүргізілді.
A) жұлын- милық
B) эпидуральді
C) паравертебральді
D) каудальді
E) жамбастық

94.Лапароскопиялық операцияларда іш қуысына 30 мм с.б.б. жоғары газ енгізілгенде ең жиі кездесетін асқыну болып табылады:
A) ауалы эмболия
B) гипоксия
C) пневмомедиастинум
D) гипотония
E) гипотермия

95.48 жастағы әйел қабылдау бөліміне іштің бүкіл аймағындағы ауырсынуға, әлсіздікке, асқазан құрамымен құсуға, 38,0 С дейін гипертермияға, бір апта бойы нәжістің шықпауына шағымданып түсті. Объективті: тері жамылғылары бозғылт, тынысы беткей, ТАЖ – минутына 28 рет, тахикардиямен гипотония, тілі құрғақ, іші ісінген, перистальтика жоқ, Щеткин-Блюмберг симптомы оң. Анамнезінен: 2 аптадан бері ауырады, бұрын миокард инфарктын басынан өткізген, артериялық гипертензия және қант диабетімен ауырады. Науқасқа өмірлік көрсеткіштерге қарай операция жоспарланған. Жалпы анестезия жүргізу үшін қауіп бағаланады:
A) Рябов бойынша
B) SAPS бойынша
C) APACHE бойынша
D) ASA бойынша
E) SOFA бойынша

96.Қуықасты безінің 2 дәрежелі аденомасы диагнозымен 68 жастағы ер адам шұғыл түрде операцияға дайындалуда. Инфарктан кейінгі кардиосклероз. ЖМҚБ қалдық өзгерістері. Анестезияның оңтайлы әдісі болып табылады:

A) эпидуральі анестезия
B) к/і +ӨЖВ+НЛА (нейролепаналгезия)
C) к/і +ӨЖВ
D) көктамыр ішілік анестезия
E) жұлын- милық анестезия

97.Жалпы наркозбен жүргізілген (ӨЖВ) аппендэктомия операциясының соңында 22 жастағы ер адамда бронхолиоспазмның белгілері пайда болды. Бұл жағдайдың ықтимал себебі болып табылады:
A) анафилаксия
B) адекватты емес ауырсыздандыру
C) гиперволемия
D) гиповолемия
E) ӨЖВ тыныс алу аппаратындағы техникалық ақаулар

98.Артериальді гипертензиямен ауыратын 67 жастағы әйелде жалпы наркозбен жүргізілген холецистэктомия операциясы кезінде АҚ 80/40 мм с.б.б. дейін төмендеуі, пульс минутына 100 рет, SaO290%, дене қызуы 36,5 С анықталды. Интраоперациялық гипотензияның ықтимал себебі болып табылады:
A) гиповолемия
B) гиперволемия
C) адекватты емес ауырсыздандыру
D) кардиогендік шок
E) тыныс алу аппаратындағы техникалық ақаулар

99.Оң жақ санның остеосинтезі бойынша жалпы анестезиямен (ӨЖВ) жүргізілген операция кезінде 23 жастағы ер адамның жүрегі кенеттен тоқтап қалды. Ықтимал себебі болып табылады:
A) майлы эмболия
B) жедел коронарлық синдром
C) ауырсынулық шок
D) жарақаттық шок
E) ауалы эмболия

100.48 жастағы әйелде гастротомия бойынша жалпы анестезиямен (ӨЖВ) жүргізілген операция кезінде қатерлі (басылмайтын) артерияльді гипертензия анықталды. Ықтимал себебі болып табылады:
A) феохромоцитома
B) гипертониялық криз
C) бас мидың ісігі
D) жеткіліксіз анестезия
E) анестетиктерді шамадан тыс қолдану

1.48 жастағы әйелде гастротомия бойынша жалпы анестезиямен (ӨЖВ) жүргізілген операция кезінде қатерлі (басылмайтын) артерияльді гипертензия анықталды. Мақсатты емдеу тактикасы:
A) ганглиоблокаторларды енгізу
B) нитраттарды енгізу
C) анестетиктер енгізуді жоғарлату
D) β-блокаторларды енгізу
E) анестетиктер енгізуді азайту

2.Өт- тас ауруы және глаукома диагнозы қойылған 68 жастағы әйел жоспарлы операцияға дайындалуда. Кіріспе анестезиясына сәйкес келетін препарат болып табылады:
A) натрий тиопенталы
B) пропофол
C) кетамин
D) натрий оксибутираты
E) севоран

3.Гепатопанкреатодуоденальді аймақта орындалған жоспарлы операциялардан кейін жиі кездесетін асқыну:
A) операциядан кейінгі жедел панкреатит
B) перитонит
C) қан кету
D) ішек өтімсіздігі
E) ішектің парезі

4.60 жастағы науқасқа кешенді тексеру негізінде жедел холецистит, холедохолитиаз, механикалық сарғаю диагнозы қойылды. Науқасқа қарсы көрсетілген:
A) морфинді тері астына енгізу
B) реопрепараттарын көктамыр ішіне енгізу
C) кристаллоидтарды көктамыр ішіне енгізу
D) спазмолитиктер
E) антибиотиктер

5.20 жастағы науқас мойынның алдыңғы бетіндегі жарақатымен қабылдау бөліміне жеткізілді. Тежелген. Цианозды. Қан жоғалтудың айқын белгілері. Жарадағы трахеялық ақау. Дұрыс емес іс-әрекетті таңдаңыз:
A) кеңірдектің оротрахеальді жолмен интубациясы
B) кеңірдек ақауы арқылы кеңірдектің интубациясы
C) хирургтың қатысуымен науқасты интубациялау (қан кету күшеюі мүмкін)
D) шокқа қарсы іс-шараларды жүргізу
E) кеңірдек пен бронх ағашын санациялауды жүргізу

6.Лидокаинді эпидуральді кеңістікке енгізгеннен кейін науқаста тыныс алудың бұзылуы, кейін өздігінен тыныс алудың тоқтауы байқалады. Орын алған жағдайдың себебі:
A) анестетиктің субдуральді кеңістікке түсуі
B) эпидуральді анестезияның жоғары деңгейі алынды
C) жүрекке қанның веноздық қайтуының азаюы
D) жергілікті анестетикке аллергиялық реакция
E) гемодинамикалық ығысу

7.Науқас И. 44 жаста, салмағы 80 кг, жұлын- милық анестезиямен операция жасау қажет, лидокаиннің болжамды дозасы ... мг құрайды.
A) 80
B) 90
C) 100
D) 50
E) 20

8.40 жастағы науқастың салмағы 70 кг, ұзақ эпидуральді анестезиямен хирургиялық операция жасау қажет. 0,5% бупивакаин ерітіндісінің енгізілетін тест – дозасының көлемі ... мл құрайды.
A) 5
B) 10
C) 8
D) 12
E) 2

9.Анестезия кезінде дамыған қарыншалық тахикардияны емдеуде енгізу қажет:
A) лидокаин
B) дигоксина
C) кальций глюконаты
D) верапамил
E) изоптин

10.26 жастағы науқаста кеңірдек интубациясынан кейін кеуде экскурсиясының болмауы анықталды, капнография нәтижелері бойынша CO2 бөлінуі азайған, ерін және тырнақтарының цианозы. Өкпенің аускультациясында екі жақтан дыбыссыз тыныс шулары естіледі, эпигастрий

аймағының ісінуі бар. Науқаста ... жедел тыныс жетіспеушілігі белгілерінің пайда болуына алып келеді.
A) өңештің интубациясы
B) оң жақ басты бронхтың интубациясы
C) кеңірдектің тесілуі
D) сол жақ басты бронхтың интубациясы
E) гиповентиляция

11.Дормикумды қолданудың седуксенмен салыстырғанда басты артықшылығы ... болып табылады.
A) кері әсерінің аздығы
B) тынысты азырақ тежеуі
C) гемодинамикаға азырақ әсер етуі
D) көп уыттылығы
E) балаларда қолданылмауы

12.Іштің кең операцияларының операциядан кейінгі кезеңінде өкпе жеткіліксіздігінің ең жиі себебі болып табылады:
A) асқазан құрамымен аспирация
B) бронхоспазм
C) ателектаз
D) пневмоторакс
E) өкпе ісінуі

13.Науқастың өздігінен тыныс алуын тексеру кезінде ең ақпараттық әдіс болып табылады:
A) «көремін», «естимін», сеземін» кешені
B) айна немесе металл заттарды пайдалану (тұман)
C) ауызға жіп немесе шашты алып келу
D) тыныс шуларының аускультациясы
E) тынысты санау

14.75 жастағы науқас қысылған жарық бойынша операцияға дайындалуда. Анестезиолог операция алдында науқасты тексеру жазбасында премедикациядан кейін атаралгезия әдісін қолдана отырып анестезия жүргізу керек екенін көрсетті, ол үшін ... қолданылады.
A) седуксен және фентанил
B) дипривaн және натрий оксибутираты
C) дроперидол және фентанил
D) атропин және промедол
E) азот тотығы және димедрол

15.Нейролептоанальгезия (НЛА)– бұл ... препараттарының қосарлануы.
A) дроперидол және фентанил
B) промедола және атропин
C) пипольфен және промедол
D) листенон және тубокурарин
E) диазепам және дроперидол

16.Атаралгезия- бұл ... препараттарының қосарлануы.
A) седуксен және фентанил
B) дроперидол және фентанил
C) атропин және промедол
D) виадрил және натрий оксибутираты
E) диазепам және дроперидол

17.Наркотикалық заттардың ішіндегі өте жоғары жану және жарылғыш қасиетке ие анестетик:
A) циклопропан
B) наркотан
C) фторотан
D) метоксифлюран

E) азот тотығы

18.Антиноцицептивті (ауырсынуға қарсы) жүйенің медиаторы болып табылады:
A) эндорфин
B) морфин
C) брадикинин
D) серотонин
E) интерлейкин

19.Көктамыр ішілік анестезия жүргізу кезінде науқаста қозғалыстың қозу, АҚ жоғарлауы, бұлшықеттің қатаюы анықталды. Наркоздан кейін науқаста мазасыздық, делирий және галлюцинация байқалды. Анестезияның тереңдігі жеткілікті болды, бұл белгілер ... әсеріне тән.
A) кетаминнің
B) дипривanның
C) пропафолдың
D) натрий оксибутиратының
E) натрий тиопенталының

20.70 жастағы ер адамдағы қан көлемін мл/кг есептегенде...мл / кг құрайды.
A) 65
B) 40
C) 30
D) 100
E) 20

21.Тыныс алу тиімділігінің ең сенімді критерийі болып табылады:
A) PaO2 және PaCO2 анықтау
B) тыныс алу көлемі
C) минутына тыныс алу саны
D) тыныстың минуттық көлемі
E) өлі кеңістікті анықтау

22.Анестезиология және реанимация бөлімдерінің жұмысын жалпы ұйымдастырушылық қағидаларын реттейтін құжат болып табылады:
A) ҚР ДСМ 16.10.2017 ж. № 763 бұйрығы
B) ҚР ДСМ 19.06.1994 ж. № 238 бұйрығы
C) ҚР ДСМ 09.06.2011 ж. № 372 бұйрығы
D) ҚР ДСМ 29.09.2015 ж. № 761 хаты
E) ҚР БДМ агенттігінің 11.06.1996 ж. № 841 бұйрығы

23.Емдеу мекемесінде 3 анестезиолог- реаниматолог дәрігер болған жағдайда анестезиология және реанимация жөніндегі жұмысты басқару жүктеледі:
A) анестезиолог-реаниматолог дәрігерлердің біріне
B) бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарына
C) жетекші терапиялық стационар меңгерушісіне
D) хирургия бөлімшесінің меңгерушісіне
E) қаланың (облыстың) бас анестезиолог-реаниматологына

24.Церебральді тамырлардың кеңеюіне әкеледі:
A) pCO2 жоғарлауы
B) азот тотығы
C) галотан
D) барбитураттар
E) pO2 төмендеуі

25.Жоғары наркотикалық белсенділікке ие преапарат:
A) фентанил
B) изофлюран
C) метоксифлюран
D) наркотан

E) трилен

26. гистаминнің тіндерден бөлінуіне және қан ағымына енуіне ықпал етеді.
A) Тубокурарин
B) Дипразин
C) Супрастин
D) Димедрол
E) Преднизолон

27.Қысылған вентральді жарығы бар 40 жастағы науқасқа перидуральді анестезия жоспарланды. Науқас аяқтарындағы веналардың варикозды кеңеюіне байланысты күніне 2 рет 0,2 мл т/а эноксипарин қабылдайды. Осы жағдайда перидуральді анестезияны жүргізудің шартын атаңыз:
A) Эноксипариннің соңғы иньекциясынан 12 сағаттан ерте емес
B) Эноксипариннің соңғы иньекциясынан 8 сағаттан ерте емес
C) Эноксипариннің соңғы иньекциясынан 6 сағаттан ерте емес
D) Эноксипариннің соңғы иньекциясынан 4 сағаттан ерте емес
E) Перидуральді анестезия қарсы көрсетілген, анестезияның басқа әдісін таңдау қажет

28.Науқаста тромбоцитопения бар 100х109/л. Эпидуральды анестезияны жүргізу жоспарланған. Бұл жағдайда осы анестезия жүргізуге көрсеткіш:
A) тек тромбоциттер деңгейі 180*109/л дейін жоғарлағанда
B) абсолютті қарсы көрсеткіш
C) көрсеткіш болып табылады
D) эпидуральді анестезия жүргізуге тромбоциттердің деңгейі критерий болып табылмайды
E) салыстырмалы қарсы көрсеткіш

29.Сіздің науқасыңыз тыныс алу аппараттында жатыр. Тыныс алу жолдарында плато қысымы өзгермей (plateau pressure) тыныс алудың максимальды қысымы жоғарлауының себебі (peak inspiratory pressure (PIP):
A) өкпе ісінуі
B) жоғары тыныс алу көлемінің (tidal volume)
C) асцит
D) түтіктің бронхтарға ығысуы
E) бронхоспазм

30.Буландырғышқа қателікпен севофлуран орнына изофлуран толтырылды. Осы қателіктің науқас организміне әсері:
A) булану шкалада көрсетілгеннен жоғары болады
B) концентрацияда ешқандай өзгеріс болмайды
C) булану шкалада көрсетілгеннен төмен болады
D) ол жерде севофлуран болғандағыдай қолдануға болады
E) бұл тек газдың иісіне әсер етеді

31.Анестезияда фентанил және промедолды қосып қолдану келесі әсерге алып келуі мүмкін:
A) фентанилдің анальгетикалық әсерінің күшеюі
B) промедолдың анальгетикалық әсерінің күшеюі
C) фентанилдің анальгетикалық әсерінің төмендеуі
D) промедолдың анальгетикалық әсерінің төмендеуі
E) анальгетиктердің фармакологиялық әсері бірбағыттылығына байланысты жалпы анальгетикалық әсерінің күшеюі

32.Сіз наркоз жүргізу мақсатында бензодиазепин препараттарының қатарындағы мидозоламды бір компонент ретінде қолдануды жоспарладыңыз. Осы препараттың метаболизмін күшейтетін фактор:
A) бүйрек қызметінің қызметі
B) шылым шегу
C) созылмалы алкоголизм
D) егде жас
E) циметидин қабылдау

33.Сіз күрделі тамырлық операция кезінде мультимодальды анестезияның компоненті ретінде дексемедетомидинді қолдануды жоспарладыңыз.Бұл препараттың артықшылығы болып табылады:
A) миокард инфарктының қаупі төмен болуы
B) тыныс тежелуінің қаупі төмен болуы
C) айқын гипотензияның қаупі төмен болуы
D) ерте энтеральді жүктеменің мүмкін болуы
E) өлім қаупінің төмен болуы

34.44 жастағы науқасқа жұлын-милық анестезия жүргізілуде. Анестезияға дейін қалыпты пульс анықталды - минутына 80 рет. Анестезиядан 5 минуттан кейін пульстің жиілігі минутына 50 ретке дейін төмендеді. Брадикардияның физиологиялық анықтамасы:
A) жүректің симпатикалық иннервациясының депрессиясы
B) кезбе нервтің рефлекторлық стимуляциясы
C) шамадан тыс премедикация
D) аяқ-қолдар бұлшықетінің параличі
E) 100% қанайналым уақытының жоғарлауы

35.Науқасқа ингаляциялық анестезия жүргізілуде. Сіз ингаляциялық анестезияның хирургиялық кезеңі басталуын мына көрініс арқылы анықтайсыз:
A) көз алмаларының орталықтандырылуы және фиксациясы
B) қарашықтардың тарылуы
C) кірпіктік рефлекстердің болмауы
D) ырғақты тыныстың басталуы
E) корнеальді рефлекстердің болмауы

36.Төменде аталған наркотикалық заттардың ішінде өте жоғары жану және жарылғыштық қасиеті бар зат:
A) циклопропан
B) наркотан
C) фторотан
D) метоксифлюран
E) азот тотығы

37.Азотқа қарағанда азот оксиді қанда... есе көп ериді.
A) 35
B) 2
C) 10
D) 20
E) 25

38.Наркоз- тыныс алу аппараты және байланыстырушы жабдықтарының микробпен ластануын жою процесі ... деп аталады .
A) деконтаминация
B) деафферентация
C) декарбоксилдену
D) дератизация
E) деконфронтация

39.Краниотомияда анестезия кезінде ӨЖВ жүргізуде дем шығару соңындағы CO2 концентрациясы:
A) жүректің лақтырысына байланысты
B) ауалы эмболияда артады
C) 3% төмен мөлшерде болуы керек
D) отырған науқастарда анық емес
E) анестезияның тереңдігіне тәуелді емес

40.Операция алдында қаңқа ішілік қысымды төмендету әдістеріне жатады:
A) гипервентиляция, маннитол және пропанололды енгізу

B) натрий нитропруссидін, ганглиоблокаторларды енгізу
C) жұлынның дренажы
D) барбитураттар және седуксенді енгізу
E) фуросемидті енгізу

41. нашақорларда абстиненция шақырады.
A) Налорфин
B) Омнопон
C) Промедол
D) Фентанил
E) Дипидолор

42.Каротидті синустың барорецепторларын ынталандыру... .
A) жүрек жиырылу жиілігін жоғарлатады
B) афферентті импульстің орталық жүйке жүйесіне берілуін азайтады
C) симпатикалық тонусты жоғарлатады
D) артериальді қан қысымын жоғарлатады
E) жүрекшелік натрийуретикалық пептидтердің бөлінуін жоғарлатады

43.Механикалық желдету кезінде тыныштық кезіндегі минуттық көлемнен екі есе көп:
A) артериялық қанның pH жоғарлайды
B) артериялық қандағы CO2 мөлшері артады
C) тері тамырларының вазодиляциясы болады
D) жүректің лақтырысы жоғарлайды
E) плазмадағы иондалған кальций артады

44.Өкпесі қалыпты науқаста анестезия жүргізу кезінде ТШСОҚ ... мм с.б.б. орнатылады.
A) 3- тен артық емес
B) 4- 9
C) 12- ден көп емес
D) 5- 10
E) 10- 12

45.Тыныс көлемін неғұрлым сенімді өлшеу ... .
A) дем шығару кезінде
B) дем алу кезінде
C) тыныс алу немесе дем шығару кезінде маңызды емес
D) экскурсия бойынша
E) сатурация бойынша

46.Дроперидол ... шақырмайды.
A) қан тамырлардың спазмын
B) адреналин мен норадреналиннің прессорлық әсерін төмендету
C) орташа гипотония
D) тіндердің перфузиясын жақсартуды
E) перифериялық тамырлардың кеңеюін

47. барбитурат ерітінділерімен араластыруға және оларды бір уақытта енгізуге рұқсат етіледі.
A) Дитилинді
B) Анатруксонийді
C) Диплацинді
D) Тубокурарині
E) Ардуанды

48.Седуксенмен салыстырғанда дормикумды қолданудың негізгі артықшылығы болып табылады:
A) кейінгі әсерінің аз болуы
B) тынысты аз тежейді
C) гемодинамикаға аз әсер етеді
D) токсикалық әсері көбірек
E) балаларда қолданылады

49.Эпидуральді кеңістік ... арасында орналасқан.
A) қатты ми қабығы және жұлын бағанасы
B) қатты ми қабығы және мидың торлы қабығы
C) жұмсақ ми қабығы и мидың торлы қабығы
D) мидың торлы қабығы және жұлын- ми
E) жұмсақ ми қабығы и жұлын- ми
50.Жалпы ұйқы артериясы сыртқы және ішкі болып мына деңгейде бөлінеді:
A) қалқанша тәрізді шеміршектің жоғары қырында
B) VI мойын омыртқасында
C) VII мойын омыртқасында
D) II мойын омыртқасында
E) I мойын омыртқасында
51. артериясынан қан кету трахеотомия операциясын қиындатуы мүмкін.
A) Жұп емес қалқанша
B) Тілдік
C) Сыртқы ұйқы
D) Бұғана асты
E) Ішкі ұйқы
52.Жұлынның алдыңғы мүйіздері зақымданғанда байқалады:
A) қимылдың және бұлшықет тонусының толық жоғалуы
B) рефлекстердің сақталуы аясында шартсыз қимылдардың жоғалуы
C) қимылдың толық жоғалуы және бұлшықет тонусының жоғарлауы
D) рефлекстердің сақталуы аясында сезімталдықтың толық жоғалуы
E) сезімталдықтың және қимылдың толық жоғалуы
53.Анестезия кезінде трансфузионды реакция көрінеді:
A) уртикарлы бөртпемен
B) гипертензиямен
C) ентігумен
D) төс артындағы ауырсынумен
E) температураның төмендеуімен
54.Анестезия кезінде трансфузионды реакция көрінеді:
A) гипертензиямен
B) ентігумен
C) зәрдегі қанмен
D) төс артындағы ауырсынумен
E) температураның төмендеуімен
55.Жедел перитонитте операция дейінгі дайындық кезінде инфузонды терапияның мақсаты:
A) гиповолемияны жылдам емдеу, гемодинамиканы тұрақтандыру және жасушадан тыс сұйықтық дефицитін азайту
B) барлық гидрогемодинамикалық және электролиттік бұзылыстарды толығымен жою
C) H2O жасушалық дефицитін жылдам емдеу
D) жүрек жұмысын жақсарту
E) өкпедегі газ алмасуды жақсарту
56.Қатерлі гипертермия патогенезінде басымдық беріледі:
A) миорелаксанттар қолдануға
B) эндоплазматикалық кальций концентрациясына
C) қышқылдану- фосфорлану бұзылысына
D) сарколемма өткізгіштігінің бұзылысына
E) генетикалық ферментопатияға
57.Ең үлкен қан көлемі… болады.
A) үлкен қан айналым шеңберінің веналарында
B) капиллярларда

C) үлкен қан айналым шеңберінің артерияларында
D) өкпе және жүрек қантамырларында
E) бауыр қантамырларында

58.Тыныстық ацидоз туындағанда анестезиолог тактикасына кіреді:
A) өкпенің гипервентиляциясын жүргізу
B) натрий гидрокарбонатын құю
C) наркотикалық зат беруді азайу
D) тыныстық аналептиктерді тамыр ішіне енгізу
E) ақуыздық препараттарды құю

59.Фибрилляция кезеңінде деполяризациялаушы миорелаксанттар ... қабілетті .
A) көзішілік қысымды жоғарлатуға
B) көзішілік қысымды төмендетуге
C) көзішілік қысымды өзгертпеуге
D) көзішілік қысымды күрт төмендетуге
E) бассүйек ішілік қысымды жоғарлатуға

60.Коматозды жағдайдағы нейрохирургиялық науқастарда премедикация үшін қолданылмайды:
A) морфин
B) атропин
C) димедрол
D) преднизолон
E) нифедипин

61.Бассүйек – ми жарақаты бар науқастарда ӨЖВ-на көрсеткіш болып табылмайды:
A) парадоксальді тыныс
B) комалық жағдай
C) мидің ісінуі
D) өздігінен тыныстың жеткіліктілігіне күмән болуы
E) гиповентиляция

62.Миастениялық кризде операциядан кейінгі кезеңде қолданылмайды:
A) антидеполяризациялық релаксанттар
B) ӨЖВ
C) антихолинэстеразды препараттар
D) глюкокортикоидтар
E) плазмаферез

63.Артериальді PCO2 білу ... өлшеу үшін қажет.
A) физиологиялық өлі кеңістікті
B) көмірқышқыл газын шығаруды
C) вентиляцияның минуттық көлемін
D) өкпенің қалдық көлемін
E) өкпенің өмірлік сыйымдылығын

64.Науқасқа эндотрахеальді анестезиямен іш қуысы мүшелерінің жедел хирургиялық патологиясына байланысты операция жасалды. ӨЖВ орташа гипервентиляция режимінде жүргізілді. Операциядан кейін апноэ анықталды, өздігінен тыныс алуды қалпына келтіру тиімсіз. Артериялық қан газдарына талдау жасағанда оксигенация қалыпты, айқын гипокапния бар, анестезия кезінде тыныс алуды реттеудегі маңызды көрсеткіш болып табылады:
A) PaCO2
B) PaO2
C) O2 бойынша артериовеноздық айырмашылық
D) веноздық қанның PO2
E) веноздық қанның PCO2.

65.38 жастағы науқаста өкпе абсцессі бар, жөтел ұстамасынан кейін кеуде қуысында қатты ауырсыну, тыныс алудың қиындауы, ентігу,сатурацияның төмендеуі пайда болды. Оң жақта

тыныс шулары естілмейді, перкуторлы – жоғары тимпаникалық дыбыс. Рентгенограммада – оң жақта пневмоторакс, науқасқа жүргізу қажет:
A) плевра қуысын пункциялау немесе дренаждау
B) 100% O2 оң ауыспалы қысыммен тыныс
C) трахеостомия
D) кеңірдектің интубациясы
E) оң жақ басты бронхтан шырышты аспирациялау

66.Құрысу синдромын шақыру қабілетіне байланысты нейроанестезиологияда қолданылмайтын анестетик:
A) энфлуран
B) изофлюран
C) севофлюран
D) десфлуран
E) галотан

67.Науқас Ш., 65 жаста, анамнезінде ұзақ уақыт бойы ЖИА. Эмоционалды жүктеме аясында айқын ентігу, тыныс алудың қиындауымен тұншығу, әлсіздік, бас айналуы пайда болды. Өкпе аускультациясында тынысы везикулярлы, сырылдар жоқ. ЭКГ- да I, II, V3 – V6 тіркемелерде «мысықтың белі» түріндегі ST сегментінің көтерілуі. Шұғыл көмек көрсетудегі біріншілік таңдау препараттары:
A) наркотикалық анальгетиктер, антикоагулянттар, антиагреганттар, нитраттар
полиглюкин және 400 мл консервіленген қан құйылды. Операциядан 2 сағаттан кейін науқаста делирий дамыды, мазасыздық пайда болды. Қатты тершеңдік, айқын тахикардия және артериальді қысымның жоғарлауы анықталды. Сіз ойыңызша бұл жағдай:
A) тиреотоксикалық криз
B) травматикалық шок (эректиальді фаза)
C) геморрагиялық шок
D) қан құюға реакция
E) трансфузионды шок

94.Премедикацияда дроперидолды енгізгеннен кейін науқастарда кейде ыңғайсыздық сезімі, ішікі қорқыныш, шаршағыштықпен сипатталатын психоневрологиялық симптоматика дамиды. Науқастар операцияға теріс көзқараста болады, кейде бас тартады. Бұл жағдай аталады:
A) нейродислепсия
B) нейродистония
C) нейропения
D) Кандинский - Клерамбо синдромы
E) нейроплегия

95.Барбитураттар артерия және веналарға арнайы әсер етеді:
A) веналардың кеңеюін шақырады
B) артериялардың спазмын шақырады
C) артериялардың дилатациясын шақырады
D) веналардың спазмын шақырады
E) капиллярлардың спазмын шақырады

96.Наркоз кезінде науқаста анықталды: терісінің түсі ашық- қызыл түсті, қаңқа бұлшықеттерінің тонусы жоғарлаған, көз алмасы қозғалғыш, қарашықтардың жарыққа жауабы сақталуымен орташа кеңеюі, қабықтары қатты қысылған, конъюнктивальді рефлекстер толық өшпеген. Бұл симптоматика Гведел бойынша ... сатыға тән.
A) 2- саты
A) саты
B) саты
C) саты
D) саты

97.Галотанды наркозда артериальді гипотонияның негізгі себебі болып табылады:
A) кардиотоксикалық әсер
B) ганглиоблокаторлы әсер
C) сопақша мидағы тамырлық орталыққа әсері
D) жалпы қабылданған дозада артериальді гипотония байқалмайды
E) жүйтеме алдының азаюы

98.Ингаляциялық наркотикалық заттардың наркотикалық әсерінің басталу жылдамдығы олардың қанда ерігіштік коэффициентіне байланысты екендігі анықталған. Бұл тәуелділік көрінеді:
A) ерігіштік коэффициенті қанша жоғары болған сайын, наркотикалық әсері баяу көрінеді
B) ерігіштік коэффициенті қанша жоғары болған сайын, наркотикалық әсері тез көрінеді
C) ингаляциялық наркотикалық заттардың ерігіштігі наркоздың тереңдігіне әсер етеді, бірақ оның басталу жылдамдығына емес
D) қанда ерігіштік» түсінігі ингаляциялық наркотикалық заттарда қолданылмайды
E) ингаляциялық наркотикалық заттардың қанда ерігіштігі молекулярлы салмағына тәуелді

99.Ингаляциялық наркотикалық заттардың басым көпшілігінде қан мен тіндердегі ерігіштігі шамамен бірдей («тін-қан» ерігіштік коэффициенті 1,0-1,81 аралығында болады). Тек бір наркотикалық зат тіндерге, әсіресе майға көбірек жақын. Бұл заттағы «майлы тін- қан» ерігіштік коэффициенті 60-қа тең. Бұл ... үшін тән.
A) фторотан
B) азот тотығы
C) севоран

D) изофлуран
E) метоксифлуран

100.Науқаста галотанды шамадан тыс қолданғанудың әсерінен жедел жүрек- қантамырлық жеткіліксіздік дамыды. Бұл жағдайда көрсетілген:
A) дофамин
B) адреналин
C) норадреналин
D) эфедрин
E) преднизолон

1.Қызметтік міндеттерін орындау кезінде медицина қызметкері амбулаториялық жағдайда иық буынының шығуын түзетуде қысқа мерзімді анестезияның әсеріне ұшырады. Оянғаннан бірнеше минуттан кейін науқас қоршаған ортаға толығымен бағдарланған, қоршаған ортаға дұрыс жауап берді. Науқасты наркоздан кейінгі бөлмеде 1,5 сағат бақылағаннан соң анестезиолог дәрігер оны емханадан қызметтік автокөлікпен босатты. Науқас буын аймағында ауырсыну болмады, тіндердің ісінуі анықталмады. Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындауға ... сағаттан кейін жіберілуі мүмкін.
A) 24
B) 3
C) 6
D) 2
E) 12

2. тыныс жүйесінде газонаркотикалық қоспа тыныстық айналым барысында абсоберден екі рет өтеді.
A) Маятникті
B) Ашық
C) Жартылай ашық
D) Циркуляционды
E) Жабық

3.Реверсивті емес тыныс контурына жатады:
A) жартылай ашық
B) маятникті
C) жабық
D) жартылай жабық
E) циркуляционды

4.Наркоз және ӨЖВ аппараттарында, ереже бойынша, тыныстың жартылай ашық әдісінде тыныс алатын және шығарылатан газ ағынын ажырататын қақпақша болады. Бұл қақпақша аталады:
A) реверсивті емес
B) бағыттаушы
C) сақтаушы
D) шығаратын
E) қайта бөлетін

5.Азот оксиді бар баллонды өлшеп және алынған нәтижеден контейнердің салмағын алып тастағаннан кейін дәрігер екі кг сұйық азот оксиді бар екенін анықтады. Азот оксидінің бұл мөлшері оны газ күйінде 4 л/мин тұтынған кезде жетеді:
A) 4-5 сағатқа
B) 10 минутқа
C) 2 сағатқа
D) 6-8 сағатқа
E) 10 сағатқа

6.Сіз тынысты гелий- оттегілік қоспамен 50%- ға 50% арақатынаста жүргізуге шешім қабылдадыңыз. Гелий бар баллон азот оксидіне арналған дозиметрге жалғанған. Егер оттегілік дозиметрде жылдамдық 3 л/мин болса, гелий тыныс контурына ... жылдамдықта берілуі қажет.

A) 1 л/мин
B) 3 л/мин
C) 6 л/мин
D) 9 л/мин
E) 10 л/мин

7.Эпидуральді кеңістікке енгізу кезінде эпидуральді анестезияның ең ұзақ ұзақ әсерін қамтамасыз етеді:
A) бупивакаин
B) тримекаин
C) дикаин
D) ксикаин
E) лидокаин

8.Лидокаинмен эпидуральді анестезия жүргізу кезінде науқастың өміріне қауіп төндіретін айқын артериальді гипотензия дамыды. Анестезияны орнықтауда техникалық қателіктер болған жоқ. Бұл асқыну дамуының мүмкін механизмі болып табылады:
A) химиялық симпатэктомия (адренергиялық вазоконстрикторлы импульстарды өшіру)
B) тамырлардың тегіс бұлшықетіне тікелей босаңсытатын әсер
C) тамырлардың тегіс бұлшықетіне тікелей босаңсытатын әсермен химиялық симпатэктомия
D) миокард жиырылғыштығының төмендеуі
E) анестетиктің жұлын- милық кеңістікке түсуі

9.Деполяризациялаушы релаксанттарды енгізгенде кейіннен бұлшықет ауырсынуымен жүретін бұлшықеттің фибрилляциясы дамитыны белгілі. Осындай ауырсынудың алдын алу мақсатында науқасқа алдын ала енгізу қажет:
A) аз дозада тубарин
B) атропин
C) прозерин
D) аз дозада бемегрид
E) морфин

10.Анестезиолог дәрігердің бұйрығымен анестезист мейірбике науқасқа миорелаксант енгізді. Препарат енгізуге жауап ретінде бұлшықеттердің босаңсуы фибриллярлы жиырылусыз болды. Бұндай клиникалық әсер тән:
A) тубаринге
B) миорелаксантқа
C) дитилинге
D) листенонға
E) польсуксанға

11.Прозерин антидот болып табылады:
A) тубариннің
B) дитилиннің
C) миорелаксиннің
D) листенонның
E) ардуанның

12.Бронх демікпесімен ауыратын науқасқа наркоз жүргізу қажет. Осы жағдайда қолдану мақсатты:
A) тубокураринді
B) павулонды
C) диадонийді
D) миорелаксинді
E) норкуронды

13.Ұзақтығы 5- 6 минуттық басқарулы тыныс арқылы наркозбен бронхоскопиялық зерттеу жүргізу жоспарланды, бірақ науқасқа деполяризациялаушы релаксанттарды қолдану белгілі бір себептерге байланысты қолайсыз. Осы жағдайда қолдану мақсатты:
A) диадоний

B) парамион
C) тубарин
D) мивакрон
E) эсмерон

14.Феохромоцитомамен ауыратын науқасқа операция кезінде қолдану мақсатты:
A) листенон
B) тубокурарин
C) павулон
D) эсмерон
E) нимбекс

15.Массивті қан кету қаупімен бас миға операция жоспарлануда. Негізгі нейрохирургиялық патологиядан басқа науқас қосалқы Фалло тетрадасымен ауырады. Ганглионарлы блокадада қан кету дәрежесін азайту мақсатында осы жағдайда қолдану қажет:
A) ганглиоблокаторларды қолдану қарсы көрсетілген
B) гигроний
C) гексаметоний
D) арфонад
E) дроперидол

16.Анестезия кезінде анестезиолог қысқа мерзімді гипоксияға жол берді, оған жауап ретінде науқастың денесінде оттегі ашығуының ауырлығына сәйкес келмейтін өзгерістер пайда болды. Олар өмірлік маңызды ағзаларда инфаркт пен геморрагияның дамуынан тұрды, капиллярлардың окклюзиясы және веноздық тромбоздар пайда болды. Бұл жағдайда анестезиолог тұқым қуалайтын аурудың болуы мүмкіндігін ойлауы қажет:
A) гемоглобинопатиялар
B) ферменттік энзимопатиялар
C) Томпсон миопатиясы
D) порфириялар
E) гемофилиялар

17.Анестезия асқынуларын болжау жоспарында адам ағзасында анестезиолог үшін айқын қызығушылық тудыратын аурулардың бірі прогнатия болып табылады. Бұл ауру сипатталады:
A) жақтың дамымауымен
B) гормоналды метаболизмнің бұзылуымен
C) сүйектер сынғыштығының жоғарылауымен
D) қан ауруымен
E) саусақтардың дамымауымен

18.Миастениямен ауыратын науқастарға наркоз жүргізу кезінде кіріспе наркоз үшін мына препаратты қолдану ұсынылмайды:
A) седуксен
B) гексенал
C) тиопентал-натрий
D) азот тотығы
E) дроперидол

19.Науқаста неомицин антибиотигінің миорелаксациялық әсеріне байланысты тыныс алу жеткіліксіздігі анықталды. Осы антибиотиктің кураре тәрізді әсерін басу үшін сіз мына препаратты қолданасыз:
A) кальций хлориді
B) прозерин
C) галантамин
D) атропин
E) калий хлориді

20.70 жастағы науқаста холецистэктомия жоспарланған. Анамнезінде - ЖИА, миокард инфаркты, артериальді гипертензия, аллергилық анамнезі өзгеріссіз. Эпидуральді анестезияны Т7-Т8

деңгейінде орындау және тест-дозаны жүргізу кезінде 75 мг дозада наропин енгізілді. Негізгі дозаны енгізгеннен 2 минуттан кейін 40/0 мм с.б.б. дейінгі күрт артериялық гипотензия байқалды, брадикардия 36-38 рет/мин, апноэ. Бұл көріністердің себебі және интенсивті терапия бағыты:

A) жұлындық блок, эпинефринді енгізу, инфузиялық терапия, ӨЖВ
B) нейровегетативті дисрефлексия, инфузиялық терапия, наркотикалық анальгетиктер, спазмолитиктер
C) анафилактоидты реакция, эпинефринді енгізу, инфузиялық терапия
D) анафилактикалық шок, эпинефрин, преднизолон енгізу
E) рефлекторлық реакция, Тренделенбург қалпында орналастыру, атропин енгізу, өкпені қосымша желдету

21.Ингаляциялық анестезияда α1, α2, β1, β2 – симпатомиметиктерді қолдану алып келуі мүмкін:

A) ингаляциялық анестезияда миокардтың симпатомиметиктерге сенсибилизациясына байланысты жүрек қарыншаларының фибрилляциясы
B) ингаляциялық анестетиктің әсерінен ми қан ағымының күшеюінен туындаған церебральді тұз жоғалтатын синдром
C) катехоламиндерге α1, α2, β1, β2 рецепторларының сенсибилизациясына байланысты тұрақты артериялық гипертензия
D) ингаляциялық анестетикпен қан тамырлары α1, α2, β1, β2 рецепторларының блокадасы
E) ингаляциялық анестетиктің теріс дромотропты әсері аясында симпатомиметиктердің әсерінен толық АВ-блокаданың дамуы

22.Жалпы анестезиямен жүректің жедел тампонадасында перикардиоцентез (перикардиотомия) жүргізу қажет болған жағдайда тыныс алуды қолдаудың келесі ерекшеліктерін сақтау ұсынылады:

A) операция кезеңіне қарамастан - төмен тыныс алу жиілігі және жоғары тыныс алу көлемі кезінде мәжбүрлі ӨЖВ
B) перикардты ашқанға дейін CPAP режимі, кейін- мәжбүрлі ӨЖВ немесе тыныс алу жиілігі жоғары және тыныс алу көлемі төмен болғандағы ӨЖВ
C) бүкіл операция кезінде CPAP режимі
D) жүрек лақтырысының төмендігін ескере отырып, тек жоғары эпидуральді анестезия қажет
E) операцияның көлеміне қарамастан - тек жергілікті инфильтрациялық анестезия жүргізу

23.60 жастағы науқасқа сол көздің катарактасына байланысты атаралгезия (реланиум+фентанил) жасалды. Операция кезінде тыныс алудың қысқа мерзімді депрессиясы болды, ол қосымша желдетумен қалыпқа келді. Операция соңында анестезиолог дәрігер науқасқа 1 мг/кг дозада пентазоцинді (лексир) енгізуінің мақсаты:

A) лексирдің өз әсері есебінен фентанилдің теріс әсерлерін жою және анестезияны ұзарту
B) реланиумның кері әсерлерін жою
C) реланиумның седативті әсерін күшейту
D) фентанилден туындаған тыныс алу депрессиясының алдын алу
E) операциядан кейін фентанилдің анальгетикалық әсерін күшейту

24.26 жастағы әйел кесір тілігі 12 сағаттан бұрын (39 апта, бала сау) жұлын анестезиясымен жүргізілген. Операциядан кейінгі кезеңде ерекшеліктер жоқ. Соңғы бірнеше сағатта ол шаршағыш, әлсіз болды. Қазіргі уақытта: Т 37.1°С, ЖЖЖ 118 ерт/мин, АҚ 79/ 51 мм с.б.б., ТАЖ 22 рет, SpO2 94%, оттегі берілмеген. Аяқтары суық, ісінген. Гемоглобин 90 г/л. Сұйықтықтарды к/і болюсті енгізгенде оның көрсеткіштері жақсармады. Орталық вена катетері, артериялық катетер орнатылған. ОВҚ - 15 мм с.б.б., артериялық толқынның формасы жүрек лақтырысының төмендеуін көрсетеді. Науқас ентігуге, жатқанда тыныс алудың қиындауына шағымданады. Науқаста ... шок.

A) гипердинамиялық септикалық
B) анафилактикалық
C) кардиогенді
D) гиповолемиялық
E) нейрогендік

25.Эпидуральді анестезияны (ЭДА) орындау кезінде анестезиолог дәрігер ликвордың Туохи инесінен ағуын анықтады. Науқастың жағдайы тұрақты- есі анық, АҚ 135/85 мм с.б.б., ЖЖЖ 88, пульс 88, SpO2 98%. Анестезия жүргізуде және операциядан кейінгі кезеңде болуы мүмкін асқыныстардың алдын-алу үшін анестезиологтың іс- әрекеті:
A) люмбальді каналға аз мөлшерде анестетик енгізу арқылы жұлын анестезиясын жүргізу
B) Туохи инесін ликвор тоқтағанға дейін тарту, аутоқанмен пункция орнын бекіту. ЭДА 1-2 деңгей жоғары жүргізу немесе анестезияның басқа әдісін таңдау
C) инені алып тастауу, асептикалық таңғыш қою, анестезияның басқа әдісін таңдау
D) жұлын каналын катетеризациялау, ЖМА және операция жасау
E) дозамен тестті жүргізбей эпидуральді анестезияға арналған анестетиктің негізгі дозасын енгізу

26.Варикоцелеге байланысты 2% лидокаин ерітіндісінің жалпы 3,5 мг/кг дозасымен көп компонентті ингаляциялық анестезия жүргізгенде операция соңында (басынан30 минуттан кейін) науқаста құлақта шу, көру қабілетінің бұзылуы, ауызда металл дәмі, ауыздың айналасындағы қышу пайда болды. Осы көріністердің болуы мүмкін себебін атаңыз:
A) шамадан тыс дозаға байланысты лидокаиннің токсикалық әсері
B) бет аймағындағы парестезиямен ми қан айналымының бұзылуын тудырған лидокаинмен жеткіліксіз анальгезиясы
C) вагосимпатикалық импульсацияның күшеюі және тамырлық тонустың бұзылуымен көрінетін шәует бауының рефлекторлық реакциясы (оны тартқанда)
D) лидокаиннің метаболизмі кезінде пайда болатын О-толуидиннің әсерінен гемоглобин тотығуынан метгемоглобиннің түзілуі
E) лидокаинге анафилактоидты реакция

27.72 сағат бұрын пайда болған омыртқа- жұлын жарақатына байланысты мойын омыртқаларының спондилодезі жоспарланған. Бұл жағдайда анестезия және миорелаксацияға қарсы көрсетілген:
A) суксаметоний
B) рокуроний бромиді
C) пропофол
D) фентанил
E) кетамин

28.L2-L3 деңгейде эпидуральді кеңістікке наропинді 150 мг дозада енгізгеннен кейін науқаста блоктың баяу дамуы, оның мозаикалығы, Горнер синдромының пайда болуы байқалады. Бұл көріністердің механизмі:
A) субдуральді блок дамыды
B) жұлындық блок дамыды
C) жұлын миы түбіршектері зақымданған
D) қалыпты эпидуральді блок дамыды
E) анестетиктің байқаусызда тамыр арнасына түсуі

29.Тиреоментальді қашықтық 11 см, Маллампати бойынша II класс, Кормак-Лихан бойынша дауыс саңылауын бағалау дәрежесі - I. Кеңірдек интубациясының қиындық ықтималы:
A) орташа ауыр
B) жеңіл
C) қиын
D) өте қыин
E) мүмкін емес

30.43 жастағы науқаста тотальді көктамыр ішілік анестезиямен асқазанның перфоративті жарасын тігу операциясы жүргізілді, операциядан кейінгі кезеңнің басында өздігінен тыныс алудың және есінің қалпына келуі аясында экстубация жасалды. 20 минуттан кейін аралас ентігу түрінде тыныс жеткіліксіздігі белгілерінің тез өршуіі байқалады, ТАЖ 30 рет/мин, тынысы беткей, аускультативті: екі жағынан естіледі, әлсіреген, сырылдар жоқ. Бұл көріністердің ең ықтимал себебі және олардың интенсивті терапиясы:

A) рекураризация. Антихолинэстеразды препараттарды енгізу қажет
B) экстубациядан кейінгі құсу массаларымен аспирация. Трахеобронхиальді ағаштың санациясы және лаваж
C) ларингоспазм. Оксигенотерапия, ауыз қуысының санациясы қажет
D) тіл түбінің түсуімен механикалық асфиксия. Сафар әдісін, ӨЖВ жүргізу
E) наркотикалық анальгетиктердің қалдық әсері. Налоксон енгізу қажет

31.40 жастағы науқасқа шұғыл түрде холецистэктомия жасау жоспарланған. Листенонды енгізгеннен 3 минуттан кейін қаңқа бұлшықеттерінің қатаюы, шайнау бұлшықеттерінің тризмі анықталды, бет маскасы арқылы вентиляцияда PetCO2 50-55 мм с.б.б. дейін күрт жоғарлаған. Оксигенация және гемодинамика көрсеткіштері қалыпты. Бұл көріністер дамуының ең ықтимал себебі және интенсивті терапия бағыты:

A) қатерлі гипертермия, дантролен
B) ӨАТЭ, тромболизис
C) анафилактикалық шок, эпинефрин
D) эпилептикалық статус, натрий тиопенталы
E) листенонның токсикалық әсері, инфузиялық терапия, детоксикация

32.Жарақат бөліміне 75 жастағы науқас келді. Иық буынының шығуы диагнозы қойылды. Көктамыр ішілік анестезиямен (пропофол+промедол) қолды орнына қою кезінде науқаста тыныс алу тоқтады. Сіздің іс- әрекетіңіз:

A) маскамен вентиляцияны бастау
B) кордиаминді көктамыр ішіне енгізу
C) кофеинді көктамыр ішіне енгізу
D) ауыздан-ауызға» әдісімен вентиляцияны бастау
E) өздігінен тыныс алудың қалпына келуін күту

33.Жедел РДС синдромы бар науқаста өкпенің механикалық вентиляциясын жүргізу кезінде тыныс алу көрсеткіштерінің оңтайлы қосарлануы (Cst 28 мл/мм су б.б.):

A) ТК 6 мл/кг, ТАЖ 12, ТШСОҚ 10 см су б.б., Rplato 25 см су б.б., I:E 1: 1
B) ТК 6 мл/кг, ТАЖ 12, ТШСОҚ 12 см су б.б., Rplato 35 см су б.б., I:E 1: 2
C) ТК 8 мл/кг, ТАЖ 12, ТШСОҚ 10 см су б.б., Rplato 25 см су б.б., I:E 1: 3
D) ТК 9 мл/кг, ТАЖ 14, ТШСОҚ 6 см су б.б., Rplato 25 см су б.б., I:E 1: 2
E) ТК 10 мл/кг, ТАЖ 10, ТШСОҚ 10 см су б.б., Rplato 15 см су б.б., I:E 1: 2

34.Жедел РДС бар науқаста ӨЖВ кезінде келесі параметрлер орнатылды: ТК 8 мл/кг дейін, ТАЖ 14 мин, FiO2 60%, I:E1:2, Рпик 25 см су б.б., ТШСОҚ 6 см су б.б. Қанның оксигенациясы көрсеткіштері- SpO2 95%, PaO2 84 мм с.б.б., Рплато 21 см су б.б.

Біраз уақыттан кейін реаниматолог дәрігер Рплатоның 38 мм с.б.б. дейін жоғарлағанын, SpO2 90% - ға дейін, PaO2 65 мм с.б.б. дейін төмендегенін анықтады. Қанның оксигенациясын тұрақтандыру үшін вентиляция параметрлерін өзгерту керек:

A) ТК1 мл/кг дейін төмендету, I:E-ді біртіндеп теңестіру, Рплато < 30 см су б.б. жеткенге дейін FiO2 80-100% дейін жоғарлату
B) Рпик-ті 1 см су б.б. жоғарлату, Рплато 35 см су б.б. деңгейіне жеткенге дейін ТК 1 мл/кг-ға дейін жоғарлату
C) ештеңе жасамау, бұл өзгерістер уақытша болып табылады
D) Рплатоға назар аудармай тек FiO2 100% - ға дейін көбейту
E) ТК 6 мл/кг-ға дейін төмендету, ТАЖ 16-ға дейін арттыру, I:E қатынасын 1:3-ке дейін арттыру

35.Кеңірдекті интубациялау алдында анестезия индукциясы кезінде анестезиолог дәрігер науқасқа әсері орташа ұзақтығындағы деполяризацияланбайтын миорелаксант – рокуроний бромидін 50 мг дозада енгізді. Төменгі жақ қозғалысының шектелуі, ауыздың жеткіліксіз ашылуы, үлкен тіл болуына байланысты өкпені желдетудің әсері жоқ. Тыныс алу жеткіліксіздігінің белгілері біртіндеп өршуде. Анатомиялық ерекшеліктерге байланысты кеңірдектің бірнеше реттік оротрахеальды интубациясы сәтсіз болды. Анестезиолог дәрігердің іс-қимыл алгоритмі:

A) ларингеальді масканы орнатуға тырысу, сәтсіз болса- фибробронхоскоп бойынша немесе кеңірдектің ретроградтық интубациясы. Тиімсіз болса- шұғыл трахеостомия

B) кеңірдектің назотрахеальді интубациясына өту, тиімсіз болса- коникотомия
C) кеңірдекке орнатылған ине арқылы 100% оттегі қысымымен инсуффляция. Бет маскасы арқылы өкпені мәжбүрлі желдету әрекеттерін жалғастыру
D) орофарингеальді ауа өткізгішті орнату, өкпені мәжбүрлі желдетуді жүргізу
E) аға әріптесін шақыру, ол келгенге дейін- бет маскасы арқылы өкпені мәжбүрлі желдету кезеңдері арасында кеңірдекті интубациялау әрекеттерін жалғастыру

36.Операция кезінде анестезиолог жұлын анестезиясын (ЖМА) жүргізуге шешім қабылдады. Анестетикті енгізген сәттен бастап анестезияның даму уақыты:
A) 2-3 минут
B) тез арада
C) 10-15 минут
D) 25-30 минут
E) жұлын анестезиясы жүргізілмейді

37.Миішілік гематомасы бар науқаста анестезияның оңтайлы әдісі болып табылады (құрысу синдромы, Глазго шкаласы бойынша сана деңгейі 7 балл) :
A) нейролептанальгезия
B) энфлюранмен төмен ағынды анестезия
C) галотанмен төмен ағынды анестезия
D) атаралгезия
E) севофлюранмен төмен ағынды анестезия

38.Кеңірдектің экстубациясынан кейін науқаста стридорозды тыныс, кеуде қуысының ішіне тартылуы, цианоз, SpO2-нің 88% дейін төмендеуі, PaO2 55 мм с.б.б. дейін төмендеуі пайда болды. Ауыз қуысы және көмей- жұтқыншақты тазалау әрекеті гипоксемияның күшеюіне алып келді. Өкпенің аускультациясында – тыныстың екі жақты әлсіреуі, сырылдар жоқ. Дамыған асқынудың түрі және емдеу шараларының тәртібі:
A) ларингоспазм, жоғары ағынмен үздіксіз қосымша оксигенотерапия, ауыз қуысын ұқыпты және қысқа мерзімді санациялау
B) бронхиолоспазм, ингаляциялық және көктамыр ішіне адреналин енгізу, өкпенің жабық массажы
C) нейро- бұлшықеттік блок, тез арада миорелаксанттар енгізу және ӨЖВ
D) емдеу шараларына қажеттілік жоқ, бұл көріністер өздігінен регрессияға ұшырайды
E) бронхоспазм, метилксантиндер, β2 симпатомиметиктер енгізу

39.ӨСОА бар науқаста Вентури маскасы арқылы ағын жылдамдығы 5л/мин оксигенотерапия жүргізу кезінде тыныс алудың қиындауы, ентігудің күшеюі, жалпы дискомфорт және мазасыздық байқалады. Бұл жағдайдың өзгеруі байланысты:
A) O2 концентрациясы жоғарылауымен артериялық арна хеморецепторларының тежелуі және тахипноэге ауысумен тыныс алу орталығының стимуляциясы
B) шамадан тыс O2 концентрациясымен аорта доғасы және каротидті синус хеморецепторларының қозуы және тыныс алу орталығын кейіннен тахипноэмен ауысу арқылы стимуляциялау
C) O2 жоғары концентрациясымен артериялық арна хеморецепторларының қозуымен, кейіннен тыныс алу орталығының тежелуімен
D) O2 жоғары концентрациясымен артериялық арна хеморецепторларының тежелуі, кейіннен тыныс алу орталығының тежелуімен
E) ӨСОА бар науқастарда бұл реакция пайда болмайды

40.37 жастағы ер адам ауыр жағдайда клиникаға тыныс алудың қиындауы, іштің қатты ауруы, жүрек айну, құсу, айқын әлсіздік шағымдарымен түсті, бір рет қалыпты түсті сұйық нәжіс болған. Жүгіру кезінде жағдайы нашарлаған. Анамнезінде: 5 жыл бұрын бауыр эхинококкозы бойынша операция жасалған. Тексеру кезінде: тынысы шулы, ысқырықпен, ерні көгерген, терісі бозғылт, суық, жабысқақ термен жабылған, АҚ 80/40 мм с.б.б., пульс 100 рет/мин. Пальпацияда іштің барлық аймақтарында ауырсыну бар, құрсақ қуысының тітіркену белгілері оң. Жағдайдың күрт нашарлауының ең ықтимал себебі:

A) Эхинококкалық кистаның жарылуы
B) Мезентериальді қан тамырларының тромбозы
C) Спонтанды пневмоторакс
D) Қан кетумен ойық жараның перфорациясы
E) Миокард инфаркты, кардиогенді шок

41.Кейбір улануларда глюкоза қанда қалыпты болғанымен, зәрді пайда болады. Бұл токсикалық заттардың әсер ету орны болып табылатынын білдіреді:
A) проксимальді түтікшелер
B) шумақшалар
C) Генле ілмегі
D) дистальді түтікшелер
E) жинаушы түтікшелер
42.ЖИА- жедел трансмуральді алдыңғы- қабырғалық миокард инфаркт диагнозы бар науқаста жиі қарыншалық экстрасистолалар пайда болды. Оған енгізу қажет:
A) кордарон
B) строфантин
C) обзидан
D) финоптин
E) дигоксин
43.ЖИА- жедел трансмуральді алдыңғы- қабырғалық миокард инфаркт диагнозы бар науқаста қарыншалардың фибрилляциясы пайда болды. Сіздің іс- әрекетіңіз:
A) дефибрилляция жүргізу
B) строфантин енгізу
C) обзидан енгізу
D) кордарон енгізу
E) норадреналин енгізу
44.Пропранололмен бірге қолданғанда асистолия мүмкін:
A) верапамил
B) фуросемид
C) фенобарбитал
D) фенитеин
E) трамадол
45.Струмэктомиядан соң науқаста құрысулар пайда болды, Хвостека, Труссо симптомдары анықталды. Себебі болуы мүмкін:
A) гипопаратиреоз
B) гипотиреоз
C) тиреотоксикалық криз
D) көмей нервтерінің жарақаты
E) тиреотоксикоздың қалдық өзгерістері
46.Плазма электролиттерін зерттегенде натрий катиондары концентрациясының хлор аниондары концентрациясынан салыстырмалы жоғарлағаны анықталды. Осы арақатынастың бұзылысы алып келеді:
A) метаболизмдік алкалозға
B) метаболизмдік ацидозға
C) компенсаторлық тыныстық алкаголозға
D) ҚСҚ- қа әсер етпейді
E) респираторлық ацидозға
47.Науқаста тыныс жеткіліксіздігі дамуына байланысты жасанды тынысқа ауыстырылған. Науқаста артериальді қандағы оттегінің кернеуі ¬¬- 60 мм с.б.б., ал көмірқышқыл газы – 25 мм с.б.б. ӨЖВ көрсеткіштерін дұрыстауды бастау қажет:

A) ТК және FiO2 жоғарлатудан
B) инверсиядан
C) дем алғандағы платодан
D) ТШСОҚ (ПДКВ)
E) ТАЖ азайтудан

48.Демікпе ұстамасы жаадайындағы науқасқа қауіп төндіретін белгі болып табылады:
A) PaCO2 төмендеуі
B) pH 7.4 төмен
C) цианоз
D) PaCO2 жоғарлауы
E) бронхиолалардың обструкциясы

49.Гипертониялық дегидратацияны емдеуде қолданған дұрыс:
A) 5% глюкоза ерітіндісі
B) 10 % NaCl ерітіндісі
C) 5% фруктоз ерітіндісі
D) лактасол
E) Рингер –Локк ерітіндісі

50.Ересектерде жамбас сүйектерінің көптеген сынықтарындағы қан кету ... мл- ге сәйкес келеді.
A) 2000– 3000
B) 1500– 2000
C) 3000– 4000
D) 500– 1000
E) 1000 – 1500

51.Бассүйек- ми жарақатында кортикостероидтарды қолданудың патофизиологиялық негізі болып табылады:
A) қабынуға қарсы әсері және капиллярлар өткізгіштігінің азаюы
B) натрийдің ұстап қалу
C) иммунодепрессия
D) калийді шығару
E) калийді ұстап қалу

52.Бассүйек- ми жарақатында орталық гипертермияны тоқтатуды бастайды:
A) физикалық салқындатудан
B) нейровегетативті блокададан
C) антипиретиктерден
D) дегидратациядан
E) басқарулы гипотензиядан

53.Егде және қарт жастағы науқастарда бастапқы гипоксемия барлығын есепке ала отырып, операциядан кейінгі кезеңде оларға өкпелік асқыныстардың алдын алу үшін жүргізу қажет:
A) ылғалданған О2 ингаляциясы
B) тыныстық гимнастика
C) ультрадыбысты және бумен ингаляциялар
D) өкпе артериясының тромбоэмболиясын алдын алу шаралары
E) вибрациялық массаж

54.Жедел қан кету немесе гиповолемия дамыған науқастарда қанайналымның гиподинамиялық түрінің пайда болуын түсіндіруге болады:
A) қанайналымның орталықтануымен
B) қанайналымның шунтталуымен
C) макроциркуляция бұзылысымен
D) метаболизмдік алкалозбен
E) метаболизмдік ацидозбен

55.Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,26; pCO2 = 58; BE =+ 3. Бұзылыс түрі:
A) субкомпенсациялы тыныстық ацидоз

B) тыныстық және метаболизмдік ацидоз
C) декомпенсациялы тыныстық ацидоз
D) гипокапния және гипобаземия
E) метаболизмдік ацидоз және тыныстық алкалоз

56.Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,45; pCO2 = 44; BE =-3,2. Бұзылыс түрі:
A) бұзылыстар байқалмайды
B) субкомпенсациялы тыныстық алкалоз
C) тыныстық алкалоз және метаболизмдік ацидоз
D) декомпенсациялы тыныстық алкалоз
E) компенсациялы метаболизмдік алкалоз

57.Науқаста ҚСЖ талдауында: pH = 7,38; pCO2 = 52; BE =+ 7,5. Бұзылыс түрі:
A) компенсациялы метаболизмдік алкалоз
B) компенсациялы тыныстық алкалоз
C) декомпенсациялы тыныстық ацидоз және метаболизмдік алкалоз
D) норма
E) гипербаземия және гиперкапния

58.36 жастағы ер адамның сол жақ сан сүйегінің орталық 1/3 бөлігі ашық сынған, сынықтары жылжыған. Операция эндотрахеальді наркозбен жүргізілді. Бір тәуліктен соң науқас ұйқышыл, тежелген, дамуы мүмкін:
A) майлы эмболия
B) ауалы эмболия
C) миокард инфаркты
D) ауырсынуға жауап
E) гиповолемия

59.37 жастағы ер адамның сан сүйегінің төменгі 1/3 бөлігі ашық сынған. Шок 2- дәрежелі. Науқас бозғылт, суық термен қапталған. Тітіркенген. АҚ - 85/50 мм с.б.б. Пульс - 110 рет/мин., әлсіз. Алғашқы көмекті ... бастайды.
A) кристаллоидтар инфузиясымен
B) қан кетуді тоқтатудан
C) ауырсыздандыру және седациядан
D) эритроцитарлы масса трансфузиясынан
E) альбуминнен

60.56 жастағы ер адамда торакотомиядан кейін кенеттен төс артында ауырсыну, тахикардия, ауа жеткіліксіздігі сезімі пайда болды. Қан кету белгілері жоқ. Жағдайы нашарлауының себебі болып табылады:
A) өкпе артериясының тромбоэмболиясы
B) жедел миокард инфаркы
C) медиастинум дислокациясы
D) майлы эмболия
E) ауалы эмболия

61.26 жастағы әйел аппаратпен жасанды тыныс алуға ауыстырылған. Қанның газдық құрамын зерттегенде артериальді қандағы оттегінің кернеуі 100 мм с.б.б., көмірқышқыл газы - 35 мм с.б.б. тең екендігі анықталды. ӨЖВ аппаратында жүргізу қажет:
A) коррекция талап етілмейді
B) ТАЖ азайту
C) ТАЖ жоғарлату
D) ТК және ТАЖ жоғарлату
E) ТК жоғарлату

62.Ауыр абстинентті синдром дамыған 22 жастағы нашақорға ... қажет.
A) инфузионды және детоксикациялық терапияны бастау
B) налорфин енгізу
C) наркотиктер енгізу

D) седативті терапияны бастау
E) плазмаферез жүргізу

63.19 жастағы ер адам наркотитермен улану белгілерімен ауруханаға түсті. Апноэ. Алғашқы көмекті ... бастау қажет.
A) ӨЖВ-нан
B) налорфин енгізуден
C) морфий енгізуден
D) кристаллоидтармен инфузиядан
E) допамин енгізуден

64.28 жастағы науқасқа гидроторакспа байланысты плевра қуысының пункциясы жасалды. 1 литр сұйықтық шығарылғаннан соң науқастың жағдайы күрт нашарлады, бастың айналуы, тахикардия пайда болды, естен тану дамыды. Науқаста дамыған естен тану бағаланады:
A) қанның қайта бөлінуіне байланысты бас мидың жеткіліксіз қанмен қамтамасыз етілуі
B) ауырсынуға жауап
C) медиастинумның жылжуы
D) электролиттік тепе- теңдіктің жедел бұзылысы
E) гиповолемия

65.Науқас 18 жаста, ауруханаға өте ауыр шок жағдайында жеткізілеген. Қабырғалардың және екі аяқтың көптеген сынықтары бар. Тыныс жеткіліксіздігінің белгілері бар. АҚ - 80/60 мм с.б.б. ӨЖВ- на ауыстырылғаннан кейін науқастың жағдайы күрт нашарлады – тахикардия дамыды, теріастылық эмфизема пайда болды. Науқас жағдайы нашарлауының себебі:
A) кернеулік пневмоторакс
B) ӨАТЭ
C) жедел миокард инфаркты
D) бүйректердің жарақаттық зақымдануы
E) жарақаттық шок

66.19 жастағы науқас ессіз, тітіркенулерге жауапсыз, қарашықтары тарылған және тыныс депрессиясымен терең кома жағдайында жеткізілді, коматозды жағдайдың себебі болуы мүмкін:
A) героинмен улану
B) уксуспен улану
C) атропинді ішке қабылдау
D) гипоксиялық милық кома
E) тағаммен улану

67.Науқас 45 жаста, асқазан- ішектік қан кетуге байланысты эритроцитарлы массамен трансфузия жүргізілгеннен соң ЭКГ-да синустық тахикардия, P-pulmonale тіркелді, тыныстың қиындауы, төс артындағы ауырсыну пайда болды, себебі болуы мүмкін:
A) өкпе артериясының тромбоэмболиясы
B) анафилактикалық шок
C) гиперкалиемия
D) жедел миокард инфаркты
E) гиперкальциемия

68.Эритроцитарлы массаның 1 дозасымен трансфузиядан соң науқаста айқын метаболизмдік алкалоз дамыды, бұл жағдай ... байланысты.
A) ескі қанды құюға
B) трансфузиядан кейінгі гемолизге
C) 2,3 ДФГ жеткіліксіздігіне
D) гиперкалиемияға
E) гиперкальциемияға

69.Науқас 27 жаста, акушериялық және трансфузиялық анамнезі ауыр, жүргізілген гемотрансфузиялардың әсері жоқ, анемия Нв-47 г/л деңгейінде сақталған, жүргізу қажет:
A) анемияны темір препараттарымен емдеу
B) эритроцитарлы массаны жаңа тоңазытылған плазма инфузиясымен қоса құю

C) жуылған эритроциттерді құю
D) гемокомпоненттерге индивидуальді таңдау жүргізу
E) гемоглобин деңгейі трансфузяисыз қалыпқа келуін күту

70.Трансфузияны бастағаннан 15 минуттан кейін науқаста ентігу, қалтырау, бастың ауруы, іштегі ауырсыну, АҚ-ның күрт төмендеуі, тахикардия пайда болды, науқаста дамыған асқыну болып табылады:
A) анафилактикалық шок
B) ауалы эмболия
C) гиперкалиемия
D) жедел миокард инфаркты
E) геморрагиялық шок

71.Гемотрансфузия кезінде науқаста ентігу, кеудеде ауырсыну, қан аралас қақырықпен жөтел, тахикардия, АҚ-ның төмендеуі, ОВҚ- ның күрт жоғарлауы пайда болды. 12 сағаттан соң дене температурасы 380С- қа дейін жоғарлады, себебі болуы мүмкін:
A) жедел миокард инфаркты
B) анафилактикалық шок
C) гиперкалиемия
D) ӨАТЭ
E) цитраттық шок

72.Трансфузияның бірнеше дозаларынан соң науқаста мазасыздық, тыныстың қиындауы, терінің бозғылттығы, пульстің жиілеуі және аритмиясы, тырысулар, АҚ- ның төмендеуі пайда болды, себебі болуы мүмкін:
A) гиперкалиемия
B) ӨАТЭ
C) анафилактикалық шок
D) жедел миокард инфаркты
E) цитраттық шок

73.Эритроцитарлы масса трансфузиясын жүргізгеннен кейін ЭКГ- да QRS комплекстерінің кеңеюі, биіктігі жоғары, үшкірленген Т тісшелері, сол қарыншалық экстрасистолалар тіркелді, себебі болуы мүмкін:
A) гиперкалиемия
B) ӨАТЭ
C) анафилактикалық шок
D) жедел миокард инфаркты
E) гиперкальциемия

74.Науқас М. (51 жаста, салмағы 85 кг), перфузионды жедел тыныс жеткіліксіздігі бойынша интенсивті терапияда қысымның инспираторлы деңгейін екі есе бақылаумен өкпенің механикалық вентиляциясы жүргізілуде (BIPAP). FiO2 50%, EtCO2 35 мм с.б.б., PaCO2 45 мм с.б.б., PaO2 140 мм с.б.б. ҚСЖ нәтижелері бойынша науқаста оттегілік индекс құрайды:
A) 280 мм с.б.б.
B) 185 мм с.б.б.
C) 175 мм с.б.б.
D) 150 мм с.б.б.
E) 220 мм с.б.б.

75.Науқаста B(III) Rh(-), ауруханада тек қана B(III) Rh(+) плазма бар, сіздің іс- әрекетіңіз:
A) өмірлік көрсеткіштерге қарай құю
B) құюға болмайды
C) бас дәрігердің рұқсатымен құю
D) құю
E) консилиум жинау

76.Науқаста AB(IV) Rh(+), ауруханада тек қана O(I) Rh(-) плазма бар, сіздің іс- әрекетіңіз:
A) құюға болмайды

B) өмірлік көрсеткіштерге қарай құю
C) бас дәрігердің рұқсатымен құю
D) құю
E) консилиум жинау

77.Экстубациядан соң науқастың терісі бозғылт- күлгін түсті, ҚСЖ: pH-7,21; pCO2 - 78 мм с.б.б., бұл ... дамығанын көрсетеді.
A) тыныстық ацидоз
B) метаболизмдік ацидоз
C) өкпенің гиповентиляциясы
D) компенсациялы тыныстық ацидоз
E) аралас тыныстық ацидоз

78.Бассүйек- ми жарақаты бар науқас ӨЖВ-да, pH - 7,58: PaCO2-24 мм с.б.б., BE -4 мэкв/л, бұл ... дамығанын көрсетеді.
A) субкомпенсациялы тыныстық алкалоз
B) компенсациялы тыныстық алкалоз
C) метаболизмдік ацидоз
D) декомпенсациялы тыныстық алкалоз
E) аралас тыныстық алкалоз

79.Жүрекке дефибрилляция жүргізуге көрсеткіш болып табылады:
A) ЭКГ- да жүрек фибрилляциясының тіркелуі
B) эффективті жүректің жабық массажында 1 минут ішінде
C) ұйқы артерияларында пульстің болмауы
D) ЭКГ- да электро-механикалық диссоциацияның тіркелуі
E) қарашықтардың максимальді кеңеюі

80.Диабеттік кетоацидозда науқастарда инсулинотерапия жүргізіледі:
A) 0,1 бірлік/кг/сағ т/і тамшылап сағат сайын қандағы қантты бақылаумен
B) 0,1 бірлік /кг/сағ т/а
C) 0,1 бірлік /кг/сағ б/е
D) 8-10 бірлік сағат сайын т/а
E) тәулігіне 40-80 бірлік

81.Сәйкес келмейтін қан құюға ең ауыр жауап реакциясы болып табылады:
A) бүйрек түтікшелерінің зақымдануы
B) өкпе артериясының көптеген эмболиясы
C) бүйрек шумақшалары фильтрлік қабілетінің бұзылысы
D) өкпе ісінуі
E) гемолитикалық анемия

82.Гиперкалиемияның кардиотоксикалық әсері ... қолданумен басылады.
A) кальций препараттарын (хлорлы Са, Са глюконаты)
B) кофеин,эфедрин гидрохлоридті
C) адреналин гидрохлоридті
D) 10% глюкоза ерітіндісін
E) кортикостероидтарды

83.Ішек өтімсіздігі кезіндегі гомеостаздың бұзылысы:
A) гиповолемия, гипокалиемия, гипопротеинемия, интоксикация, гипохлоремия
B) гиперкалиемия, гиперхлоремия, гиперпротеинемия
C) гипернатриемия, гиперхлоремия
D) гиповолемия, гиперпротеинемия, гипокалиемия
E) анемия, гипокальциемия, гиперхлоремия

84.Операциядан кейінгі кезеңде тіндерге оттегінің тасымалдануын қамтамасыз ету үшін қандағы гемоглобин концентрациясы төмен болмауы керек:
A) 80 г/л
B) 60 г/л

C) 100 г/л
D) 120 г/л
E) 140 г/л

85.Тоқ ішектің резекциясы жасалған науқаста сепсис дамуындағы коагулопатияның ықтимал себептері:
A) тамырішілік шашыранда қан ұю
B) бауырдың фторотанмен зақымдануы
C) К витаминінің жетіспеушілігі
D) диагностикаланбаған Виллебранд ауруы
E) гепаринді тері астына енгізу

86.Тромбоциттік- қантамырлық гемостаз бұзылуын анықтауға болады:
A) қан кету уақытымен
B) қан ұю уақытымен
C) тромбин уақытымен
D) плазминогенмен
E) фибринолизбен

87.1 л- ге дейінгі көлемде қан жоғалту кезінде инфузиялық терапияның негізгі қағидасы:
A) гиперволемиялық гемодилюция
B) гемотрансфузия
C) полиионды ерітінділердің инфузиясы
D) плазманың инфузиясы
E) кристаллоидтардың инфузиясы

88.Парентеральды тамақтандыруға ... сәйкес келмейді.
A) плазма
B) липидті ерітінділер
C) аминқышқылдары
D) құрамында магний бар ерітінділер
E) глюкоза ерітінділері

89.Гиперосмолярлық синдром ... концентрацияның жоғарылауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.
A) Na+, глюкоза, несепнәр және басқа заттар
B) K+, Mg2+, плазма ақуыздары
C) тек K+
D) тек Na+
E) плазма ақуыздары

90.Қан тромбоциттерінің мөлшері ... болғанда қанағыштық пайда болады.
A) 40 мың мкл-ден аз
B) 100 мың мкл-ден аз
C) 50 мың мкл-ден аз
D) 150 мың в. мкл-ден аз
E) 10 мың в. мкл-ден аз

91.Қан ұйындысының жеткіліксік ретракциясы пайда болады:
A) қандағы ақуыз деңгейін төмендеуі
B) айқын тромбоцитопения
C) анемия
D) гиперфибриногенемия
E) гипертромбоцитоз

92.Гиповолемия жағдайына тән емес:
A) орталық веналық қысымның (ОВҚ) жоғарлауы
B) АҚ төмендеуі, тахикардия
C) жүрек соғу көлемінің және жүрек лақтырысының азаюы
D) айналымдағы қан көлемінің азаюы (АҚК)
E) сол жақ қарынша толу қысымының төмендеуі

93.60 жастағы ер адам, салмағы 70 кг, бүйректің функциясы қалыпты, он екі елі ішектің стенозды жарасына байланысты ваготомия және асқазан резекциясы жасалды. Интраоперациялық жоғалтылған сұйықтық тиісті көлемде қалпына келтірілген, осыдан кейін науқас нормоволемиялық деп танылды. Операциядан кейінгі бірінші күні назогастральді зондтан өтпен боялған 5000 мл сұйықтық шығарылды. Осы пациентке инфузияның қажетті көлемі келесі 24 сағатта ... құрайды.
A) 7500 мл
B) 2500 мл
C) 5000 мл
D) 10000 мл
E) 12000 мл

94.Тромботикалық асқынулардың жоғары қаупі бар науқастарда операциядан кейінгі алғашқы тәулікте ... жүргізу оңтайлы болып табылады.
A) қан ұю уақытын бақылаумен гепаринотерапия
B) төмен молекулалы гепариндердің үлкен дозаларымен емдеу
C) инсулинмен терапия
D) ұзартылған ӨЖВ
E) эпидуральды анестезия

95.Оң жақ жүрекше қуысындағы қысым ... көрсеткіші болып табылады.
A) веноздық тонус және оң қарыншаның жиырылу қабілетінің
B) оң қарыншаның жиырылу қабілетінің
C) қан көлемінің
D) жүрек лақтырысының
E) веноздық тонустың

96.Панкреатогендік шок дамыған науқастағы қанның ҚСЖ көрсеткіштері: pH 7,31, PaO2-280 мм с.б.б., PaCO2-221 мм с.б.б., HCO-310 моль/л, BE:-9,5. Науқаста байқалады:
A) тыныс алу компенсациясы бар декомпенсацияланған метаболизмдік ацидоз
B) тыныс алу компенсациясымен декомпенсацияланған аралас ацидоз
C) тыныс алу компенсациясымен компенсацияланған аралас алкалоз
D) компенсацияланған тыныс алу ацидозы
E) декомпенсацияланған тыныс алу ацидозы

97.Жедел бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастарда шумақтық фильтрацияның төмендеуінің себебі болып табылады:
A) жүйелік артериялық қысымның төмендеуі
B) қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
C) зәр ағымына кедергі
D) шумақшадағы әкелетін артериолалардың дилатациясы
E) шумақшадағы әкететін артериолалардың спазмы

98.Тоқ ішек резекциясын басынан өткізген науқаста сепсистің дамуы кезіндегі коагулопатияның себебі болуы мүмкін:
A) тамырішілік шашыранды қан ұю синдромы
B) К витаминінің жеткіліксіздігі
C) бауырдың фторотанмен зақымдануы
D) диагностикаланбаған Виллебрандт ауруы
E) гепаринді тері астына енгізу

99.Гепариннің тікелей антикоагулянттық әсерінің көп қырлы механизміндегі жетекші буын болып табылады:
A) протромбиннің тромбинге айналуының тежелуі
B) тромбиннің фибриногенмен сіңірілуінің күшеюі
C) белсенді тромбопластиннің түзілуіне кедергінің болуы
D) белсенді тромбопластиннің инактивациясы
E) фибринолиздің белсенуі

100.Қанайналым сәйкестілігін толық сипаттайтын гемодинамика көрсеткіштерінің бірі:
A) көлемді қан ағымы
B) қан қысымы
C) қан ағымына қарсылық
D) қанның веноздық қайтуы
E) осы көрсеткіштердің қосарлануы

1.Терминалды жағдайларды емдеудегі ең маңыздысы болып табылады:
A) тіндерге оттегі жеткізу
B) антибактериальді терапия
C) метаболикалық терапия
D) организмнің оттегіге деген қажеттілігін төмендету
E) қан компоненттерін құю

2.Ересек адамның күнделікті сұйықтыққа қажеттілігі кг дене салмағына есептегенде құрайды:
A) 30-40 мл
B) 20-30 мл
C) 10-15 мл
D) 40-50 мл
E) 50-60 мл

3.Операция алдындағы дайындық кезінде жедел перитонитке арналған инфузиялық терапияның мақсаты:
A) гиповолемияны жылдам түзету, гемодинамиканы тұрақтандыру және жасушадан тыс сұйықтық тапшылығын азайту
B) барлық гемодинамикалық және электролиттік бұзылыстарды толық жою
C) H2O жасуша тапшылығын жылдам түзету
D) жүрек қызметін жақсарту
E) өкпеде газ алмасуды жақсарту

4.Фибриногеннің деградация өнімдері ... .
A) фибриноген концентрациясының төмендегенін көрсетеді
B) қанның ұюына әсер етпейді
C) антикоагулянттық қасиеттерге ие
D) гиперкоагуляцияны тудырады
E) протромбин уақытының төмендегенін көрсетеді

5.Ауыр сепсисте қолданылатын экстракорпоралды детоксикация әдісі:
A) плазмаферез
B) гемосорбция
C) гемодиализ
D) лимфосорбция
E) энтеросорбция

6.Септикалық шок кезінде глюкокортикостероидтарды (клиникалық хаттамаға сәйкес) пайдалануға көрсеткіш:
A) инфузиялық терапияның және инотропты препараттардың әсері болмаған жағдайда ғана
B) әрқашан, гемодинамика мен волемиялық жағдайға қарамастан
C) тек лейкопения пайда болған кезде
D) тек "суық гипотензия" сатысының манифестациясы кезінде
E) глюкокортикостероидтардың иммундық қорғанышты төмендететін дәлелді әсеріне байланысты септикалық шок кезінде қолданбайды

7.45 жастағы ер адам бастың ашық жарақатына байланысты жеткізілді (жарақат ауруханаға түскеннен 3 сағат бұрын алынған). Науқаста бас сүйектері бас терісінің тұтастығы бұзылуымен сынған және бас мидың құрылымдары ашылған; жарадан қан кету жалғасуда. Анамнез белгісіз. Қандағы алкоголь 0,5 промиль. Индукциядан кейінгі ЖЖЖ- 128 рет, АҚ-85/35, орталық температура 32°С. Операциялық араласу және зақымдалған құрылымдарды алып тастау кезінде қан кету көлемі артты, гемотрансфузия жасалды. Бақылау талдауы: гематокрит қалыпты

деңгейде, протромбин уақыты және АЧТВ ұзарған, фибриноген мен тромбоциттер деңгейі төмендеген. Науқаста дамыған:
A) тамырішілік шашыранды қан ұю синдромы
B) паренхима ішілік қан кету
C) бауыр жеткіліксіздігі
D) Виллебранд ауруы
E) VIII фактор тапшылығы

8.Науқас жарақат алғаннан кейін қабылдау бөліміне жеткізілді. Жедел жәрдем бригадасы науқасты Глазго шкаласы бойынша 11 баллмен бағалайды. Бұл бағалау негізделген:
A) көзді ашу, сөйлеу реакциясы, қозғалыс реакциясы
B) тізе рефлексін және басқа моторлы рефлекстерді бағалау
C) қарашықтың көлемін және бағаналық рефлекстерді бағалау
D) тыныс алу және автономды жүйке жүйесін бағалау
E) ЭЭГ бағалау

9.Мойынның сол жақ бөлігінің жаншылып- кесілген жарақаты бар науқасқа алғашқы хирургиялық өңдеу жүргізілуде. Ларингоскопия кезінде пациенттің есі- анық, сіз сол жақ дауыс байламының орташа күйде екенін көрдіңіз, ал оң жақ дауыс байламы дем алу кезінде ығысады. Сипатталған осы жағдайға ... жарақаты алып келуі мүмкін.
A) жоғарғы көмей жүйкесінің
B) С 7-8 омыртқа түбіршегінің
C) жұлдызды ганглионның
D) тіл - жұтқыншақ жүйкесінің
E) кезбе нервтің

10.Ерте өлім қаупі жоғары науқастарды өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ) кезінде тромболитикалық емге көрсеткіш болып табылады:
A) шок және тұрақты артериялық гипотензиямен асқынған ӨАТЭ
B) алдыңғы 6 айдағы өтпелі ишемиялық шабуыл
C) инфекциялық эндокардит
D) себебі белгісіз инсульт
E) ырғақ және өткізгіштіктің бұзылуымен ӨАТЭ

11.Кеңірдекті деканулияциялағаннан кейін 2-ші күні омыртқалы жұлын жарақаты бар науқаста 15 минуттан кейін инспираторлық ентігу белгілері, ТАЖ - 26-28 рет/мин, тыныс алу жеткіліксіздігінің жоғарылауы–PaO2 60 мм с.б.б. дейін төмендеуі байқалады, SpO2-85-87%, PaCO2-34 мм с.б.б. Аускультация кезінде - тыныс алу екі жақтан өткізіледі, өткізгіштік сипаттағы сырылдар бар. Тыныс алу жеткіліксіздігінің себебі:
A) кеңірдектің грануляциясы
B) төменгі бөлікті екі жақты пневмония
C) ларингоспазм
D) бронхоспазм
E) бөгде денемен механикалық асфиксия

12.Науқасты торакотомияға және бір өкпелік вентиляцияға дайындау кезінде техникалық қиындықтарсыз сол жақ бронхқа екі каналды түтік орнатылды. Осыдан кейін операцияда және науқасты жатқызу кезінде эндобронхиальды манжеттер проксимальды ығысқан. Бұл жағдай алып келуі мүмкін асқыну:
A) өкпені коллабирлеу мүмкін болмауы
B) эндобронхиальды манжеттің операциялық алаңға протрузиясы
C) теріасты эмфизема
D) пассивті қан кету
E) ауаны жоғалту

13.Медиастиноскопия жүргізу кезінде науқаста оң қолында бақыланатын пульс пен қан қысымы кенеттен жоғалды. Медиастиноскопия сол кезде тоқтатылды, көрсеткіштер қалпына келді. Осы жағдайдың ең ықтимал себебі:

A) саусақ артериясының компрессиясы
B) жүректің тоқтауы
C) жоғарғы қуыс венасының обструкциясы
D) көкірекаралықта ауаның болуы
E) анестетикті шамадан тыс қолдану

14.Ересектерге тиімді реанимация жасау үшін кеуде қуысына жасалатын компрессия жиілігі:
A) минутына 100-120
B) минутына 60-80
C) минутына 120- ға жуық
D) минутына 80- 120
E) минутына 90 кем емес

15.Науқас жол- көлік апатынан кейін ауыр механикалық жарақат алған. Жағдайдың ауырлығы шокпен асқынған жарақатқа байланысты. Жарақаттық шок кезінде эритроциттердің агрегациясы жүретіні белгілі, олар плазманың ақуыздарымен және басқа заттарымен қапталып, капиллярда жиналады және қан ағымын тоқтатады, бұл үрдіс аталады:
A) секвестрация
B) шунтталу
C) деполану
D) вазомоция
E) жойылу

16.18 жастағы науқас ішек өтімсіздігіне байланысты операцияға дайындалуда. Ауру басталғаннан кейін 24 сағаттан кейін жеткізілген. Операциялық араласудың басталу мерзімі:
A) алдын ала гидроионды тепе- теңдік және ҚНЖ бұзылыстарын коррекциялаудан кейін
B) шұғыл түрде
C) 2 сағаттан соң
D) қан құюдан соң
E) 12 сағаттан соң

17.Операциядан кейінгі кезеңде науқасқа цефтриаксонды көктамыр ішіне енгізгеннен кейін клиникалық өлім дамыды. Бұл реакция анафилактикалық шок ретінде қарастырылды. Анафилактикалық шоктың ауырлық дәрежесі және бірінші кезектегі емдік іс-шаралар:
A) 4 дәреже, жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу
B) 1 дәреже, адреналин, супрастин енгізу
C) 2 дәреже, адреналин, преднизолон енгізу, өкпенің вентиляциясы
D) 3 дәреже, жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу
E) 5 дәреже, жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу

18.Пилоростенозбен ауыратын науқастың (дене салмағы 70 кг) күнделікті ақуыз мен энергияға қажеттілігін анықтаңыз:
A) 98 гр ақуыз, 1750 ккал / тәул
B) 100 гр ақуыз, 1800ккал/ тәул.
C) 102 гр ақуыз, 1850ккал/ тәул.
D) 10 гр ақуыз, 2000ккал/тәул.
E) 115 гр ақуыз, 2200ккал / тәул.

19.30 жастағы науқасқа жол- көлік апатының нәтижесінде кеуде қуысының тұйық жарақаты, оң өкпенің соғылуы (жыртылуы), пневмоторакс диагнозы қойылған. Қарау кезінде – тыныс алу жеткіліксіздігінің белгілері, мойын веналарының ісінуі, беттің цианозы, қаңқа ішілік қысымның (ЦВД) күрт жоғарлауы, SpO2, PaO2 төмендеуі, артериялық гипотензия, тахикардия. Бұл көріністердің патофизиологиялық механизмі:
A) өкпе коллапсы, көкірекаралық ағзалардың сол жаққа ығысуы, жүрек лақтырысының төмендеуі
B) өкпе коллапсы, ауа эмболиясы, гипоксемия, пульмокардиальды рефлекстің дамуы
C) өкпе коллапсы, қанның сол өкпеге бөлінуі, гипоксемия

D) өкпенің коллапсы, желдету ауданының және қан ағымының төмендеуі, қаңқа ішілік қысымның (ЦВД) жоғарлауы, гипоксемия
E) өкпе коллапсы, гипоксемия, өкпелік вазоконстрикция, гипоксиялық гипоксияның өршуі

20.Гипергликемиялық және гиперосмолярлы комада 5% глюкоза ерітіндісін енгізу әсер етеді:
A) жасушаның энергияға қажеттілігін толтыру
B) липолиздің баяулауы және глюконеогенездің күшеюі
C) липолиздің, глюконеогенездің және гликогенолиздің баяулауы
D) липолиздің күшеюі және глюконеогенездің төмендеуі
E) метаболизмдік ацидозды жою

21. Гемотрансфузия техникасы және қателіктерінен туындайтын асқыну:
A) ауа эмболиясы және жүректің сол жақ қарыншасының кеңеюі
B) анафилактикалық реакция
C) аллергиялық реакция
D) гипертермиялық реакция
E) вирусты гепатит

22.Мидың глиобластомасы бойынша операция жасалған науқаста операциялық кезеңнен кейінгі ерте кезеңде абсолютті гипокалиемия (К+2,5 ммоль/л) байқалады, Na+плазмасы 140 ммоль/л. Коррекция кезінде К-4,9 ммоль/л, 2 тәулікке дейін Na дың 158ммоль/л ге дейін жоғарылауы байқалады. Гипернатриемияның себебі болуы мүмкін:
A) К + деңгейін қалыпқа келтіру Na+ плазманың жасушадан тыс сектордан қанға өтуіне ықпал етеді
B) плазмадағы К + деңгейінің жоғарылауы альдостерон синтезін және Na+ иондарының ағзада жиналуын күшейтеді
C) К + деңгейінің артуы Na-уретикалық гормон деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді
D) К + деңгейін қалыпқа келтіру
E) К + деңгейінің төмендеуі Na-уретикалық гормон деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді

23.Науқаста «тұтыну коагулопатиясы» терминімен біріктірілген қанның коагуляциялық қасиеттерінің төмендеу белгілері пайда болды. Сіздің ойыңызша, бұл синдромның әрі қарай күшеюінің алдын алу үшін қолдану қажет:
A) гепарин
B) аминокапрон қышқылы
C) кальций хлориді
D) тромбин
E) контрикал

24.54 жастағы науқасқа іш қуысының жедел хирургиялық патологиясына байланысты тотальді көктамырішілік анестезия + өкпенің жасанды вентиляциясы арқылы операция жасалды. ӨЖВ орташа гипервентиляция режимінде жүргізілді. Операциядан кейін брадипноэ анықталды, өздігінен тыныс алуды қалпына келтіру тиімсіз. Артериялық қандағы газ құрамын талдауда оксигенация қалыпты, айқын гипокапния, анестезия кезінде тыныс алуды реттеудегі маңызды көрсеткіш:
A) PaCO2
B) PaO2
C) O2 бойынша артериовеноздық айырмашылық
D) RO2 веноздық қан
E) PCO2 веналық қан

25.Жедел ішек өтімсіздігі бойынша операция жасалған 76 жастағы науқаста операциядан кейінгі кезеңде электролиттер алмасуының бұзылуынан нәтижесінде ішектің парезі пайда болды, метеоризм, қуықтың парезі, аяқ-қолдардың әлсіздігі байқалды, бұл симптом ... белгісі болып табылады.
A) гипокалиемияның
B) гиперкалиемияның
C) гипонатриемияның

D) гипернатриемияның
E) гипокальциемияның

26.Интенсивті терапия бөлімшесінде панкреато-дуоденальды резекциядан кейін (5 тәулік) науқас жатыр (М, 60 жаста, 90 кг). Назоинтестинальді зонд тұр. 2 л/мин оттегі қолдауымен өздігінен тыныс алады. Қан айналымы тұрақты. Талдаулар қалыпты көрсеткіштер шегінде. Науқасқа күніне 1500 мл кристаллоидтар енгізіледі және 1500 мл көлемде зондпен тамақтандырылады. Ауысым соңындағы диурез 1800 мл құрайды. 60 мг фуросемидпен дегидратация жасау туралы шешім қабылданды. Таңертеңгі тексеруде науқастың жағдайы нашарлаған, әлсіз, ұйқышыл. ЖЖЖ- 100 рет/мин, SpO2 99%. АҚ 100/70 мм с.б.б. ҚСЖ талдауы алынды. pH 7,45, гемоглобиннің гистидиндік буферленуі 8%, FiO2 27%, PaO2 100 мм с.б.б., PaCO2 43 мм с.б.б., AB 30 ммоль/л, p50 20 мм с.б.б, аниондық айырмашылық 15 ммоль/л, Na+ 136 ммоль/л, K+ 3,2 ммоль/л, лактат 2 ммоль/л. Гомеостаздың бұзылуын түсіндіріңіз:

A) Гиперкапниямен лактат-ацидемия, оксигемоглобин диссоциациясы қисығының солға ығысуы
B) Хлорид-тәуелсіз алкалемия, гипокалиемия, оксигемоглобин диссоциациясы қисығының ығысуы жоқ
C) Хлоридке тәуелді алкалемия, оксигемоглобин диссоциациясы қисығының солға ығысуы
D) Тыныс алу буферленуі бар лактат-ацидемия, оксигемоглобин диссоциациясы қисығының ығысуы жоқ
E) Бүйрек-түтікшелі ацидемия, оксигемоглобин диссоциациясы қисығының оңға ығысуы

27.Жедел ішек өтімсіздігінде тоқтамайтын құсудың негізгі механизмі болып табылады:

A) құрсақ қуысы ішкі ағзаларының интерорецепторларының тітіркенуі
B) симпатикалық жүйке жүйесінің тітіркенуі
C) ішек ілмектеріндегі қысымның жоғарылауы
D) интоксикация
E) дегидратация

28.Науқастың іші ісінген-ішек парезі және жедел тыныс жетіспеушілігінің белгілері бар, жедел тыныс жеткіліксіздігінің ... түрі дамыған.

A) рестриктивті
B) обструктивті
C) перфузиялық
D) орталық
E) торакодиафрагмальді

29.25 жастағы науқастың сан сүйегінің төменгі үштен бір бөлігі ашық сынған. 3-ші дәрежелі шок дамыған. Науқас бозғылт, суық термен қапталған. Тітіркенген. АҚ- 60/30 мм с.б.б. Пульс-минутына 120 рет, жіп тәрізді. Алғашқы көмекті ... бастайды.

A) кристаллоидтардың инфузиясымен
B) ауызсыздандыру және седациядан
C) қан тоқтатудан
D) эритроцитарлы массаның трансфузиясынан
E) альбуминді енгізуден

30.38 жастағы науқасқа өңештің варикозды кеңейген тамырларынан қан кетуіне байланысты 400 мл эритроцитарлы массаның трансфузиясы жүргізілді, бірақ көрсеткіштер күтілгеннен төмен, себебі болуы мүмкін:

A) қан кетудің жалғасуы
B) айқын спленомегалия
C) иммундық сәйкессіздік
D) топтық сәйкессіздік
E) резус сәйкессіздік

31.Сәйкессіз қанды құю кезіндегі дененің ең ауыр реакциясы болып табылады:

A) бүйрек түтікшелерінің зақымдануы
B) өкпе ісінуі
C) жасушалардың мақта тәрізді агрегаттарымен өкпе артериясындағы көптеген эмболдар

D) бүйрек шумақшаларының фильрациялық функциясының бұзылуы
E) гемолитикалық анемия

32.Ішек өтімсіздігі гемодинамиканың келесі көрсеткіштерінің өзгеруімен сипатталады:
A) жүректің минуттық көлемінің төмендеуі
B) жүректің соғу көлемінің жоғарлауы
C) жалпы перифериялық қарсылықтың төмендеуі
D) орташа АҚ-ның жоғарлауы
E) ЖЖЖ-нің төмендеуі

33.Жедел қан жоғалту кезінде қан немесе эритроцитарлы массаны құюға көрсеткіш болып табылады:
A) НВ 80 г/л-ден төмендеуі, Ht- 25-30% -дан төмен
B) қан жоғалту 500 мл
C) қан жоғалту 1000 мл
D) гипокоагуляция
E) дене салмағының 1% қан жоғалту

34.Реанимация бөлімшесіне белгісіз науқас жеткізілді (М, шамамен 60 жаста, 70 кг), анамнезсіз. Қарым- қатынас толық емес, Глазго шкаласы бойынша 10 балл, айқын алкогольдік мастық. ЖЖЖ- 90 рет/мин, ТАЖ- 15 рет/мин, SpO2 85%, өкпенің екі жағынан сырылдар естіледі. Беті және мойыны тоқ қызыл түсті, ылғалды. Тыныс алу жеткіліксіздігінің түрін анықтау үшін ҚСЖ артериялық сынама алынды. pH 7,32, PaO2 52 мм с.б.б., PaCO2 70 мм с.б.б., Na+ 145 ммоль/л, Cl 95 ммоль/л, АВ 35 ммоль/л, p50 32 мм с.б.б., лактат 2 ммоль/л, қан плазмасындағы глюкоза 6 ммоль/л. Науқаста дамыған ацидоз түрін түсіндіріңіз:
A) жедел респираторлы ацидоз
B) аэробты лактат-ацидоз
C) анаэробты лактат-ацидоз
D) созылмалы респираторлы ацидоз
E) метаболизмдік экзогенді ацидоз

35.Науқастың қанындағы натрий мөлшері 140,5 ммоль/л құрайды. Осы көрсеткіштің мөлшері ... болып табылады.
A) қалыпты
B) орташа гиперкалиемия бар
C) жедел гиперкалиемия бар
D) гипокалиемия бар
E) терең гипокалиемия бар

36.Калий тапшылығында көктамыр ішіне енгізу үшін қолданылады:
A) 12.5 немесе 25 бірлік инсулин қосып, 0.5-1л 10 % глюкоза ерітіндісінде ерітілген 40мл 7.5% KCl ерітіндісі
B) 7.5 пайыздық KCl ерітіндісі
C) 1 пайыздық KCl ерітіндісі
D) 10 пайыздық KCl ерітіндісі
E) 4 пайыздық KCl ерітіндісі

37.Өкпе артериясы тромбоэмболиясының жиі туындайтын орны болып табылады:
A) аяқтың көктамырлары
B) қолдың көктамырлары
C) жүректің оң жақ бөлімі
D) жамбас көктамырлары
E) сол жақ жүрекше

38.Ішектің моторикасы ... әсерінен төмендейді.
A) құрсақ жүйкесінің стимуляциясы
B) жұлын- милық анестезия
C) седуксеннің
D) адреналиннің

E) адреноблокаторлардың

39.28 жастағы науқас оң жақ санының төменгі үштен бір бөлігі ашық сынған, сынықтары ығысқан. Эндотрахеальді наркозбен операция жасалған. 2 тәуліктен соң науқас ұйқышыл, тежелген, науқаста дамыған:

A) майлы эмболия
B) ауырсынуға реакция
C) ауалы эмболия
D) миокард инфаркты
E) гиповолемия

40.Механикалық сарғаюда бауыр функциясының айқын бұзылуына тән:

A) гипопротеинемия
B) холестерин мөлшерінің жоғарлауы
C) фибриноген мөлшерінің жоғарлауы
D) сілтілік фосфатаза деңгейінің төмендеуі
E) диурездің көбеюі

41.Компенсацияланған қан жоғалту кезінде анықталмайды:

A) диурездің көбеюі
B) жайылған тамырлардың спазмы
C) ұзақ емес гипертензия
D) диурездің төмендеуі
E) тамырлардың жалпы перифериялық қарсылығының жоғарлауы

42.Гемотрансфузия техникасын дұрыс сақтамағанан болатын асқынулар:

A) ауалы эмболия, сол жақ қарыншаның кенеюі
B) анафилактикалық реакция
C) аллергиялық реакция
D) гипертермиялық реакция
E) вирусты гепатит

43.Травматикалық шоктың дамуында басты ролді атқарады:

A) ОЖЖ және өмірге маңызды ағзалар функциясының бұзылысы
B) бүйрек қызметінің бұзылысы
C) жүрек қызметінің бұзылысы
D) өкпенің қызметінің бұзылысы
E) ішкі секреция бездері қызметінің бұзылысы

44.Массивті пневмониямен ауыратын науқаста келесі КСЖ көрсеткіштері анықталды: pH-7.2, BE-0; pCO2-70 мм с.б.б.; pO2-55 мм с.б.б. Бұл байланысты болуы мүмкін:

A) респираторлы ацидоз
B) респираторлы алкалоз
C) метаболизмдік ацидоз
D) метаболизмдік алкалоз
E) респираторлы метаболизмдік алкалоз

45.Кіші жамбас ағзаларында лапараскопиялық операция жүргізу кезінде науқаста кенеттен гипотония, гипоксия пайда болды және ETCO2 азайды, сіздің болжам диагнозыңыз:

A) өкпе артериясының газды эмболиясы
B) ауырсынулы шок
C) көкірекаралықтың эмфиземасы
D) өкпе артериясынының тромбоэмболиясы
E) іш қуысындағы газбен диафрагманың қысылуы

46.Қабылдау бөліміне 20 жастағы науқас көптеген құрсақ қуысының тесілген- кесілген жарақатымен жеткізілді, санасы шатасқан, тері жамылғысы бозарған, тынысы беткей, тахикардия гипотониямен, ТАЖ- минутына 24 ретке дейінгі тахипноэ, Sa0285%. Клиникалық қан талдауының нәтижелері бойынша анықталды: эр.2.8×1012/л, Hb- 70г/л, Ht25%, тромбоциттер-

140х109/л, лейкоциттер 10х109/л; тромбин индексі- 72%, фибриноген- 5,2 г/л, В фибриноген оң (+++), Сухарев бойынша қан ұюы 5 мин. Науқаста ... шок дамыған.
A) геморрагиялық
B) жарақаттық
C) гиповолемиялық
D) кардиогендік
E) плевропульмональді

47.Аденомэктомия бойынша жалпы анестезиямен жүргізілген операция кезінде 65 жастағы ер адамда қуықтан диффузды қан кету анықталды, 2 литрге дейін жаңа тоңазытылған плазма енгізілген, бірақ әсері жоқ. Науқаста болуы мүмкін қан ұюдың (коагулопатия) бұзылысы:
A) VIII фактор тапшылығы
B) антитромбин III тапшылығы
C) IX фактор тапшылығы
D) VII фактордың гиперпродукциясы
E) фактордың жетіспеушілігі

48.Пневмоторокспен ауыратын науқасты ұзақ тасымалдау кезінде оның жағдайы күрт нашарлай бастады - жүрек-қантамырлық жеткіліксіздіктің белгілері пайда болды, жұтынуда ауырсыну анықталды. Болуы мүмкін асқыну:
A) эндоторакальді эмфизема
B) медиастинальді флегмона
C) мойынның флегмонасы
D) кернеулі пневмоторакс
E) спонтанды пневмоторакс

49.Операциядан кейінгі кезеңде ерте энтеральді тамақтандыруды тағайындауға болмайды:
A) ішектің парезінде
B) бірінші күндері
C) ішектің парезі болмағанда
D) гепаторенальді синдром болғанда
E) гипергликемияда

50.Өт-тас ауруы бар науқастарда су- электролиттік бұзылыстарды емдеу үшін инфузиялық терапияда қолданылады:
A) кристаллоидты ерітінділер
B) қан құю
C) инфузиялық терапияны шектеу
D) 4% глюкоза ерітіндісі
E) реформан

51.Өт, дуоденальді сөл, ашы ішектің секрециясын жоғалтуда, ішектік фистулада, диарея кезінде дамитын асқынулар:
A) гипотониялық дегидратация, метаболизмдік ацидоз
B) гипертониялық дегидратация, метаболизмдік ацидоз
C) изотоникалық дегидратация, метаболизмдік алкалоз
D) гипотониялық дегидратация, метаболизмдік алкалоз
E) гипертониялық дегидратация, метаболизмдік алкалоз

52.69 жаста науқасқа оң жақты нефрэктомия жасалды. Интраоперациялық бір мезгілдік қан жоғалту- 1400 мл құрады, одан кейін 40 минут бойы гипотония байқалды. Кейіннен анурия дамыды. Анурияның себебі:
A) жедел преренальді бүйрек жеткіліксіздігі
B) зәр шығару катетерінің обтурациясы
C) қуықтың тампонадасы
D) тамырішілік шашыранды қан ұю синдромы
E) созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі

53.Перфорациялық асқазан жарасы, перитонитке байланысты шұғыл операция кезінде зертханалық ҚСЖ мәндері анықталды: pH=7,60; pCO2=45; BE=+10,3. ҚСЖ бұзылу түрі:
A) декомпенсацияланған метаболизмдік алкалоз
B) субкомпенсацияланған метаболизмдік алкалоз
C) тыныстық ацидоз және метаболизмдік алкалоз
D) алкалемия және гипербаземия
E) компенсацияланған метаболизмдік ацидоз

54.42 жастағы науқас М. 2 апта бойы аппараттық ӨЖВ-да жатыр, диагнозы геморрагиялық ЖМҚБ, краниотомия, гематоманы алып тастау операциясы жасалды. Кеуде қуысының бастапқы R-граммасында: өкпе суреті күшейген, өкпе түбірі кеңейген, құрылымдық. Екі аптадан кейін науқаста оң жақ өкпенің төменгі бөліктерінде әлсіреген везикулярлық тынысу, ылғалды сырылдар естіледі, лейкоциттер: 10*1012, таяқша ядролы лейкоциттер 10, ЭТЖ- 45 мм/сағ. Жоғарыда аталған бұзылыстардың себебі:
A) ауруханаішілік пневмония
B) ауруханадан тыс пневмония
C) созылмалы бронхит, өршуі
D) жедел плеврит
E) өкпе ісінуі

55.Шұғыл холецистэктомияға дайындалатын ауруханадан тыс пневмониямен ауыратын 60 жастағы науқастың ҚСЖ нәтижелері бойынша H=7,1; pCO2 =62; BE=+5,2. ҚСЖ бұзыдлыстың түрі:
A) декомпенсацияланған тыныстық ацидоз және гипербаземия
B) компенсацияланған тыныстық ацидоз
C) субкомпенсацияланған тыныстық ацидоз және гипербаземия
D) декомпенсацияланған тыныстық алкалоз
E) метаболизмдік ацидоз, тыныстық алкалоз

56.32 жастағы науқасқа жедел холецистит бойынша шұғыл операция жоспарлануда, қосалқы патология- сол жақ төменгі бөліктік пневмония, зертханалық зерттеуде субкомпенсацияланған тыныс алу ацидозы, гипоксемия анықталды. Гипоксемия пайда болуының негізгі факторы:
A) өкпенің желдетілмеген аймақтары арқылы қан ағымының төмендеуі
B) тыныс алатын ауамен оттегінің жеткіліксіз түсуі
C) метаболизмнің жоғарлауы
D) айналымдағы эритроциттердің жеткіліксіз саны
E) тахипное, гипервентиляция

57.Лапаротомияда соң операциядан кейінгі 3-ші күні науқастың жағдайы нашарлады, әлсіздік, хирургиялық асқынуларсыз тежелу пайда болды. Науқас жағдайы нашарлауының себебі концентрацияның өзгеруі болып табылады:
A) калий- 3,1 ммоль/л
B) плазмадағы глюкоза- 5ммоль/л
C) мочевина- 5ммоль/л
D) плазмадағы ақуыздар- 74г/л
E) натрий- 141 ммоль/л

58.35 жастағы салмағы 70 кг науқаста операция кезіндегі қан жоғалту көлемі 700 мл. Инфузиялық терапияның жалпы көлемінен құрамында эритроциттер бар заттар енгізілуі қажет:
A) 350 мл
B) 1550 мл
C) 1000 мл
D) 910 мл
E) 850 мл

59.Өкпенің орталық қатерлі ісігі бар 38 жастағы науқаста дауыстың қарлығуы, бет, мойын және кеуде қуысының жоғарғы жартысындағы веналардың кеңеюі анықталды. Спирография кезінде тыныс алу функциясы компенсацияланған. Ары қарай емдеудегі сіздің ұсыныстарыңыз:

A) симптоматикалық емдеу
B) лобэктомия
C) пульмонэктомия
D) кеңірдек бифуркациясының резекциясымен пульмонэктомия
E) рентген терапиясы

60.Электрокардиоверсияға көрсеткіш болып табылады:
A) қарыншалық тахикардия
B) түйінді брадикардия
C) синустық тахикардия
D) электр-механикалық диссоциация
E) жүрекшелердің фибрилляциясы

61.Жүректің жедел тампонадасы ... байланысты.
A) парадоксальді пульсқа
B) брадикардияға
C) массивті асцитқа
D) тахикардияға
E) пневмотораксқа

62.Бүйректермен компенсацияланатын созылмалы тыныстық ацидозда ... .
A) PaCO2 жоғарлайды
B) несептің pH жоғарлайды
C) артықша негіздер азаяды
D) стандартты бикарбонат төмендеген
E) P50 төмендеген

63.Төмен бекітілген жүрек лақтырысы ... кезінде байқалады.
A) қолқа стенозы
B) өкпелік жүрек
C) дигоксиннің токсикалық әсері
D) митральді стеноз
E) қолқа коарктациясы

64.Нитроглицеринді инфузиялық енгізу ... .
A) метгемоглобинемияға алып келуі мүмкін
B) өкпе тамырларының гипоксиялық тарылуын күшейтеді
C) нейро- бұлшықеттік блокаданы күшейтеді
D) бассүйек ішілік қысымды төмендетеді
E) миокардтың жиырылуын тікелей арттырады

65.Жабысқақ (констриктивті) перикардит белгілерінің арасында болмайды:
A) қатты жүрек ұшы түрткісі
B) бауырдың ұлғаюы
C) үшінші жүрек тоны
D) шаршағыштық
E) парадоксальді пульс

66.2 сағат бойы 100% оттегімен тыныс алғаннан кейін ауыр эмфиземасы бар науқаста ұйқышылдық пен бағдарлану бұзылысының ықтимал себебі болып табылады:
A) гиперкапния
B) ми тамырларының вазоконстрикциясы
C) ми гипоксиясы
D) оттегінің уыттылығы
E) гипокапния

67.Кезбе нервтерінің тонусы жоғарылағанда ЭКГ-да байқалады:
A) P-Q интервалының ұзаруы
B) тісшелер амплитудасының төмендеуі
C) QRS комплексінің кеңеюі

D) Р тісшесінің кеңеюі
E) тісшелер амплитудасының жоғарлауы

68.Жедел сол жақ қарыншалық жеткіліксіздігі бар науқастарды емдеуге болады:
A) тұрақты жоғары қысымды вентиляциямен
B) лидокаиннің инфузиясымен
C) ААФ ингибиторларымен
D) налоксонды парентеральді енгізумен
E) калий препараттарын енгізу арқылы

69.Физиологиялық өлі кеңістіктің ұлғаюы болады:
A) іркілісті жүрек жеткіліксіздігі
B) гиповентиляция
C) көктамыр ішілік анестезия
D) миокард инфарктыі
E) пневмоторакс

70.37 жастағы науқас 1 сағат бұрын кеуде қуысының сол жақ бөлігінде пышақпен жарақат алды. Жағдайы ауыр. Санасы шатасқан, тері жамылғысы бозарған, еріннің цианозы. АҚ- 60/20 мм с.б.б. Шеткеі тамырларда пульс анықталмайды. Кеуде қуысындағы жараның ұзындығы 2 см, сол жақ төс маңы сызығы бойынша III-ші қабырғааралық деңгейде. Жүрек тондары тұйық. Сол жақ өкпенің үстіндегі тыныс әлсіреген. Жүректің жарақатына күдік бар. Сіздің тактикаңыз ... жүргізуден тұрады.
A) жедел торакотомия
B) плевральді пункция
C) перикардтың пункциясы
D) қан құю
E) реанимациялық іс-шаралар кешені

71.Плазмадағы бикарбонаттың жоғарлауы байқалады:
A) созылмалы гиповентиляцияда
B) ацетазоламидпен емдеуде
C) қант диабетінде
D) бүйрек жеткіліксіздігінде
E) эмфиземада

72.Асистолия кезінде ең тиімді дәрілік зат болып табылады:
A) адреналин
B) кальций хлориді
C) алупент
D) атропин
E) строфантин

73.Гемоглобин концентрациясы 80 г/л және ретикулоциттер санының артуы болуы мүмкін:
A) постгеморрагиялық анемияда
B) емделмеген перниciозды анемияда
C) созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі кезіндегі анемияда
D) апластикалық анемияда
E) жедел лейкемияда

74.Тамырішілік шашыранды қан ұю байланысты болмайды:
A) гемофилия
B) гемолиз
C) бастың ауыр жарақаты
D) амниотикалық сумен эмболия
E) ұзақ жасанды қан айналымы (bypass)

75.Ер адам шамамен 3 жыл бойы ауырады, тамақ ішудің қиындығына, тәулігіне 1-2 рет регургитация, төс артындағы кезеңдік ауырсынуларға шағымданады. Науқастың тамақтануы біршама төмен, қан анализі қалыпты, науқаста болуы мүмкін ... .

A) өңештің ахалазиясы
B) өңештің қатерлі ісігі
C) өңештің тыртықты стриктурасы
D) эзофагит
E) дивертикул

76.Жүрек-өкпе реанимациясы (ЖӨР) - бұл ... бағытталған шаралар кешені.
A) клиникалық өлімнен кейінгі өмірлік функцияларды қалпына келтіруге
B) пациентті шок күйінен шығаруға
C) тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз етуге
D) «қауіпсіз» наркоз талаптарын орындауға
E) айналымдағы қан көлемін толықтыруға

77.Клиникалық өлімді диагностикалауға арналған минимальді шұғыл (бастапқы) іс-шаралары ... тұрады.
A) сананы анықтау, өздігінен тыныс алуды және магистральді артерияларда импульстің болуын анықтаудан
B) қан электролиттерін, эритроциттер мен гемоглобин санын шұғыл анықтаудан
C) тыныс шуларының, жүрек тондарының аускультациясы, АҚ өлшеуден
D) ЭКГ, спирография орындаудан
E) Глазго шкаласын қолданудан

78.Қан айналымының тоқтауын және жүрек массажының қажеттілігін көрсететін және диагностиканың ең жылдам және қарапайым әдісі:
A) магистральді артерияларда пульсті тексеру (ересектердегі ұйқы артериясы, бір жасқа дейінгі балаларда иық және бүйрек артериясы)
B) жүрек тондарының аускультациясы
C) құрсақ аортасының визуальді пульсациясы
D) тері жамылғысының түсін бағалау
E) ЭКГ түсіру

79.Клиникалық өлімнің бастапқы диагностикасына қажет:
A) 10 секунд
B) 2 секунд
C) 2 минут
D) 60 секунд
E) 30 секунд

80.Европалық стандартқа сәйкес негізгі ЖӨР неғұрлым толық сипаттайтын іс- шаралар тізімі:
A) электрлік дефибрилляция, тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру, жүрек массажы және жасанды тыныс
B) жасанды тыныс және тікелей емес жүрек массажы
C) жасанды тыныс, тікелей емес жүрек массажы және дәрі-дәрмектерді енгізу
D) кеңірдектің біріншілік интубациясы және жасанды тыныс
E) жасанды тыныс және дәрі-дәрмекпен емдеу

81.62 жастағы науқаста дефибрилляцияның үш разрядынан, кеңірдек интубациясынан, к/і 1 мг адреналин енгізгеннен кейін қарыншалардың фибрилляцияны жалғасуда, сіздің ары қарай әрекетіңіз енгізуден тұрады:
A) кордарон 5 мг/кг к/і
B) атропин 0,02 мг/кг к/і
C) новокаинамид 15 мг/кг
D) магнезия 0,5 г ерітіп, к/і
E) верапамил 0,1 мг/кг

82.Бүйрек шумақшаларымен күнделікті фильтрацияның көлемі (бастапқы зәр, л) қалыпты жағдайда ... мл/мин құрайды.
A) 125
B) 40

C) 100
D) 180
E) 150

83.ТШҚҰ синдромының жедел түрінің фазаларына жатпайды:
A) ұзақ гиперкоагуляция
B) фибринолизсіз тұтыну коагулопатиясы
C) жылдам өтетін гиперкоагуляция
D) тұтыну коагулопатиясы
E) гипокоагуляция

84.Анафилактикалық шок кезінде адреналиннің бастапқы дозасы ... мл құрайды.
A) 0,5
B) 1
C) 2
D) 3
E) 1,5

85.Анафилактикалық шок кезінде преднизолонның есептік дозасы ... мг/кг құрайды.
A) 2
B) 0,5
C) 0,1
D) 1
E) 5

86.Анафилактикалық шоктың формаларына жатпайды:
A) жұқпалы
B) гемодинамикалық
C) асфиксиялық
D) абдоминальді
E) типтік

87.Көмейдің ісінуіне байланысты асфиксия болған кезде жүргізу көрсетілген:
A) коникотомия
B) перифериялық көктамырдың катетеризациясы
C) кеңірдек интубациясы
D) трахеостомия
E) бронхоскопия

88.Анафилактикалық шоктың өте тез дамитын формасына тән:
A) қарқынды даму, коллаптоидтық жағдай
B) баяу даму, коллаптоидтық жағдай
C) гемодинамиканың айқын емес бұзылуы, науқастың есі анық
D) бронхоспазм ұстамалары, терінің бозаруы, АҚ 80/40 мм с.б.б.
E) беттің, тілдің ісінуі, АҚ төмендеуі, тахикардия

89.Атриовентрикулярлы блокадаларды емдеуде осы препарат қолданылады:
A) атропин
B) этмозин
C) кордарон
D) ритмилен
E) лидокаин

90.Пароксизмді тоқтату мақсатында каротидті синусты уқалау тек қана қолданылады:
A) қарыншаүстілік тахикардия
B) жүрекшелердің дірілі
C) жүрекшелердің фибрилляция
D) қарыншалық тахикардия
E) қарыншалардың дірілі

91.Миокардтың кіші толқынды фибрилляциясында электрлік дефибрилляцияның тиімділігін арттыру үшін енгізу көрсетілген:
A) адреналин
B) кальций хлорид
C) атропина
D) лидокаин
E) строфантин
92.Жүректің жабық массажын жүргізуді реаниматологтың қолдары орналасуы қажет:
A) төстін төменгі үштен бір бөлігінде
B) жүрек түрткісі аймағында
C) төстін ортаңғы үштен бір бөлігінде
D) төстін жоғарғы үштен бір бөлігінде
E) семсертәрізді өсіндіде
93.Кенеттен өлім болғанда ЭКГ-да тіркеледі:
A) қарыншалардың фибрилляция
B) Гис шоғыры оң аяқшасының толық блокадасы
C) баяу идиовентрикулярлық ырғақпен толық атрио-вентрикулярлы блокада
D) баяу идиовентрикулярлық ырғақ
E) айқын синустық брадикардия (минутына 20 реттен аз)
94.Жедел сол жақ қарыншалық жеткіліксіздікке тән емес клиникалық белгі:
A) субфебрилит
B) инспираторлы ентігу
C) перифериялық ісінулер
D) үшінші жүрек тоны
E) екінші тонның акценты
95.Электрлік дефибрилляциясының тиімділігін күшейтеді:
A) адреналин
B) атропин
C) лидокаин
D) строфантин
E) калий тұздары
96.Екі реаниматологпен жүргізілетін жүректің жабық массажында компрессияның ӨЖВ- на қатынасы құрайды:
A) 30:2
B) 15:2
C) 5:2
D) 10:2
E) 20:2
97.Анафилактикалық шок кезінде таңдау препараты болып табылады:
A) адреналин
B) антигистаминді препараттар
C) антибиотиктер
D) гормондар
E) кальций хлориді
98.43 жастағы науқаста биіктіктен құлағаннан кейін қабырғалардың көптеген сынуы, жедел тыныс жетіспеушілігі бар. Кеңірдектің интубациясымен ӨЖВ- ға ауысқаннан кейін цианоздың көбеюі,АҚ төмендеуі анықталды, ең ықтимал себебі болып табылады:
A) клапанды пневмоторакс
B) кеңірдектің дұрыс емес интубациясы
C) кеуде қолқасының жыртылуы
D) асқазан құрамымен аспирация
E) өкпенің ауыр соғылуы

99.Созылмалы респираторлы ацидозы бар науқас (М, 50 жас, 80 кг) жалпы анестезиямен мойын артерияларын реконструкциясы бойынша операцияға алынды. Бастапқы PaO2 50 мм с.б.б., PaCO2 60 мм с.б.б., SaO2 88%, anion gap 12 ммоль/л, pH 7,34. Сондай-ақ, операция алдындағы тексеруде анестезиолог өкпенің Vd/Vt қатынасын есептеді, көрсеткіш 5% құрады. Анестезия кезінде EtCO2 35-38 мм с.б.б. аралықта болды, жалпы ағымы 2 л/мин, FiO2 48% кезінде ингаляциялық анестезия жүргізілді. Қан айналымы тұрақты. Перифериялық сатурация 95-96%. Егер сіз анестезиядан шығу кезінде алдыңғы параметрлермен өкпенің жасанды вентиляциясын жалғастырсаңыз, онда оксигемоглобиннің диссоциация қисығы ығысады :

A) солға ығысу, қалыптыға баяу оралу
B) оңға ығысу, қалыптыға баяу оралу
C) өзгеріссіз
D) оңға ығысу, қалыптыға жылдам оралу
E) солға ығысу, қалыптыға жылдам оралу

100.21 жастағы науқас реанимация бөліміне астматикалық статус күйінде түсті. Артериальды қанның ҚСЖ талдауда келесі өзгерістер анықталды: маска арқылы оттегі беру кезінде PaO2 - 72 мм с.б.б. және PaCO2 - 46 мм с.б.б. Пикфлоуметрияда тыныс шығару максимальды ағымы 35%. Жағдайын жақсарту мақсатында таңдау препараты болып табылады:

A) гелий және оттегі қоспасы
B) теофиллин
C) әсері кең спектрлі антибиотиктер
D) магний сульфат к/і
E) лейкотриенді рецепторлардың антагонисттерімен терапия

1.60 жастағы В. науқаста операциядан кейінгі кезеңде ателектаз себебінен гипоксемия дамыды. Операциядан кейінгі кезеңде ателектаз дамуының механизмі:

A) гиповентиляция
B) диффузияның жеткіліксіздігі
C) V/Q-сәйкессіздігі
D) оңнан солға шунт
E) гипоксиялық өкпелік вазоконстрикция

2.Тамырішілік таралған тромбозды ерте емдеуді ... енгізуден бастау қажет.

A) гепарин
B) жаңа мұздатылған плазма
C) криопреципитат
D) фибриноген
E) тоңазытылған тромбоциттер

3.Политопты қарыншалық экстрасистолиясы бар пациентке лидокаинді енгізуге қарсы көрсеткіш болып табылады:

A) 1 дәрежелі атриовентрикулярлы блокада
B) синустық тахикардия
C) қосымша жүрекшелік экстрасистолия
D) синус түйінінің әлсіздік синдромы
E) артериальді гипертензия

4.Интенсивті терапия бөлімшесіндегі науқастан (әйел, 30 жас, 75 кг) жедел массивті қан жоғалтудан (2000 мл-ден астам) кейін екінші тәулікте ҚСЖ артериялық-веноздық сынама алынды. FiO2 30%, pH 7,22, p50 34 мм с.б.б., PaO2 90 мм с.б.б., SaO2 97%, SvO2 67%, PvO2 30 мм с.б.б., PvCO2 39 мм с.б.б., ABa 14 ммоль/л, гемоглобин 100 г/л. Шок регрессиясының критерийлерін бағалау үшін O2 артериовеноздық айырмашылықты есептеңіз:

A) R(a-v)O2 3,2 мл/дл
B) R(a-v) O2 2,3 мл/дл
C) R(a-v) O2 4,1 мл/л
D) R(a-v) O2 5,6 мл/дл
E) R(a-v) O2 1,5 мл/дл

5.ТШҚҰ синдромы салдары болып табылады:
A) кез келген этиологиядағы гиповолемия
B) гемофилия
C) кез келген критикалық жағдай
D) тамырішілік гемолиз
E) гипертермия
6.Тұтыну коагулопатиясының интенсивті терапиясында басты орын алады:
A) плазма трансфузиясынан кейін гепаринді енгізу
B) гепаринд іенгізу
C) тікелей донорлардан массивті қан құю
D) ингибиторларды енгізу
E) контрикалды енгізу
7. Трахея интубациясының ықтимал қиындығын бағалаңыз: тиреоментальді қашықтық 11 см, Маллампати бойынша II класс, Кормак-Лихан бойынша дауыстық саңылауын бағалау– I дәреже.
A) жеңіл
B) орташа күрделі
C) қиын
D) өте қиын
E) орындау мүмкін емес
8.Науқаста өкпенің қатерлі ісігіне байланысты оң жақ жоғарғы лобэктомия жүргізуде операциялық столда сол жақтық қалыпта екі қуысты түтікпен бір өкпелік вентиляция жасалды. FIO2-ге 100% болуына қарамастан гипоксемия дамыды. Туындаған мәселені шешудің оңтайлы әдісі болып табылады:
A) мүдделі емес өкпеде тыныс алу жолдарында тұрақты оң қысыммен вентиляция жүргізу(CPAP)
B) мүдделі өкпеде PEEP вентиляция жүргізу
C) мүдделі емес өкпеде мезгілдік реинфляция
D) екі өкпелік вентиляцияға ауыстыру
E) колабирленген өкпеге аспирациялық катетер арқылы оттегін беру
9.Негізгі алмасуды анықтау үшін ... өлшенеді.
A) O2 сіңіру және CO2 шығару
B) дене температурасы
C) тұтынылған тағамның калория мөлшері
D) тұтынылған тағамның сіңуі
E) ақуыздар, майлар және көмірсулар еруінің физиологиялық жылуы
10.Науқаста айқын протеинурия бар, нефронның ... зақымдалған.
A) шумақшасы
B) проксимальді түтікшесі
C) Генле ілмегі
D) дистальді түтікшесі
E) жинақтаушы түтігі
11.Парасимпатикалық жүйке жүйесінің шамадан тыс қозуында сіз науқасқа тағайындайсыз:
A) М-холинорецепторлардың блокаторы
B) адренорецепторлардың стимуляторы
C) адренорецепторлардың блокаторы
D) М-холинорецепторлардың стимуляторы
E) N-холинорецепторлардың стимуляторы
12.Жедел гипоксияда компенсацияның механизмдеріне жатпайды:
A) жүрек минуттық көлемінің азаюы
B) қанның қайта бөлінуі
C) өкпе вентиляциясының жоғарлауы
D) тахикардия

E) деподан эритроциттердің шығуы

13.Гипоталамус аймағының зақымдануы кезінде науқастарда ... байқалуы мүмкін.
A) жүректің қатты соғуы, артериальді қысымның жоғарлауы
B) тұрақсыз қалып
C) тәбеттің күрт төмендеуі
D) сөйлеу бұзылыстары
E) гиперкинездер

14.Ретикулярлық формацияның толық блокадасының ең айқын көрінісі болып табылады:
A) коматозды жағдай
B) гиперрефлексия
C) қимыл координациясының бұзылысы
D) нистагм
E) диплопия

15.Базальды ганглийлердің зақымдалуында келесі көріністер болуы мүмкін:
A) гиперкинездер
B) сезімталдықтың кенеттен бұзылуы
C) патологиялық шөлдеу
D) АКТГгиперсекрециясы
E) гипотонус

16.Метаболизмдік ацидоздың компенсаторлық механизмдері болып табылмайды:
A) бүйректерден бикарбонат шығуының күшеюі
B) гипервентиляция
C) сутегі иондарының бикарбонат буферімен және ақуыздармен байланысуы
D) аммоний хлоридінің зәрмен көп мөлшерде шығуы
E) сутегі иондарының калий иондарының орнына эритроциттерге және натрий мен кальций иондарының орнына сүйек тініне өтуі

17.Респираторлық ацидоздың компенсациясына қатыспайды:
A) бүйрек түтіктерінде HCO3 реабсорбциясының төмендеуі
B) бүйрек түтіктерінде HCO3 реабсорбциясының жоғарлауы
C) бүйректерде ацидо- және аммониогенездің белсенуі
D) артық H+ қалпына келтірілген гемоглобинмен байланысуы
E) жасушадан калийдің шығарылуы

18.Қолдың рефлекторлық симпатикалық дистрофиясы (каузальгия) жүреді:
A) терінің жеңіл стимуляциясына ерекше сезімталдығымен
B) терең пальпацияда айқын сезімталдықпен
C) бұлшықет гипотониясымен
D) қатты тершеңдікпен
E) дірілдеумен

19.Қан көлемінің жоғарылауына байланысты жүрек жеткіліксіздігі ... дамиды .
A) жүрек қабырғаларының туа біткен ақауларында
B) үлкен қанайналым шеңберінің гипертензиясында
C) жүрек қақпақшаларының стенозында
D) аорта саңылауының стенозында
E) гипотиреозда

20.Эпидуральді енгізілген опиоидтар:
A) терінің қышуын тудыруы мүмкін
B) тек жоғары дозаларда тиімді
C) торакальды хирургияда қолданылмауы тиіс
D) жиі гипотензияны тудырады
E) жиі гипертензияны тудырады

21.Қаңқа ішілік жоғары қысым ... енгізудің әсерінен төмендейді.
A) маннитолды көктамыр ішіне

B) фторотанды
C) кетаминді
D) деполяризациялаушы емес миорелаксанттарды
E) сукцинилхолинді

22.Ашық капиллярлардың саны негізінен ... тәуелді.
A) CO2 концентрациясына
B) аденозинге
C) сүт қышқылына
D) O2 концентрациясына
E) нейрогормондарға

23.Қаңқа ішілік қысымды төмендету әдістері қамтиды:
A) қарыншалық дренаж
B) натрий нитропруссиді
C) изофлюран
D) нимодипин
E) натрий оксибутираты

24.Шумақшалық фильтрацияның төмендеуіне ықпал ететін себеп болып табылады:
A) жүйелік артериялық қысымның төмендеуі
B) онкотикалық қан қысымының төмендеуі
C) несеп ағымына кедергі
D) шумақтардағы әкелетін артериолалардың кеңеюі
E) шумақтардағы әкететін артериолалардың спазмы

25.Дені сау адамда мидың қан айналымы жоғарлайды:
A) артериялық PCO2 60 мм с.б.б. (8,5 Кпа) жоғары болғанда
B) дене бас жағының көтеріңкі қалпында
C) систолалық АҚ 110-нан 130 мм с.б.б. жоғарлағанда
D) гипервентиляция кезінде
E) плевра ішілік қысым жоғарлағанда

26.Артериялық гипертензияға келесі клиникалық белгілер мен көріністер бойынша күдіктену мүмкін:
A) төбе және шүйде аймақтардағы ауырсыну
B) қысқа мерзімді естен танулар
C) жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылысы
D) перифериялық ісінудің болуы
E) тыныс ырғағының бұзылысы

27.Операцияға дейінгі кезеңде емдеуді қажет ететін қаңқа ішілік гипертензияның қауіпті сандары болып табылады:
A) 250 мм с.б.б. жоғары
B) 20-25 мм с.б.б.
C) 25-50 мм с.б.б.
D) 50-100 мм с.б.б.
E) 100-200 мм с.б.б.

28.Леводопамен емделетін Паркинсон ауруы бар науқаста қолдануға БОЛМАЙДЫ:
A) дроперидол
B) энфлуран
C) фентанил
D) метоклопрамид
E) физостигмин

29.Пароксизмальді қарыншалық тахикардияны басу үшін қолданылады:
A) финоптин
B) дигоксин
C) ритмилен

D) мекситил
E) бретелий

30.WPW синдромында пароксизмальды қарынша үстілік тахикардияны емдеу үшін қолданылады:
A) кордарон
B) дигоксин
C) анаприлин
D) новокаинамид
E) нифедипин

31.Тыныштық жағдайындағы мембраналық потенциал:
A) қалыпты жағдайда нейронда -80 mV
B) хлорид концентрациясының трансмембраналық градиентіне тәуелді емес
C) натрийдің экстрацеллюлярлық концентрациясының өзгеруі әсер етпейді
D) натрий-калий насосының белсенділігіне тәуелді емес
E) калийдің экстрацеллюлярлық концентрациясына тәуелді емес

32.Бауырдың синтетикалық функциясы бұзылуының маркеріне жатады:
A) холинестераза
B) АЛТ
C) АСТ
D) ЛДГ
E) сілтілі фосфатаза

33.Адреналиннің әсері:
A) липолизді жоғарлатады
B) триптофаннан синтезделеді
C) асқазан-ішек қозғалысын арттырады
D) 5 гидроксииндолуксус қышқылына дейін ыдырайды
E) ішектің шырышты қабығындағы арнайы жасушалардан бөлінеді

34.Нефрондағы натрийдің реабсорбциясы:
A) бүйрек қызметінде энергияның маңызды тұтынушысы болып табылады
B) проксимальді жинақталған түтікке қарағанда дистальді түтікте көп
C) тек калий экскрециясының орнына жүреді
D) қарсы көбейткіш жүйенің негізгі нысаны болып табылады
E) гломерулярлы сүзу жылдамдығына тәуелді

35.Жедел бүйрек жеткіліксіздігінің олигуриялық сатысына ТӘН ЕМЕС белгі:
A) гипокалиемия
B) ентігу
C) гиперкалиемия
D) анорексия
E) азотемия

36.Жедел бүйрек жеткіліксіздігі кезінде гипергидратация құбылыстарын көрсететін негізгі белгілер:
A) қан плазмасындағы натрий иондарының төмендеуі
B) қан плазмасындағы натрий иондарының жоғарлауы
C) қан плазмасындағы калий иондарының жоғарлауы
D) қан плазмасындағы калий иондарының төмендеуі
E) қан плазмасындағы кальций иондарының төмендеуі

37.Өкпе тромбоэмболиясына тән электрокардиографиялық белгі болып табылады:
A) III тіркемеде Q тісшесі, I тіркемесінде терең S тісшесі, Гис шоғыры оң аяқшасының блокадасы
B) барлық тіркемелерде кең және жоғары P тісшелері
C) V 1-V3 тіркемелерде жоғары жіңішке R тісшелері)
D) I тіркемеде Q тісшесі, III тіркемеде S терең тісшесі, Гис шоғыры оң аяқшасының блокадасы
E) правограммада терең Q тісшесі, Гис шоғыры оң аяқшасының блокадасы

38.Компенсацияланбаған сусызданудың клиникалық белгілеріне ЖАТПАЙДЫ:
A) жоғары АҚ
B) таралған құрысулар
C) гипотермия
D) перифериялық пульс пен АҚ болмауы
E) анурия

39.Ересектерде дефибрилляция жүргізу кезінде электр заряды ... басталады.
A) 2 дж/кгм.т.
B) 1 дж/кгм.т.
C) 3 дж/кгм.т.
D) 4 дж/кгм.т.
E) 5 дж/кгм.т.

40.Егде жастағы науқастарда жүректің тікелей емес массажын жүргізу кезінде жиі кездесетін асқыну:
A) қабырғалардың сынуы
B) бауырдың зақымдануы
C) жүрек қарыншаларының фибрилляциясы
D) пневмоторакс
E) жүректің зақымдануы

41.Кең абдоминальді операцияларда операциядан кейінгі ерте кезеңдегі өкпе жеткіліксіздігінің ең жиі себебі:
A) ателектаз
B) асқазан құрамымен аспирация
C) бронхоспазм
D) пневмоторакс
E) өкпе ісінуі

42.40 литрлік оттегі балланындағы қысым 100 атм., 4 л/мин газ ағынымен бұл жеткілікті:
A) 16 сағатқа
B) 8 сағатқа
C) 20 сағатқа
D) 100 сағатқа
E) 110 сағатқа

43.Артериялық қандағы CO2 кернеуі қалыптыда ... мм с.б.б. құрайды.
A) 40-46
B) 25-30
C) 45-55
D) 90-100
E) 110-180

44.Нормовентиляция кезінде тыныс алу жиілігі минутына ... құрайды.
A) 12- 16
B) 8- 10
C) 16- 20
D) 18
E) 20- 22

45.Қан кетуден кейін бірден іске қосылатын механизм:
A) көкбауырдың жиырылуы
B) сүйек кемігімен эритроциттер мен лейкоциттерді толтыру
C) гипертензия
D) бүйрек қан ағымының ұлғаюы
E) бауыр ақуыздарын толтыру

46.Операция кезінде және одан кейін қан кетуді тудырмайтын клиникалық жағдай:
A) қанап тұрған асқазан жарасы, ісіктердегі паллиативті операциялар

B) бауырда фибриноген түзілуінің бұзылуы
C) тамырішілік тромбозға байланысты фибриногенді тұтынудың жоғарлауы
D) фибриногеннің фибринолитикалық ферменттермен бұзылуы немесе лизисі
E) плацентаның мерзімінен бұрын ажырауы

47.Оттегі тасымалдайтын қан алмастырғыш, бұл ... .
A) перфторан
B) полиглюкин
C) стабизол
D) альбумин
E) полифер

48.Коллоидтық белсенділікке ... ие.
A) стабизол
B) инфезол
C) физиологиялық ерітінді
D) Рингер лактат
E) альбумин

49.Пульсоксиметр саусақтан сатурацияны көрсетпейді. АҚ 120/70 мм с.б.б., ЖЖЖ минутына 112 рет, себебі ... болып табылады.
A) айқын перифериялық спазм
B) сан артериясының тромбозы
C) мезентериальді қан тамырлардың тромбозы
D) гипоксемия
E) ауыр анемия

50.Орташа гипервентиляция кезінде тыныс алу жиілігі минутына ... ретті құрайды.
A) 16- 20
B) 12- 16
C) 8- 12
D) 20- 22
E) 24- 30

51.Тромботикалық асқынулардың жоғары қаупі бар науқастарда операциядан кейінгі бірінші күні ... жүргізу оңтайлы.
A) қанның ұю уақытын бақылаумен гепаринотерапия
B) төмен молекулалы гепариндердің үлкен дозаларымен емдеу
C) инсулиндік терапия
D) ұзартылған ӨЖВ
E) эпидуральді анестезия

52.Қанның сәйкестігін анықтау кезінде:
A) донордың сарысуын реципиенттің эритроциттерімен араластырады
B) реакцияны тек шұғыл жағдайларда ғана жүргізіледі
C) реакцияны қанның әрбір ампуласын құю кезінде жүргізеді
D) донордың эритроциттерін реципиенттің сарысуымен араластырады
E) реакция агглютининдердің әсерінен болады

53.Жедел гепатиті бар науқастарда қолдануға болмайды:
A) фторотан
B) азот тотығы
C) дормикум
D) фентанил
E) натрий оксибутираты

54.Анафилактикалық шокта алдымен ... дамиды.
A) қанайналымның гипердинамикалық типі
B) қанайналымның гиподинамикалық типі
C) қанайналымның нормодинамикалық типі

D) қанайналымның гипер немесе гиподинамикалық типі
E) қанайналымның кез -келген типі

55.Спинальді блок кезінде ... дамиды.
A) қанайналымның гипердинамикалық типі
B) қанайналымның гиподинамикалық типі
C) қанайналымның нормодинамикалық типі
D) қанайналымның гипер немесе гиподинамикалық типі
E) қанайналымның кез -келген типі

56. Гипертоникалық кризде оның түріне тәуелсіз қолданылады:
A) зәр айдағыштар
B) оксигенотерапия
C) гепарин
D) седация
E) актовегин

57.Жасушадан тыс сұйықтықтың жасушаішілік сұйықтықтан айырмашылығы бар, оның құрамында...байланысты.
A) калий аз
B) натрий аз
C) магний көп
D) калий көп
E) ақуыздар көп

58.Кенеттен дамыған кеудеішілік қысымның жоғарылауынан 1 минуттан кейін пайда болған жүрек- қантамыр жетіспеушіліне кірмейді:
A) жүрек лақтырсының жоғарлауы
B) тахикардия
C) перифериялық вазоконстрикция
D) артериальді гипотензия
E) веноздық ағымның төмендеуі

59.Бас миы тамырлары эмболиясының ең жиі себебі болып табылады:
A) жүрекшелердің фибрилляциясы
B) жарақат
C) аневризмалар
D) артериосклероз
E) жүрек жеткіліксіздігі

60.Сұйықтықтың капиллярлардан интерстициальді кеңістікке өтуі ... төмендегенде жоғарылайды.
A) плазманың откотикалық қысымы
B) орташа артериялық қысым
C) интерстициальді сұйықтықтағы ақуыз концентрациясы
D) веноздық қысым
E) плазмада натрий концентрациясы

61.Тромбоциттердің орташа өмір сүру ұзақтығы… құрайды.
A) 2-5 күнді
B) 1-2 күнді
C) 6-12 күнді
D) 13-30 күнді
E) 1 айды

62.Тромбоциттердің негізгі функциясы:
A) тромбопоэтин өндіру
B) антиденені тасымалдау
C) ақуызды тасымалдау
D) иммунды жауап реакциясына қатысу
E) гемостазды тұрақтандыру

63.Коагулограмма ... бағалауға мүмкіндік береді.
A) гемостаздың коагуляциялық механизмін
B) гемостаздың тамырлық-тромбоцитарлық механизмін
C) қантамыр қабырғасының резистенттілігін
D) тромбоциттердің функциональді активтілігін
E) гемостаздың антикоагуляциялық механизмін

64.Криопреципитат қолдануға көрсеткіш болып табылады:
A) гемофилия
B) гиперкоагуляциялық синдром
C) гиперфибриногенемия
D) анемия
E) тромбоцитоз

65.Эритроцитарлы массаны контейнерге құйған кезде қосуға болады:
A) натрий хлоридтің стерильді изотониялық ерітіндісін
B) натрий хлоридтің стерильді гипотониялық ерітіндісін
C) 10% глюкоза ерітіндісін
D) реополиглюкин
E) натрий хлоридтің стерильді гипертониялық ерітіндісін

66.Жедел коронарлық синдромның клиникалық көрінісі аясында алғаш дамыған Гис шоғыры сол аяқшасының толық блокадасы дерек береді:
A) орналасуы анықталмаған жедел миокард инфарктының дамуы
B) өкпе артериясының тромбоэмболиясы дамуы
C) декстракардия
D) Вольф-Паркинсон-Уайт синдромының манифестациясы
E) сол жақ қарынша аневризмасының дамуы

67.Өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ) кезінде вентиляциялық-перфузиялық арақатынастың коэффициенті:
A) жоғарлайды
B) ӨАТЭ кезінде бұл коэффициент ешқандай патофизиологиялық мәнге ие емес
C) 0,8 құрайды
D) өзгермейді
E) азаяды

68.25 жастағы науқасқа жұлын анестезиясымен жүргізілген жатырдан тыс жүктілік бойынша операция жасалған, операциядан кейінгі 2 тәулікте басының қатты бас ауруы, бас айналу, жүрек айну, құсу түрінде жағдайының нашарлауы байқалды. АҚ 100/60 мм с.б.б., ЖЖЖ 100 рет/мин. Операциядан кейінгі болуы мүмкін асқыну және емдеу шараларының тактикасы:
A) пункциядан кейінгі бас ауруы. Инфузиялық терапия, кофеин енгізу қажет
B) құсу салдарынан гипоосмолярлық дегидратация. Тепе- теңдігі сақталған тұзды ерітінділермен инфузиялық терапия қажет
C) гиповолемиямен асқынған ерте жабыспалық ішек өтімсіздігі, құсу аясында бас миішілік қысымның төмендеуі. Инфузиялық терапия, тазартқыш клизма, спазмолитиктер қажет
D) операция орнында лигатураның әлсіреуіне байланысты геморрагиялық шок, ішкі қан кетудің дамуы. Релапаротомия, гемостаз, шокқа қарсы терапия қажет
E) құсу кезінде құрсақ ішілік қысымның жоғарлауына байланысты бас миішілік қысымның жоғарлауы. Антацидтерді, ішек моторикасын реттегіштерді енгізу қажет

69.Франк және Старлинг заңы жүрек жұмысын ... байланысты анықтайды.
A) жүктеме алды (преднагрузка) көлеміне
B) жүректің жиырылу жиілігіне
C) тыныстық көлемге
D) жүктеме кейінгі (постнагрузка) көлеміне
E) минуттық вентиляцияға

70.Науқас бас- ми жарақаты бойынша ӨЖВ- да жатыр, pH - 7,58: PaCO2-24 мм с.б.б. В- 4 мэкв/л, бұл көрсетеді:
A) субкомпенсациялық тыныстық алкалоз
B) компенсациялық тыныстық алкалоз
C) метаболизмдік ацидоз
D) компенсациялық емес тыныстық алкалоз
E) аралас тыныстық алкалоз
71.Салуретиктер (фуросемид, этакринқышқылы, новурит) ... деңгейінде әсер етеді.
A) түтікшелердің проксимальді және дистальді бөліктеріне бірдей
B) бүйрек ілмегі жоғарлаған тізесінің милық бөлігі
C) бүйрек ілмегінің жоғарлаған тізесінің қыртысты бөлігі
D) түтікшелердің проксимальді бөлігі
E) түтіктердің дистальді бөлігі
72.Урологиялық ауруларда жедел бүйрек жеткіліксіздігінің мына түрі жиі дамиды:
A) постренальді
B) ренальді
C) пренальді
D) неолигуриялық
E) олигуриялық
73.Эритроциттердің агрегация механизмінде ... негізгі рөлді атқарады.
A) электрлік зарядтың төмендеуі немес жоғалуы
B) беткейінде адгезивті заттардың пайда болуы
C) жасушалар арасында молекулалық байланыстың пайда болуы
D) биологиялық белсенді заттарды босату реакциялары
E) эритроциттердің деформациясы
74.Мидың ісінуін азайту үшін ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:
A) 5% глюкоза ерітіндісі
B) маннит
C) гипервентиляция
D) гипотермия
E) кортизон
75.Қанның тұтқырлығын сипаттау үшін клиникалық жағдайда қолданылатын ең қарапайым және қолжетімді тесттер:
A) гематокрит және ЭТЖ
B) гемоглобин деңгейі және тромбоциттер саны
C) эритроциттер және лейкоциттер саны
D) эритроциттер саны және гемоглобин деңгейі
E) формалық элементтердің агрегациялық қабілеті
76.Жүрек жеткіліксіздігін емдеуде ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:
A) калий қабылдауды шектеу
B) натрий қабылдауды шектеу
C) төсектік режим
D) дигиталис препараттарын қолдану
E) диуретиктерді қолдану
77.Жедел бүйрек жеткіліксіздігінің олигоануриялық сатысында гидратацияның рұқсат етілген көлемін есептеу үшін мына формула қолданылады:
A) тәуліктік диурез + 400 мл сұйықтық
B) тәуліктік диурез + 200 мл сұйықтық
C) тәуліктік диурез + 600 мл сұйықтық
D) тәуліктік диурез + 800 мл сұйықтық
E) тәуліктік диурез + 1000 мл сұйықтық
78.Септикалық шок дамуының жиілігі:

A) 40-58%
B) 30-40%
C) 10-20%
D) 60-80%
E) 2-7 %

79.Қан ұйындысының жеткіліксіз ретракциясы болады:
A) қандағы ақуыз деңгейінің төмендеуі
B) айқын тромбоцитопения
C) анемия
D) гиперфибриногенемия
E) гипертромбоцитоз

80.Қанның ұю уақыты артады:
A) гипоагуляцияда
B) гиперкоагуляцияда
C) анемияда
D) қандағы фибриноген жоғарлағанда
E) күйіктерде

81.Жедел қан жоғалту кезінде бірнеше минут ішінде:
A) плазманың тұрақты көлемін сақтау мақсатында интерстициальді сұйықтық тамыр арнасына жылдам ауысады
B) гематокрит өзгермейді
C) гематокриттің жоғарлауымен гемодилюция болады
D) гематокриттің жоғарлауымен гемоконцентрация болады
E) гематокриттің төмендеуімен гемоконцентрация болады

82.Бүйрек қан ағымының ауторегуляциясы систолалық қан қысымы ... дейін төмендегенде тоқтайды.
A) 60-70 мм с.б.б.
B) 80-90 мм с.б.б.
C) 100 мм с.б.б.
D) 40-50 мм с.б.б.
E) 30-20 мм с.б.б.

83.Кеуде немесе құрсақ қуысына құйылған қан реинфузияға жарамды:
A) 12 сағат ішінде
B) екі тәулік
C) үш тәулік
D) бірінші аптада
E) егер қан сұйық түрінде болса, мерзім шектелмейді

84.78 жастағы жүректің созылмалы ауруымен ауыратын науқаста операциядан кейінгі кезеңде АҚ төмендеуімен, цианозбен, ентігумен бірге тез өршитін тахикардия пайда болды. Бауырдың ұлғаюы байқалды. Науқаста дамыған жағдай:
A) жедел оң қарыншалық жеткіліксіздік
B) жедел сол қарыншалық жеткіліксіздік
C) екі қарыншаның жедел жеткіліксіздігі
D) жедел тамырлық жеткіліксіздік
E) жедел бауыр жеткіліксіздігі

85.Қан ұйындысының ретракциясы қалыпты жағдайда тең:
A) 44 – 65%
B) 22 – 43%
C) 1 – 21%
D) 66 – 87%
E) 88 – 100%

86.Ересек адамның калийге тәуліктік қажеттілігі шамамен... ммоль /л/ м2 құрайды.

A) 50-70
B) 40-50
C) 20
D) 70-80
E) 80-100

87.Дене салмағы 60 кг науқаста калий концентрациясы 3,2 мэкв/л тең, аталған катионның ағзадағы тапшылығын жою үшін науқасқа … мэкв калий енгізу қажет.
A) 31,2
B) 64,9
C) 84,6
D) 100,8
E) 24,6

88.Айқын декомпенсацияланған метоболизмдік алкалозы бар науқаста плазмалық калийдің деңгейі 4,7мэкв/л тең, бұл жағдай сипаттайды:
A) плазмалық гиперкалиемияны
B) калийдің құрамы қалыптының төменгі шегіне сәйкес келеді
C) калийдің құрамы қалыптының жоғары шегіне сәйкес келеді
D) плазмалық гипокалиемия бар
E) плазмалық гипокалиемия және жасушаішілік гиперкалиемия бар

89.Науқаста қайталама құсу, ентігумен бірге мидың шайқалуы бар. ҚСЖ нәтижелері: pH - 7,56, PaCO2-30 мм с.б.б. BE +5,0 мэкв/л. ҚСЖ бұзылысының түрі:
A) декомпенсацияланған тыныстық және метаболизмдік алкалоз
B) компенсацияланған метаболизмдік ацидоз
C) бүйрек қызметінің бұзылуымен туындаған субкомпенсацияланған метаболизмдік ацидоз
D) компенсацияланбаған тыныстық алкалоз метаболизмдік компенсациямен
E) компенсацияланбаған метаболизмдік ацидоз компенсаторлы тыныстық алкалозбен

90.Ауыр құсу немесе асқазанның ұзақ уақыт аспирациясы алып келеді:
A) қандағы хоридтердің төмендеуіне
B) қандағы хлоридтердің жоғарлауына
C) натрий деңгейінің төмендеуіне
D) натрий деңгейінің жоғарлауына
E) қандағы pH деңгейінің жоғарлауына

91.Тыныстық алкалозды түзету үшін көрсетілмеген:
A) сода енгізу
B) вентиляцияны төмендету
C) зиянды кеңістікті арттыру
D) науқас қозғанда транквилизатор мен наркотикалық заттар
E) трахеостомия

92.Тыныстық ацидозды түзету үшін көрсетілмеген:
A) наркотикалық заттарды қолдану
B) тыныстық көлемі жоғары ӨЖВ
C) кеңірдек- бронх ағашын санациялау
D) оттегі ингаляциясы
E) көмірқышқыл газ ингаляциясы

93.Айқын құсуда науқасқа ... енгізуге БОЛМАЙДЫ.
A) кальций карбонатын
B) натрий хлоридін
C) натрий лактатын
D) глюкозаны
E) калий хлоридін

94.pH==7,17; pCO2 = 50 мм с.б.б.; SB = 15,5 мэкв/л, BB =38,0 мэкл/л; BE=-13,0 мэкл/л; қандағы кетонды денелер 58 мг%; ТК =70 мэкв/сутки, науқастағы коматозды жағдай:

A) метаболизмдік компенсациямен бірге компенсацияланбаған тыныстық алкалоз
B) компенсацияланған метаболизмдік ацидоз
C) электролиттерді жоғалтумен байланысты компенсацияланбаған газдық емес алкалоз
D) компенсацияланбаған метаболизмдік және тыныстық ацидоз
E) айқын емес метаболизмдік компенсациямен бірге компенсацияланбаған газдық ацидоз

95.Науқастың бас миына жасалған операциядан кейін бассүйекішілік қысым 25 мм с.б.б. құрайды. Церебральді перфузионды қысымды 70 мм с.б.б. деңгейінде ұстап тұру үшін орташа артериальді қан қысымының минималды қажетті мәні:
A) 95 мм с.б.б.
B) 100 мм с.б.б.
C) 105 мм с.б.б.
D) 90 мм с.б.б.
E) 45 мм с.б.б.

96.Бассүйек-ми жарақатының нәтижесінде пайда болған субдуральді гематоманы алып тастау операциясы кезінде ішкі мойындырық венаның пиязшығынан қан алынды: PvO2 45 мм с.б.б., PvCO2 50 мм с.б.б., SvO2 70%. Қанның газ құрамының өзгеру сипаты:
A) газ құрамы қалыпты, ісінуге байланысты ми тінінің O2 экстракциясы төмендейді
B) газ құрамы қалыпты, SvO2 төмендеуі байқалады
C) айқын гиперкапния, қалыпты PvO2, жоғары SvO2
D) SvO2 және PvO2 қалыпты, гипокапния
E) ми гипоксиясы, мидың ісінуі аясында ми тінімен O2 экстракциясының күшеюі

97.Қалыпты тыныс шығару соңында плевра қуысындағы теріс қысым ... см су б.б. құрайды.
A) 3
B) 6
C) 9
D) 12
E) 16

98.pH=7,32; pCO2 = 38 мм с.б.б.; SB = 19,0 мэкв/л, BB =36,0 мэкл/л; BE=-6,0 мэкл/л; қандағы сүт қышқылы 26 мг%; ТК =45 мэкв/тәулігіне. Бұл жағдай:
A) гипоксиямен шақырылған субкомпенсациялы метаболизмдік ацидоз
B) компенсацияланған метаболизмдік ацидоз
C) компенсациялы тыныстық алкалозбен жүретін компенсацияланбайтын метаболизмдік ацидоз
D) электролиттер жоғалтумен байланысты компенсацияланбаған газдық емес алкалоз
E) метаболизмдік компенсацияланған газдық ацидоз

99.Қалыптыда қандағы хлоридтердің деңгейі ... ммоль/л құрайды.
A) 100
B) 50
C) 150
D) 200
E) 300

100.Қалыпты жағдайда қандағы калийдің деңгейі … ммоль/л құрайды.
A) 4.50
B) 2.50
C) 3.35
D) 2.25
E) 9.55

1.Кальций хлоридін көктамыр ішіне енгізгенде болуы мүмкін асқынулар:
A) систолада жүректің тоқтап қалуы
B) жеке бұлшықеттердің құрысуы
C) диастолада жүректің тоқтап қалуы
D) тетания
E) АҚ төмендеуі

2.Қаңқа бұлшықеттерінің жасушаішілік сұйықтығының ... құрамына кірмейді.
A) Cl
B) K
C) протеин
D) фосфат
E) магний

3.pH==7,28; pCO2 = 35 мм с.б.б.; SB = 16,5 мэкв/л BB =35,0 мэкл/л; BE=-9,0 мэкл/л; ТК =8,0 мек/тәулік; NH4+=17 мек/л. Бұл көрсетеді:
A) бүйрек қызметінің бұзылуынан туындаған субкомпенсацияланған метаболизмдік ацидоз
B) электролиттердің жоғалуына байланысты декомпенсацияланған газсыз алкалоз
C) компенсаторлық тыныс алу алкалозы бар декомпенсацияланған метаболизмдік ацидоз
D) метаболизмдік компенсациясы бар декомпенсацияланған тыныс алу алкалозы
E) декомпенсацияланған метаболизмдік ацидоз

4.Натрий тапшылығының клиникалық симптомына ЖАТПАЙДЫ:
A) шөлдеу
B) жүрек айнуы, құсу
C) АҚ төмендеуі
D) құрысулар
E) шаршағышық, апатия

5.Натрийдің артық мөлшерінде ... байқалмайды.
A) жүрек айнуы және суға жиіркену
B) гипертермия
C) құрысулар
D) естің бұзылысы
E) шөлдеу

6.Гипокальциемияның клиникалық симптомына ... ЖАТПАЙДЫ.
A) гипорефлексия
B) тетания
C) спазмофилия
D) ішгегі ауырсыну
E) гиперрефлексия

7.Калий тапшылығының себебі болып ТАБЫЛМАЙДЫ:
A) тері арқылы судың жоғалуы
B) құсу
C) ашығу
D) полиурия
E) форсирленген диурез

8.Метаболизмдік ацидоздың себебі болуы МҮМКІН ЕМЕС:
A) консервіленген қанмен массивті трансфузия
B) қанға көп мөлшерде кетоқышқылдардың түсуі
C) гипоксия
D) қышқыл ерітінділерімен инфузия
E) бүйрек жеткіліксіздігі

9.Метаболизмдік ацидозға ТӘН ЕМЕС:
A) жасушаларда калий мөлшерінің артуы
B) жасушаларда H+ иондар құрамының артуы
C) BE төмендеуі
D) pH 7,35-тен аз
E) тіндердің оттегіні беруінің жоғарлауы

10.Қандағы негіздердің тапшылығы ... кезінде байқалады.
A) жіңішке ішектердегі жыланкөздер
B) қан құю

C) натрий гидрокарбонатын құю
D) гипотермия
E) гипервентиляция

11.Метаболизмдік алкалоздың компенсациясы ... арқылы болмайды.
A) өкпелік вентиляцияның көлемін ұлғайту
B) несеппен натрий гидрокарбонатының жоғары мөлшерде шығару
C) оксигемоглобиннің блокадасы
D) жасуша мен плазма арасындағы Cl және HCO3 алмасулары
E) ТМК азайту

12.Метаболизмдік алкалоздың себебі болуы МҮМКІН ЕМЕС:
A) калийдің шықпай қалуы
B) калийдің тапшылығы
C) құсу
D) натрий гидрокарбонатымен гиперкоррекция
E) асқазан зондының ұзақ тұруы

13.Метаболизмдік алкалозды емдеу үшін ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:
A) натрий бикарбонат ерітіндісі
B) калий хлоридінің глюкозаланған ерітіндісі
C) 0.05 - 1.0 Н НС ерітіндісі 5 пайыздық глюкоза ерітіндісінде
D) аскорбин қышқылымен глюкозаның 5 пайыздық ерітіндісі
E) изотоникалық ерітінділер

14.Баяу дамитын жасушадан тыс гипергидратацияның көрсеткіші болып табылады:
A) перифериялық ісінулер
B) гипертензия
C) ОВҚ тұрақты өсуі
D) өкпенің ісінуі
E) зәрдің 20 мл/сағ бөлінуі

15.Хирургиялық науқасқа метаболизмдік ацидозды түзету үшін (BE: -17,0 ммоль/л, HCO3 10 ммоль/л, бос гемоглобин 40%, салмағы 70 кг) 4% натрий гидрокарбонаты ерітіндісінің қажетті құю мөлшері:
A) 714,0мл
B) 615,0 мл
C) 555,0 мл
D) 500,0 мл
E) 480,0 мл

16.Жалпы наркоз кезінде хирургиялық науқаста қышқылды-сілтілі жағдайдың келесі көрсеткіштері тіркелді: қандағы pH7,1, PaO2 55 мм с.б.б., PaCO2 63 мм, BE 2,0 ммоль/л, HCO3 24 ммоль/л, SpO2 89%. ҚСЖ бұзылысының түрі және интенсивті терапияның келесі тактикасы:
A) респираторлы ацидоз, мәжбүрлі ӨЖВ жүргізу
B) ацидемия, CPAP режимінде қосымша ӨЖВ жүргізу
C) метаболизмдік алкалоз, Вентури маскасы арқылы оксигенотерапия, бемегрид және кофеин енгізу
D) аралас ацидоз, инвазивті емес ӨЖВ, цититон, метилксантиндерді, бронхолитиктерді, натрий гидрокарбонатын енгізу
E) метаболизмдік ацидоз, жылдамдығы 7-8 л/мин оксигенотерапия

17.Гепатиттен кейінгі жоспарлы операцияны жасауға болады:
A) бауырдың функционалдық көрсеткіштері қалыпқа келгеннен 2 айдан соң
B) сауыққаннан 0,5 айдан соң
C) сауыққаннан кейін бірден
D) сауыққаннан 6 айдан соң
E) сауыққаннан 1 жылдан соң

18.56 жастағы науқастың қан талдауы нәтижелері: натрий - 150 ммоль/л, калий - 4,1 ммоль/л, эритроциттер - 4,5×1012 /л, гемоглобин - 150 г/л. Науқастағы су - электролиттік бұзылыстың түрі:
A) гипертониялық дегидратация
B) гипертониялық гипергидратация
C) изотониялық дегидратация
D) изотониялық гипергидратация
E) гипотониялық дегидратация

19.Қант диабетімен ауыратын 54 жастағы науқас кешке параректальды абсцессті ашу үшін бөлімшеге түсті. Науқастың өз есінде, бірақ күрт тежелген, сұрақтарға жауап беруі қиын. Терісі бозғылт, ылғалды. АҚ- 80/40 мм с.б.б. Тынысы беткей, пульсі әлсіз, жиілеген. Науқасқа шұғыл түрде жасау қажет:
A) венаға 40% глюкоза ерітіндісін енгізу
B) ЭКГ түсіру
C) кеуде қуысының рентгенографиясын жасау
D) диуретиктерді тағайындау
E) тері астына инсулин енгізу

20.Холецистэктомиядан кейін науқаста қышқыл- сілтілі жағдайдың келесі көрсеткіштері анықталды: pH - 7,2; BE - 0; pCO2– 70 мм с.б.б.; pO2 - 55 мм с.б.б. Бұл байланысты:
A) тыныстық ацидозбен
B) тыныстық алкалозбен
C) метаболизмдік ацидозбен
D) метаболизмдік алкалозбен
E) көрсеткіштер қалыпты

21.Асқазанның тесілген ойық жарасы, перитонитке байланысты шұғыл операция кезінде зертханалық зерттеуде ҚСЖ мәндерін анықтады: pH = 7,60; pCO2 = 45; BE = + 10,3. ҚСЖ бұзылу түрі :
A) декомпенсацияланған метаболизмдік алкалоз
B) субкомпенсацияланған метаболизмдік алкалоз
C) тыныстық ацидоз және метаболизмдік алкалоз
D) алкалемия және гипербаземия
E) қалыпты

22.32 жастағы науқасқа жедел холецистит бойынша шұғыл операция жоспарлануда, қосалқы патология- сол жақ төменгі бөліктік пневмония, зертханалық зерттеуде субкомпенсацияланған тыныс алу ацидозы, гипоксемия анықталды. Гипоксемия пайда болуының негізгі факторы:
A) өкпенің желдетілмеген аймақтары арқылы қан ағымының төмендеуі
B) тыныс алатын ауамен оттегінің жеткіліксіз түсуі
C) метаболизмнің жоғарлауы
D) айналымдағы эритроциттердің жеткіліксіз саны
E) тахипное, гипервентиляция

23.3 күн бұрын ішек өтімсіздігі болған 47 жастағы науқаста ҚНЖ нәтижелері: pH-7,01; pCO2 - 32 мм с.б.б., pO2- 90%, Na - 125, K - 3,0, BE - -15. Осы науқасқа қажетті NaHCO3 мөлшері:
A) 180 мл
B) 150 мл
C) 140 мл
D) 120 мл
E) 100 мл

